

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘӨЖ 378.04:002

Қолжазба құқығында

**УАЙДУЛЛАҚЫЗЫ ЭЛЬМИРА**

**БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ-КӘСІБИ  
ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

6D010200 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығы  
бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған  
диссертация

Ғылыми жетекшілері:  
п.ғ.д., ҚР ҒА академигі, профессор  
Пірәлиев С.Ж.  
п.ғ.к., доцент Қосанов Б.М.  
Шетелдік кеңесші:  
п.ғ.д., профессор  
Исмаил Доган  
(Анкара университеті, Түркия)

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2014

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР</b> .....	3
<b>АНЫҚТАМАЛАР</b> .....	4
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР</b> .....	5
<b>КІРІСПЕ</b> .....	6

### **1 БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ-КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ – ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

1.1. Мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің ғылыми-теориялық еңбектерде қарастырылуы.....	13
1.2. Бастауыш сынып мұғалімдердің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігінің мәні, мазмұны, құрылымы.....	37
1.3. Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін зерттеудің әдіснамалық амалдары, ұстанымдары, құрылымдық-мазмұндық моделі.....	55

### **2 БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ-КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫС МАЗМҰНЫ, НӘТИЖЕЛЕРІ**

2.1. Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне арналған айқындаушы эксперимент нәтижелері..	77
2.2. Мұғалімдердің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі.....	94
2.3. Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген қалыптастырушы эксперимент нәтижелері.....	113

<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	128
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....	131
<b>ҚОСЫМШАЛАР</b> .....	139

## НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007 ж., №319-III ҚРЗ. Астана. Ақорда.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 07.12.2010 ж., ҚР Президентінің № 1118 Жарлығы, Астана.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. – Астана, 18.08.2010 ж., ҚР Білім және ғылым министрінің №454 бұйрығы.

Ақпараттандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңы. 11.01.2007 ж., № 217.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2006 жылғы «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына ену стратегиясы» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы «Бір мақсат. Бір мүдде. Бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы, 24.02.2004, Астана.

Орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасы, 22.10.1997 ж., №3645.

Бастауыш және орта кәсіптік білім беру оқу мекемелерін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасы, 15.05. 2000 ж., №721.

Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру Ережесі. - ҚР Білім және ғылым министрінің № 583 бұйрығы, 2007, 29 қараша.

«Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында толық компьютерлік сауаттылықты қамтамасыз ету туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің №781 бұйрығы, 27.09.2004 ж.

«Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендетудің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 ж. 13 қазан. №995 - қаулысы. Астана.

## АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

**Құзырет** - (латын тілінен «compete» аударғанда «жасай алу, қабілетті, сәйкес келетін») – білім беру жүйесіне берілетін әлеуметтік тапсырыстарды құрайтын жеке және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында нәтижелі іс-әрекеттерге қол жеткізу үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді жаңғыртуға дайындық.

**Құзыреттілік** - оқу мен өмір жағдаяттарын шешу кезінде білім алушылардың білімді, іскерлікті, дағдыны және қызметтің әмбебап тәсілдерін меңгеруі көрінетін білім берудің нәтижесі.

**Ақпараттық мәдениет** - кез келген ақпарат көзін – анықтамаларды, сөздіктерді, энциклопедияларды, теледидар бағдарламаларын, т.с.с. дұрыс пайдалана білу, ақпараттық мәдениет – әңгімелесе білу, теледидар, хабарды (интернетті) талғамды түрде қарау, алынған мәліметті ой елегінен өткізіп, талдай білу және өзгелердің еркіндігіне әсер ететін жағдайларда өз еркіндігінді шектей білу деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

**Ақпараттық технология** - («оқуға арналған медиа» (instructional), «оқыту машиналары» (teaching machines), «оқытуды автоматты түрде басқару» (programmed instruction)) – технологиялық тізбекке біріктірілген, ақпараттық ресурстарды қолдану арқылы ақпараттарды жинау, сақтау, өңдеу, шығару және тарату әрекеттерін қамтамасыз ететін өндірістік және программалық-техникалық құрылғылар мен әдістер жиынтығы.

**Педагогикалық технология** - практикада іске асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы.

**Оқу бағдарламасы** - әрбір оқу пәні бойынша меңгерілуге жататын білім, іскерлік және дағдылардың мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

<b>АКТ</b>	- Ақпаратты коммуникациялық технология
<b>ЖОО</b>	- Жоғары оқу орны
<b>ҚР</b>	- Қазақстан Республикасы
<b>ОАТ</b>	- Оқытудың ақпараттық технологиялары
<b>ОЖ</b>	- Операциялық жүйелер
<b>ЭЕМ</b>	- Электронды есептеу машина
<b>ЭО</b>	- Электрондық оқулық
<b>IT</b>	- Интернет технологиялар
<b>MS DOS</b>	- Microsoft фирмасының дискілі операциялық жүйесі
<b>HTML</b>	- Hiper Text Markup Language (гипермәтінді белгілеу тілі)
<b>WWW</b>	- World Wide Web (дүниежүзілік тармақталған өрнек)

## Кіріспе

**Зерттеудің көкейкестілігі:** Дамудың жаңа кезеңіне қадам басқан тәуелсіз еліміздің білім беру жүйесінің алдында ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде дара тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау соның негізінде интеллектуалдық әлеуеті жоғары жас ұрпақты тәрбиелеу міндеті қойылған. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім алушылар үшін: «баршаға бірдей сапалы білімге қол жеткізу, ақпараттық және кәсіптік құзыреттілікті дамыту», – деп көрсетілген. Сонымен қатар, мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда электрондық оқыту жүйесіне көшуге және олардың ақпараттық технологияларды пайдаланудағы біліктілігін арттыру қажет, – екені нақтыланып берілген [1]. Бұл бүгінгі бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үшін ақпараттық технологияларды барлық пәндерді оқытуда пайдалануды талап етеді.

Республикамызда білім беруді ақпараттандырудың негізгі мақсаты – бұл ақпараттық технологияларды қолдану негізінде біртұтас біліми ақпараттық орта құру арқылы ұлттық білім сапасын арттыруды көздеп отыр. Бастауыш мектептегі маңызды бір мәселе - мұғалімдердің кәсіптік біліктілігін дамытудың маңызы ерекше, онда: «Білім беру реформасының ойдағыдай жүргізілуінің басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің әрбір азаматы әлемнің кез-келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу» - деп атап көрсетілді [2].

Қазіргідей қоғамдық өмірдің барлық салаларының ақпараттануы жағдайында мұғалімнің басқа кәсіби мәнді сапаларымен қатар, ақпараттық құзыреттіліктерінің қалыптасқан болуының маңызы зор. Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттіліктері - оның кәсіби әрекетте табысты болуға дайындығының көрсеткіші. Сапалы білім алған, танымдылығы жоғары, бәсекелестіктің мықты тегеурініне төтеп бере алатын ақпараттық-кәсіби құзыретті мұғалімдер ғана болашақтың кілті болып саналатын қабілетті жас ұрпақтарды дайындай алатындығы сөзсіз. Сондықтан, қазіргі әлеуметтік сұраныстарға сай бастауыш мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру - білім саласындағы өзекті мәселелердің бірі.

Бастауыш сынып мұғалімдері қазіргі заманғы техника мен технологияны игеріп және оны оқу үдерісі барысында тиімді қолдана білулері қажет. Оның мәнісі – мектептегі әрбір баланың қайталанбайтын, ешкімге ұқсамайтын даралық ретінде қалыптасуын, оқушының өзіндік тұлғалық мүмкіндіктерін жүзеге асыруды қамтамасыз етуге барлық жағдайды тудыру. Бұл ретте қазіргі көпфакторлы әлеуметтік-саяси, нарықтық-экономикалық, коммуникациялық және ақпараттық қаныққан кеңістік жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасуына басымдық берілуі тиіс.

Әлемдік білім кеңістігіндегі озық тәжірибені оқып үйрену адамзат тарихында өзектілігі арта түсетін білімді де білікті, бастауыш деңгейде оқушының жүйелілік, ақпараттық, пәндік, тұлғалық құзыреттіліктерді меңгерту басты мәселе болғанын көрсетеді. Бұл мәселе ежелгі грек ойшылдары еңбектерінде ерекше орын алған. Ұлы ойшылдардың бірі Платон мұғалімнің мемлекет алдындағы жауапкершілігіне тоқтала отырып, егер мұғалім өз міндеттерін нашар орындайтын болса, онда мемлекетте надандар мен бұзақылардың көбеюі орын алатындығын айтып кеткен [3]. Бұдан шығатын қорытынды мұғалім қызметінің жауапкершілігінің жоғарылығын көрсете келе, оның кәсіби қызметін елдің келешегімен байланыстырғанын көруге болады. Ғұламаның сауатты ұрпақ, сауатты жастар ел тірегі екенін меңзегені анық, ал оның кілті мұғалімнің кәсіби қызметіндегі құзыреттілігімен байланысты болмақ.

Ал, педагогиканың классикалық көрнекті өкілдері А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, К.Д.Ушинский және т.б. мұғалімдердің кәсіби іс-әрекеттерін әрқырынан зерделеген [4; 5; 6; 7; 8].

Қазақ халқының көрнекті ағартушысы, ғалым А.Байтұрсынов мұғалімнің жеке тұлғасы туралы «... жақсы мұғалім мектепке жан кіргізеді...» және «... мұғалім нашар болса, мектепте отырып сабақ бере алмайды...» деп жазады, сондай-ақ, ол мұғалімдерге қойылатын талаптарды «... бала оқытуын жақсы білем деп келген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші, баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек», - деп тұжырымдайды [9]. Бұдан шығатын қорытынды А.Байтұрсыновтың өз заманында мұғалімге қойып отырған талабы: алдымен жақсы мұғалім болуы, ол үшін оның кәсіби білімі, пәннің мазмұнын оны меңгерудің әдістемесін жетік білуі тиіс екені және бүгінгі таңдағы мұғалімдерге қойылып отырған талаптармен үндестігінен автордың идеясының өміршеңдігін көреміз.

Құзыреттілікті қалыптастыру мәселелері бірқатар алыс-жақын шетелдік, отандық ғалымдардың әртүрлі ғылым бойынша зерттеулерінде де көрініс тапқан. Шетелдік философ ғалымдар Д.Дьюи, У.Уоллер, М.Мид, К.Юнг, Дж.Равен, әл-Фараби, М.Қашқари, Ә.Нысанбаев, Ғ.Есім [10; 11; 12; 13; 14; 15; 16; 17; 18] және т.б. өз еңбектерінде құзыреттілік ұғымын тұлға болмысының сапалық белгісі ретіндегі іс-әрекетке қызығуы, сенімі, ұмтылысы, тілегі, білім жиынтығы және жоғары мораль нормалары тұрғысынан түсіндіреді.

Ал, әлеуметтанушылар Г.Спенсер, М.Вебер, Г.Нұрышева [19; 20; 21] және т.б. құзыреттілік адамның әлеуметтік мәртебесі мен оның өмірдегі бейнесі, кәсіби және білімінің бірлігінде қалыптасатындығын айтады.

Психологиялық және педагогикалық тұрғыдан Э.Ф.Зеер, И.В.Роберт, Н.Хомский, А.В.Хуторский [22; 23; 24; 25] т.б. ғалымдар құзыреттілік мәселесі мен ақпараттық технологияны пайдаланудың мүмкіндіктерін зерттеген.

Білім беру мен қоғамды ақпараттандыру үдерісі мен оның негізгі бағыттарын, ақпараттық құзыреттілікті дамытудың және мұғалімдердің кәсіби

біліктілігін қалыптастырудың педагогикалық мәселелерін К.К.Платонов, Н.В.Кузьмина, А.К.Маркова [26; 27; 28] және т.б. ғалымдар қарастырған.

Елімізде қазіргі заман талабына сай оқыту үдерісінде мұғалімдерді АКТ-ны пайдалануға дайындаудың мақсатын, мазмұнын, ұстанымдарын, психологиялық-педагогикалық негіздерін және ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыруды отандық ғалымдар: А.Ғ.Қазмағанбетов, Т.М.Баймолдаев, Г.Нұрғалиева, Д.Н.Кулибаева, Б.А.Әлмұхамбетов, Е.Ы.Бидайбеков, Т.О.Балықбаев, М.Қ.Қаламқалиев, С.Т.Мұхамбетжанова, А.Е.Сагимбаева, Ж.Ж.Нұржанова, А.Б.Медешова, Н.Т.Ермеков, Н.Т.Данаев [29; 30; 31; 32; 33; 34; 35; 36; 37; 38; 39; 40; 41; 42] т.б. зерттеген.

Бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау, бастауыш білім беру мен бастауыш сынып мұғалімін даярлаудың тарихы мен дамуын және білім беру интеграциясын Р.К.Бекмағамбетова, Қ.Т.Ыбыраимжанов, М.З.Жанбубекова, Б.М.Қосанов, Ш.Майғаранова, Ә.М.Мұханбетжанова, Р.К.Төлеубекова, А.Х.Аренова, Б.Барсай, Қ.М.Нағымжанова [43; 44; 45; 46; 47; 48; 49; 50; 51; 52] зерттеген еңбектер бастауышта оқытуды жетілдіруге, мұғалімдерді даярлаудың сапасын арттыруға қосылған үлес болып табылады.

Құзыреттілікті білім беру нәтижесі ретінде Б.А.Тұрғынбаева [67], К.С.Құдайбергенова [68], Ғ.У.Сыздықбаева [69], Г.Қ.Айқынбаева [70], М.А.Абсатова [71], Ш.Т.Мұқанбетова [72], Ж.У.Кобдикова [73], С.К.Кариев [74], Б.Т.Набиева [75], М.А.Ғалымжанова [76], және т.б. ғалымдар өз зерттеу еңбектерінде қарастырған.

Бастауыш мектептерде педагогикалық үдерісті ұйымдастыру мен жетілдіру мәселелері Ш.А.Амонашвили [77], В.В.Давыдов [78], Л.В.Занков [79], С.Н.Лысенкова [80], Н.Ф.Талызина [81], В.Ф.Шаталов [82], Қ.Б.Жарықбаев [83], Ә.Алдамұратов [84], Ж.Ы.Намазбаева [85], С.Жақыпов [86], А.Р.Ерментаева [87], Н.Қ.Тоқсанбаева [88], М.Қ.Бапаева [89] және т.б. зерттеулерінде көрініс тапқан.

Елімізде бастауыш білім берудің дидактикалық және әдістемелік аспектілерін Қ.Аймағамбетова [90], С.Р.Рахметова [91], Ш.Х.Құрманалина [92], Т.Қ.Оспанов [93], А.С.Амирова [94], Ә.Е.Жұмабаева [95], Қ.Жеделов [96], Қ.А.Сарбасова [97], Ж.Т.Қайыңбаев [98], Г.И.Уәйісова [99], С.Е.Қаңтарбаев [100], З.Ш.Айдарова [102] және т.б.

Түркия мемлекетінің ғалымдары Л.Күчүкахмет [103], М.Өзжан [104], Ж.Өзтүрік [105], А.Махироглу [106], І.Арсланоғлу [107], А.Айдын [108], И.Акюз [109], И.К.Кайа [110] және т.б. еңбектерінде бастауыш сынып мұғалімдерінің құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі мен ақпаратты қолдану мәдениеті тұрғысынан қарастырылған.

Жалпы әр сала бойынша педагогикалық мамандардың ақпараттық мәдениетін, құзыреттілігін дамыту мәселесіне қатысты көптеген еңбектердің болғанына қарамастан зерттеу барысында бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру арнайы ғылымда қарастырылмағаны белгілі болды.

Бұл жағдай;



- білім саласының негізі болып табылатын бастауыш мектептің ақпараттық мәдениеті қалыптасқан, оқу-тәрбие үдерісінде АКТ шығармашылық тұрғыда пайдалана алатын мұғалімдерге деген зәрулігі мен ондай тұлғаны қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық негіздерінің жасалмауы арасындағы;

- қазіргі қоғамдағы бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық құзыреттілігіне қойылып отырған жоғары талап пен олардың ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалана алу деңгейлерінің төмендігі арасындағы;

- оқыту үдерісін ақпараттандырудың қажеттілігі мен оны тиімді ету үшін мұғалімдерді әдістемелік қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі арасындағы **қарама-қайшылықтардың** бар екендігін көрсетеді. Аталған қарама-қайшылықтардың дұрыс шешімін іздестіру зерттеу мәселесін айқындауға және тақырыпты: **«Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру»** деп таңдап алуымызға негіз болды.

**Зерттеудің мақсаты:** бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздерін анықтау, әдістемесін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында сынақтан өткізу, ғылыми негізделген ұсыныстар дайындау.

**Зерттеудің нысаны:** бастауыш мектептегі білім беру жүйесі.

**Зерттеудің пәні:** бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үдерісі.

**Зерттеудің ғылыми болжамы:** *Егер* бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру теориялық тұрғыдан негізделіп, оның құрылымдық-мазмұндық моделі мен әдістемесі жасалып тәжірибеге енгізілсе, *онда* мұғалімдердің бұл сапасының қалыптасуының тиімділігі артады, *өйткені* ұсынылған жүйе озық педагогикалық-психологиялық теориялар мен тұжырымдарға негізделеді.

**Зерттеудің міндеттері:**

1. Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздерін анықтау.

2. Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігінің мәнін, мазмұнын, құрылымын айқындау.

3. Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық үлгісін, әдістемесін жасау.

4. Тәжірибелік-эксперимент барысында бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесінің тиімділігін тексеру, ғылыми негізделген ұсыныстар дайындау.

**Зерттеу жұмысының жетекші идеясы:** Жалпы білім беретін орта мектептерде ақпараттық білім беру ортасын құру негізінде бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру, олардың ақпараттық қоғам талабына сай бәсекеге қабілетті, жаңашыл маман болуына жағдай жасайды.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері ретінде философ, психолог, педагог ғалымдардың теория мен тәжірибенің бірлігі туралы ұстанымдары, таным теориясы, құзыреттілік теориясы, білім беру жүйесін ақпараттандыру тұжырымдамасы, тұлғаның іс-әрекетте қалыптасуы туралы философиялық, психологиялық, педагогикалық тұжырымдамалар, ақыл-ой іс-әрекетін сатылап қалыптастыру теориясы; ғалымдардың ақпараттық мәдениетті дамыту, өзін-өзі дамыту туралы тұжырымдамалары; тұлғалық-бағдарлы оқыту тұжырымдамасы, педагогика мен психологиядағы теориялық қағидалар, ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыру туралы ғылыми тұжырымдамалар, біртұтас педагогикалық үдеріс теориясы.

**Зерттеу көздері:** зерттеу проблемасы бойынша философтардың, психологтардың, педагогтардың ақпараттық сауаттылық, ақпараттық мәдениет, ақпараттық құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік туралы шетелдік және отандық зерттеулер, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, ҚР білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, ҚР «Ақпараттандыру туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативті құжаттары, университеттік білім беру жағдайында оқыту үдерісін ұйымдастыру бойынша жинақталған әлемдік озық тәжірибелер, Қазақстан Республикасында жалпыға міндетті бастауыш білім берудің мемлекеттік стандарты алынды.

**Зерттеу әдістері:** философиялық, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді зерттеу мәселесі тұрғысынан талдау, жинақтау, қорыту, педагогикалық басылымдар мен нормативтік құжаттарды, озық педагогикалық тәжірибелерді зерделеу, жинақтау, салыстырмалы талдау, сауалнама мен тестілеу, интервью, тәжірибелік эксперимент жұмысын жүргізу, оның нәтижесін бағалау, математикалық тұрғыда өңдеу және қорыту.

**Зерттеу кезендері:**

Бірінші кезең (2011-2012) – зерттеу мәселесі бойынша педагогикалық-психологиялық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттер мен нормативтік құжаттарға теориялық тұрғыдан талдау жасалып, материалдар жинақталды. Осы кезеңде зерттеу мәселесі, міндеттері, зерттеу көздері, пәні және ғылыми болжамы айқындалды; ерекшеліктері зерделенді, ақпараттық технологиялар негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың «құзырет», «кәсіби құзыреттілік», «ақпараттық-кәсіби» ұғымдарының мәні нақтыланды, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері айқындалып, оның мазмұндық-құрылымдық үлгісі жасалып, өлшемдері мен деңгейлері көрсетілді.

Екінші кезең (2012-2013) – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үлгісін оқыту үдерісіне енгізу тиімділігін анықтау бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізілді. Анықтау эксперименті

барысында бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру өлшемдеріне сәйкес бастапқы білім деңгейлері зерделенді. Осы кезеңде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған «Мұғалімдердің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мүмкіндіктері» арнайы курс бағдарламасы жасалып, оқыту үдерісіне енгізілді.

Үшінші кезең (2013-2014) – жүргізілген эксперимент қорытындыларын талдау, жалпылау, нақтылау нәтижелері бойынша алдын-ала жасалған қорытындыларға түзетулер ендіріліп, эксперимент материалдары жүйеге келтірілді, соның негізінде, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру динамикасы анықталып, оның тиімділігі математикалық-статистикалық тұрғыда негізделді. Диссертация талап бойынша рәсімделді.

**Зерттеу базасы:** тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде және Алматы қаласындағы М.Базарбаев атындағы №138 өнер гимназиясында, Қызылорда облысы, Шиелі ауданындағы №45 "Ақ Орда" мектеп-гимназиясы мен №46 А.С.Пушкин атындағы мектеп-лицейде жүргізілді.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:**

1. Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері анықталды.

2. Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігінің мәні, мазмұны, құрылымы айқындалды.

3. Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі, әдістемесі жасалды.

4. Тәжірибелік-эксперимент барысында бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесінің тиімділігі тексеріліп, ғылыми негізделген ұсыныстар дайындалды.

**Зерттеудің практикалық маңыздылығы:**

- бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында «Мұғалімдердің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мүмкіндіктері» атты арнайы курс бағдарламасы мен оны іске асыратын әдістемесі дайындалды;

зерттеу нәтижелерін жалпы орта білім беретін негізгі мектептерде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау негізінде ЖОО-да және біліктілікті арттыру институттарында қолдануға болады. Зерттеу нәтижелерін арнайы курстар, семинарлар, тәжірибелік жұмыстар жүргізуде құрал ретінде пайдалануға болады.

**Қорғауға ұсынылатын қағидалар:**

- бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру психологиялық-педагогикалық ұғым ретінде оның өзін-өзі жүзеге асыруда кәсіби құзыреттілікке қол жеткізуімен яғни мамандығына байланысты барлық ақпараттарды педагогикалық іс-әрекеттерде саралап, табысты қолдануында көрініс береді;

- бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ерекшеліктерін айқындау мұғалімнің тұлғалық қабілеті мен педагогикалық үдерісте жаңа нәтижеге жетуге бағыттайды. Бұл ерекшеліктер әрбір мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі қызығушылығын қанағаттандыруда жеткен жетістігі мен шығармашылық белсенділігінің толық ашылуына мүмкіндік туғызатын ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалануымен сипатталады;

- бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үшін педагогикалық үдерісте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану оның өлшемдері мен көрсеткіштері, кезеңдері және деңгейлерін айқындауға негіз болып, олардың педагогикалық шығармашылығы мен шеберлігін шыңдауға ықпал етеді;

- бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана білуі оқу пәндерінің мазмұнын меңгертуге негізделген білімнің теориялары, нысандары, әдістері мен технологияларының сәйкестігіне және мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінде өзін-өзі ұйымдастыруы мен өзін-өзі жүзеге асыруда жаңа нәтижеге жетуіне мүмкіндік береді.

**Зерттеу нәтижесінің дәлелдігі мен негізділігі.** Зерттеу нәтижелері ғылыми-педагогикалық негіздерімен, зерттеу пәніне сәйкес қарастырылған әдіс-тәсілдердің нақты қолданылуымен, тәжірибелік-эксперимент жұмысының жоспарымен, зерттеу мақсатының міндеттерге сәйкестілігімен алынған бастапқы және соңғы нәтижелердің математикалық-статистикалық әдістерді қолданумен, тәжірибелік-эксперимент жұмыстардың жоспарлығы және кезеңділігімен, ұсынылып отырған әдістеменің тиімділігімен, сондай-ақ, зерттеу нәтижелерін тәжірибеге ендірумен қамтамасыз етілді.

**Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және тәжірибеге енгізу:** зерттеу барысында отандық және шетелдік басылымдарда ғылыми мақалалар жарық көрді.

1. «Бастауыш сыныптар мұғалімінің мәртебесі және оны арттырудың қазіргі жағдайы» //«XXI ғасыр зерттеушісі» Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция. Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, 2011.

2. «Социально-психологические основы имиджа учителя начальных классов». //М.Б.Сапарбаевтың 70 жылдығына арналған «Жоғары оқу орнында жастарға заманауи білім мен тәрбие берудің өзекті мәселелері» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Шымкент, 2012.

3. «Қазақстанның педагогика ғылымындағы құзыреттілік мәселесінің зерттелу жайы (2002-2010жж)» //«Қазақстан жоғары мектебі» Халықаралық ғылыми-педагогикалық басылым. Алматы, 2012./Абсатова М.А.

4. «Тұлғаның құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері» //Әдістемелік құрал. ISBN 978-601-232-953-7. Алматы, 2012. - 34б.

5. «Социально-психологические основы имиджа учителя начальных классов»// Педагогика (14), Прага, 2012.

6. Структурно-содержательная характеристика понятия «компетентность»// VIII Международная научно-практическая конференция. - София, Болгария, 2012.
7. «Issues of development of innovation activity concept of subject-teacher in an education system of the Republic of Kazakhstan»//World Conference on Psychology and sociology. Анталья, Турция, 2012.
8. «Modern technologies of communicative competence formation»// 3rd Cyprus International Conference on Educational Research, 05-08 February 2013, Италия, Рим.
9. «Formation of the professional self-improvement competence formation of the university students»// 2nd Cyprus International Conference on Educational Research, 13-15 February 2013, Ataturk Teacher Training Academy, Солтүстік Кипр.
10. Formation of professional competence of students of art-technical universities//3rd world conference on innovation and computer sciences - insode-2013, Near East University, Middlesex University.

**Зерттеудің негізгі базасы:** Алматы қаласындағы М.Базарбаев атындағы №138 гимназиясында, Қызылорда облысы, Шиелі ауданындағы №45 "Ақ Орда" мектеп-гимназиясы мен №46 А.С.Пушкин атындағы мектепте жүргізілді.

**Диссертация құрылымы:** Диссертация кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады.

Кіріспе бөлімінде зерттеудің ғылыми аппараты, тақырыптың көкейкестілігі, зерттеу жұмысының мақсаты, нысанасы, болжамы мен міндеттері, әдіснамалық негізі, негізгі идеясы, зерттеу әдістері мен кезеңдері, ғылыми жаңалығы, практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалары, зерттеу нәтижесінің дәлелділігі, оның мақұлданыуы, тәжірибеге енгізілуі баяндалады.

«Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері» деп аталатын бірінші бөлімде бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілік мәселесінің ғылыми-теориялық әдебиеттердегі талдануына негізделген ерекшеліктері айқындалып, мазмұндық-құрылымдық мазмұндық үлгісі жасалды.

«Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс мазмұны, нәтижелері» атты екінші бөлімде бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құралы ретінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қарастырылып, оны іске асырудың әдістемесі дайындалды.

**Қорытындыда** зерттеу нәтижелері бойынша алынған тұжырымдар сипатталады.

**Қосымшада** зерттеу барысында пайдаланылған диагностикалық материалдар беріледі.

# **1 БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

## **Мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің ғылыми-теориялық еңбектерде қарастырылуы**

Қазіргі кезде қоғамның ақпараттық сипатқа ие болуы негізінде ғаламдық ақпараттық үдерістерге ілесуінің мәні өте зор болып отыр. Қоғамды ақпараттандырудың басты мақсаты – білім беру саласы арқылы ақпараттық үдерістерді, құбылыстарды, олардың арасындағы өзара байланыстарды модельдеу негізінде қабылданған шешімдердің нәтижелерін талдау және болжау, оқу мен практикалық міндеттерді шешудің стратегиясын жасау, мамандардың ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру, олардың жеке және альтернативті ойлау қабілеттерін дамыту, қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдаланудың теориясы мен практикасын тереңірек меңгеру болып табылады.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық сапасына қойылатын талаптардың өсуі білім беру үдерісіне өзгерістер енгізуге әкелетін ғылыми-техникалық дамудың негізі болып табылады. Қазіргі уақытта іс-әрекетте жоғары сапаға жетуді, өз бетінше негізделген және ықпалды шешім қабылдай алу ақпараттық технологияларды қолдану әдістерін меңгермей жүзеге асыру мүмкін емес. Бұл өз кезегінде мұғалімнің кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасуына жағдай жасайды. Сондықтан жұмысымызда «құзыреттілік», «құзыр», «кәсіби құзыреттілік» ұғымына қатысты талдаулар жасалуын жөн көрдік.

Американдық ғалым Н.Хомский «Құзыреттілік» терминіне алғаш анықтама беріп, лингвистикаға енгізген. Құзыреттілік термині сөздіктерде білімді меңгеру, одан хабардар болу, беделді болу сияқты мағыналарды қамтиды.

Жалпы, «құзыреттілік» (латынның *competentis* – бейім сөзінен) – қандай да бір оқу пәнінің оқу үрдісінде қалыптасатын ББД жиынтығы, сонымен қатар, қандай да бір қызметті орындай алу қабілеттілігі. Латынның «*compete*» деген термині «білу», «жасай алу», «дегеніне жету» деген мағынаны береді. Бұл

жалпы алғанда құзыреттіліктің мәнін анықтауға мүмкіндік туғызады. Кәсіби құзыреттілік категориясын анықтау үшін оларды әртүрге айналдыру, нақтылау және жалпы логикалық ұғымға біріктіріп кезеңмен қарастыру қажет.

*Бірінші кезең* – 1960-1970 жылдары – «құзырет», «құзыреттілік» категориясының ғылыми аппаратын енгізумен, құзырет, құзыреттілік ұғымдарының алғышарттарын құрумен сипатталады.

*Екінші кезең* – 1970-1990 жылдары – «құзырет», «құзыреттілік» категорияларын тілді оқыту теориясы мен практикасында, басқаруда, менеджментте, қарым-қатынасқа үйретуде қолданумен сипатталады. 1984 жылы Лондонда пайда болған Дж.Равеннің «Қазіргі қоғамдағы құзыреттілік» атты еңбегінде құзыреттіліктің толықтай түсіндірмесі беріледі. Онда бұл аталған ұғым «бірнеше компоненттерден құралатын, олардың көпшілігі бір-бірінен тәуелсіз, кейбір компоненттері когнитивтік салаға қатысты, басқалары – эмоцияналдыққа, бұл компоненттер оңтайлы мінез-құлықты құраушы ретінде бір-бірін ауыстыра алады» деп беріледі, сондай-ақ, «құзыреттіліктің түрлерін» «мотивацияланған қабілеттер» ретінде атап көрсетіп, оның бірнеше түрін жіктейді.

*Үшінші кезең* – білім беруде құзыреттілікті ғылыми категория ретінде қарастырумен сипатталады. Ал, Л.М.Митина өз еңбегінде әлеуметтік-психологиялық құзыреттілік ұғымдарын анықтап, педагогикалық құзыреттілік – білім, білік, дағдыны және оларды іс-әрекеттерде, қарым-қатынаста жүзеге асыру тәсілдері мен әдістері қамтиды, - деп көрсетеді [111].

1990 жылы алғаш рет ғалым А.К.Маркованың еңбегінде кәсіби құзыреттілік мәселесі жан-жақты қарастырылады.

«Құзырет», «құзыреттілік» ұғымдарының қолданыстағы білім, білік, дағдыдан айырмасы төмендегідей ажыратылады:

а) білімнен айырмасы – қызмет жөніндегі ақпараттық сипатта емес, өнімді қызмет формасы түрінде байқалады.

б) дағдыдан айырмасы – оқыған материалды топтастыра, құбылыстарды, заңдылықтарды шығармашылықпен пайдалана отырып өзгерте алатын саналы қызмет.

в) біліктіліктен айырмасы – дағдыға автоматты түрде жету немесе алмастыру емес, керісінше бірнеше пән дағдыларын кіріктіру, жалпы қызмет негіздерін сезіну [112].

Б.С.Гершунскийдің пайымдауынша, «кәсіби педагогиканың бұл ерекшелігінде әрбір адам бірте-бірте баспалдақпен көтеріліп, тұлға ретінде қалыптасады. Бұл баспалдақтың мынадай табалдырықтары бар: жалпы – функционалдық сауаттылық – кәсіби құзырлылық – мәдениет – менталитет» [113].

Педагогикалық-психологиялық әдебиеттердегі педагог-ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда кәсіби шеберліктің қалыптасуы мен даму үрдісінде жаппай «құзыреттілік» және құзырет ұғымдарын пайдаланып келеді. С.Ожегов сөздігі бойынша: «құзыреттілік» белгілі бір кәсіби қызметке байланысты, «қандай да болсын мәселеден хабардарлық, беделділік», ал, құзырет

ұғымдарын «қандай да бір істі жеке адамның, мекеменің мәселелерді шешуге, іс-әрекет етуге, бір нәрсені істеуге құқықтылық шеңбері», - делінген [114].

Психология ғылымында «Құзыреттілік» ұғымы қандай да бір салада топтың, тұлғаның жетістігі мен табыстылығы ретінде қарастырылады. Психолог Л.Хьелл мен Д.Зиглердің анықтамалары бойынша, «құзыреттілік» – бұл психологиялық сапа ретінде тұлғаның адамға қоршаған ортамен өзара әрекеттестікке түсуде өзінің қабілетін мойындайтын, өзінің сезімінен бастап өзіндік табыстылығын және пайдалылығын, сенімділігі мен күш жігерін білдіреді. Бұл ұғымның жалпы мағынасын істің мән-жайын түсініп әрекет етуі деп түсінуге болады [115]. Ал, әйгілі психолог М.Кэрст тұлғаның мәселені шешуге сәйкестігі, тұлғалық қасиеттердің және қабілеттердің жиынтығы деп тұжырымдайды [116]. Психолог Б.Д.Эльконин «құзыреттілік» ұғымы тек танымдық тұрғыда ғана емес мотивациялық, әлеуметтік және мінез-құлықтың құндылық бағдар жүйелерін қамтиды деп тұжырымдайды [117]. Авторлар пікірлерін тұжырымдайтын болсақ, психология ғылымында «құзыреттілікті» танымдық, пәндік-практикалық және жеке өзіндік тәжірибелер жиынтығы ретінде қарастыруға болады. Білім беруді жаңарту негіздерінің бірі ретінде құзыреттілік тұрғыдан келуді жақтаушылар күтілетін нәтижелерін ұсынып отырғанын байқауға болады.

Е.Ю.Рубинштейн бойынша, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін білім беруді гуманитаризациялау жағдайында қарастыра келіп, төмендегіше анықтама береді: мұғалімнің кәсіби – педагогикалық құзыреттілігі – бұл жалпы және кәсіби білім, практикалық білік және мұғалімнің жеке сапаларының өзара байланысы болып табылады [118]. Автордың пікірін қорытатын болсақ, бастауыш сынып мұғалімінің жалпы және кәсіби даярлығы мен бірге тұлғалық сапаларының қалыптасуына баса назар аудару қажет. Бұл бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға негіз болады, - деп есептейміз.

Л.М.Митинаның ойынша, мұғалімнің кәсіби дамуының психологиялық факторларын, шарттары мен қозғаушы күштерін зерттей келіп, тұлғаның интегралдық сипаттарының қатарындағы кәсіби дамуының факторларының бірі ретінде мұғалімнің кәсіби бағыттылығын және педагогтік құзыреттілігін бөліп көрсетеді. Педагогтік құзыреттілікті Л.М.Митина психологиялық әдебиеттердегідей тек қызметтік контексте ғана емес, мұғалімнің бүкіл еңбегі, оның ішінде білім, білік, дағды, сонымен қатар оларды жүзеге асырудың жолдары, қарым-қатынас, тұлғаның дамуы, өзін-өзі дамытуы, бір сөзбен айтқанда, пәнді, оны оқытудың әдістемесі мен дидактикасының үйлесімді сәйкестігі ретінде кең түрде қарастырады [119]. Автордың пікірін түйіндейтін болсақ, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі қаншалықты жоғары деңгейде болса, соншалықты оқушы тұлғасын дамыта алады, яғни оның барлық кәсіби әрекетінің нәтижесі оның әдістемені жетік меңгеруіне де байланысты болады.

«Құзыреттілік» ұғымы «даярлық» ұғымына мағынасы жақын. Зерттеуші Л.В.Кулева «кәсіби даярлық» және «кәсіби құзыреттілік» ұғымдарын жақын деп есептейді, олардың айырмашылығы даярлық іс-әрекетке деген дайындық



күйін көрсетсе, құзыреттілік – даярлықты іс жүзінде көрсету, ол кәсіби іс-әрекет барысында іс-әрекеттің өзіне тән жағдайларына қарай түзетіліп, жетіледі [120]. Сондықтан, оқыту жағдайында кәсіби қасиеттерді кәсіби даярлықтың бөлшектері деп, ал кәсіби іс-әрекет жағдайында кәсіби құзыреттіліктің құрамдас бөлшегі деп есептеуге болады.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандартында «құзырет – қойылған мақсаттарға жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді іске асыруға дайындық болса, ал құзыреттілік – оқушылардың іс-әрекеттің әмбебап тәсілдерін меңгеруінен көрінетін білім нәтижесі», - деп берілген [121].

Ғалымдардың зерттеуінде құзыреттілік ұғымы төмендегідей әр түрлі бағытта берілген:

- алдын-ала анықталған кез-келген мәселелерді шешу, жасау және талдау үшін, білім мен білік, өмірлік тәжірибелерді игеру;
- өмірде кездесетін танымдық кедергілерді өзбетінше шешу, жеке көзғарастарды анықтау үшін қажетті маманның білімділік деңгейі;
- маманға белгілі бір саланың стандарт талабына сай қойылатын жоғары біліктілік дайындығы;
- өмірге қажетті нақты кәсіби біліктілік пен білімді игеру т.б.

Қазіргі уақытта «құзыреттілік» ұғымымен қатар «құзырет» ұғымы да кең қолданылуда. Қабылданған терминологияға сәйкес, «құзырет» ұғымы латын тілінен бастау алады (competentia – бөлшектердің үйлесімділігі және complete – қол жеткізу, сәйкес болу). Осылайша «құзырет» сөзінің әр түрлі екі мағынасы бар: біріншіден, бұл адамның өкілеттілігінің жиынтығы, екіншіден, адамның белгілі бір мәселе бойынша танымының, тәжірибесінің болуы. Заманауи педагогикалық әдебиеттерде «құзырет» сөзі екінші мағынасында қолданылады.

«Құзырет» – өз құзыреттілігі аясында өз құқығына, міндет-борышы мен қажетті өкілеттілігі бар кәсіби міндеттер саласына сәйкес өз бетінше әрі жауапкершілік таныта отырып әрекет ете алу қабілеті. Бұдан «құзырет» ұғымының кәсіби-педагогикалық мәні бар деген қорытынды жасауға болады. Ғалым С.Е.Шишов өз еңбегінде құзыретке ұғымдық жүйе мен түсінікті, пайда болған мәселелер мен міндеттерді тез арада шешуге мүмкіндік беретін сәйкес ойлау түрін талап ететін тәжірибелік іс-әрекетті жүзеге асыру қабілеті деген анықтама берсе [122], ғалым А.В.Хуторский басты құзыреттердің жалпы пәндік мазмұнын анықтай отырып, құзыретті жеке тұлғаның белгілі бір заттар мен үрдістерге қатысты өзара байланысты қасиеттерінің жиынтығы деп қарастырады [123]. Авторлардың пікірлерін тұжырымдайтын болсақ, құзыреттілік ұғымын алдына қойылған міндеттерді шешуін логикалық жүйелі ойлау мен тәжірибенің үйлесімділігімен байланыстыра отырып, оның кәсіби білімін алдыңғы қатарға шығарады.

«Құзыреттілік» ұғымы іс-әрекеттің белгілі бір саласымен байланыстырылады. Кәсіби маман туралы сөз болғанда, көз алдымызға өз жұмысын құзыретті түрде орындайтын қызметкер келеді. Бұл туралы ғалым

А.К.Маркова: «Кәсіби маман дегеніміз – кәсіби іс-әрекетінің нәтижесіне деген қызығушылықты ынталандыратын және қоғамда өз кәсібінің мәртебесін көтеретін өз орнындағы маман» деп жазады [124]. Ол құзыреттіліктің мынадай түрлерін атап көрсетеді:

- арнайы – нақты мамандық аясындағы құзыреттілік;
- әлеуметтік – қарым-қатынас пен өзара әрекеттестік өрісіндегі құзыреттілік;
- дербес – жеке тұлғалық ерекшеліктер мен кәсіби-іс-әрекеттік әлеуетті қолдану арқылы өз жұмысының нәтижелерін жақсарту, еңбек нәтижелілігін арттыру тәсілдерінің саласындағы құзыреттілік;
- көпкәсіби – еңбектің барлық дерлік түрлерінің негізін құрайтын құзыреттілік, білімдарлық, ауқымды ой-өріс;
- экстремалды – төтенше, күйзеліс жағдайындағы әрекеттер құзыреттілігі;
- аутоқұзыреттілік – адамның ішкі дүниесі саласындағы құзыреттілік, өзі туралы, өзінің қасиеттері, қабілеті, ерекшелігі, қажеттілігі, мақсаты, түрткісі, құндылық бағдарлар туралы дұрыс көзқарас.

В.В.Краевский бойынша, «құзыреттілік» және «құзыр» ұғымдары абстрактілік пен нақтылық диалектикалық категорияларының арақатынасы, яғни құзыр – бұл жүзеге асырылған құзыреттілік, іс-әрекеттегі құзырлығы. Осылайша түсіндірілетін құзыреттіліктер негізгі немесе тұғырлық және кәсіби болып бөлінуі мүмкін. Білім беруде тұлғаның негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға және дамытуға бағытталуы оны ұйымдастырудағы құзыреттілік бағытын айқындады және ол қазіргі білім беру жүйесінің әдіснамасында нақты білімділік процессуал негізі ретінде танылып отыр [125]. Бұдан шығатын қорытынды осы «тұжырымдамаға» және басқа зерттеушілер қорытып шығарған тұжырымдар негіз болғанын көреміз.

«Кәсіби құзыреттілік» ұғымының түсінігіне деген қазіргі кездегі көзқарастарды қарастырып өтсек, бірнеше бағытты қамтиды.

Бірінші бағыт – «кәсіби құзыреттілік» ұғымының жеке тұлғаның дамуы, оның білімділігі мен тәрбиелілігінің нәтижесі болып табылатын «мәдениет» түсінігімен байланысы. Ю.Г.Фокин «құзыреттілік» түсінігін адам танымының, практикасының жаңа ашылымдары және жаңалықтарының мазмұндарымен ассимиляциялау арқылы байланыстырады, сонымен қатар білім беру жүйесінің әр типі, саласы мен сатысы үшін білім беру талаптарын анықтауға болатын перспективалық сипат береді. Жалпымәдени құзыреттілікті үш аспектілердің жиынтығы ретінде қарастырған: мағыналық (мәдени мағынада жағдайды дұрыс түсінумен тұрады, яғни түсінудің, қарым-қатынастардың, бағалаудың қолда бар мәдени үлгілері мағынасында); проблемалық-практикалық (жағдайды дұрыс анықтай білуді, арнайы жағдайда мақсаттарды, міндеттер мен нормаларды дұрыс қойып, оларды тиімді орындауды қамтамасыз ету); коммуникативтік (мәдени мағынада дұрыс қарым-қатынас жасай білуге, қарым-қатынастың және өзара әрекеттесудің тиісті мәдени үлгілерін ескеретін жағдайларға назар аудару) [126]. Бұдан автордың кәсіби құзыреттілік кез келген адамның жалпымәдени құзыреттілігінен туындайтын құрамдас бөлік

болып табылады деген тұжырым жасағанын көреміз. Е.В.Бондаревская да кәсіби құзыреттіліктің мәнін анықтау үшін «мәдениет» түсінігіне сүйенеді. Мәдениет «мұғалімнің іс-әрекетінің және кәсіби қызметінің тәсілдері, құндылықтарының динамикалық жүйесі» болып табылады [127]. Бұдан автордың мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетінде оқыту үдерісінде оқушылармен қарым-қатынас мәдениетінің жоғары болуы, субъектілік қатынасқа түсуді оңтайландырады, -деген пікірін көруге болады.

Екінші бағыт – кәсіби құзыреттілікті қасиеттер мен шеберліктердің жүйесі ретінде түсіну. Б.Т.Лихачёв кәсіби құзыреттілікті философиялық, психологиялық, әлеуметтік, мәдени және жеке тұлғалық мағынадағы аспектілерден тұратын жүйе ретінде түсіндіреді. «Адам – адам» (педагогтар, дәрігерлер, заңгерлер, қызмет көрсету еңбегінің қызметкерлері) жүйесінде істейтіндердің кәсіби құзыреттілігі тек базалық (ғылыми) білімдерімен және шеберліктерімен ғана емес, маманның құндылық бағдарлығымен, іс-әрекеттерінің дәлелдігімен, дүниеде өзін және өзінің айналасындағыларды түсінуімен, өзі жұмыс істейтін адамдармен қарым-қатынасының стилімен, ортақ мәдениетімен, өзінің шығармашылық потенциалын дамытуға деген қабілеттілігімен анықталады. Педагог мамандығында бұл тізімге пәнді оқыта білу әдістемесі, өз тәрбиеленушілерінің рухани өмірін түсініп, ықпал ете білуі, оларды құрметтеуі, өзінің жеке кәсіби мағыналы қасиеттері кіреді. Осы құрамдас бөліктердің біреуі жоқ болса, онда бүкіл жүйе бұзылып, педагог қызметінің тиімділігі төмендейді» [128]. Сонымен, зерттеліп отырған түсініктің кәсіби білім мен шеберліктерді меңгеруі, әлеуметтік ортадағы құндылық бағыттары, тілі мен қарым-қатынасы стилінде байқалатын мәдениеті, мұғалімнің өзіне, практикадағы іс-әрекетіне және оны жүзеге асыруға деген көзқарасы сияқты көрсеткіштерін атауға болады.

В.Зеердің пікірі бойынша, кәсіби құзыреттілік дегеніміз – «арнайы деңгейде кәсіби міндеттерді орындауға мүмкіндікті қамтамасыз ететін тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттері, білімі, шеберліктері мен біліктілігінің жүйесі» [129]. Бұдан шығатын қорытынды педагогикалық міндеттерді шешуде мұғалімнің алдына қойған міндеттерін шешудегі кәсіби білімі, шығармашылығы және құзыреттілігін қамтиды, - деген тұжырымды көреміз.

Үшінші бағыт – кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуын кәсіби дайындықты ұйымдастыру мәселесінен бөліп қарастырады. Бұл бағыттағы зерттеушілер кәсіби құзыреттілік мазмұнына біртұтастық элементтерін беріп, қандай да бір жиынтықты құрайтын инварианттық (ядро) және вариативтік бөліктерді біріктіреді. Инварианттық (міндетті) бөлігі философиялық, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік ғылымдар саласындағы іргелі білімді, оқу және аудиториядан тыс іс-әрекеттердің әр түрлі формаларын ұйымдастыру саласындағы технологиялық білімдерді, кәсіби-педагогикалық шеберліктерді құрайды. Қорыта келе, бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру олардың ғылыми дайындығы жөніндегі ерекшеліктерін, оның жеке қызығушылығы мен бейімділігін қарастырады.

Г.Сибгагатова кәсіби құзыреттілікті «бұл еңбектегі өзгергіш заттардың (адам, топ, ұжым) қасиеттерін толық білумен, өндіріс құралдарын еркін меңгерумен, орындалатын жұмыстың сипаты, еңбектің нақтылы заттық мазмұнының мұғалімнің кәсіби маңызды қасиеттерімен, оның өзін-өзі бағалауымен, еңбексүйгіштігімен анықталатын» педагогикалық іс-әрекеттерді жүзеге асыру формасы ретінде талдайды. Сонымен, осы бағыттың өкілдері құзыреттілік пен шеберлік қатар орналасқан түсінік деп есептейді.

Төртінші бағыт – «кәсіби құзыреттілік» пен «кәсіби іс-әрекетке деген дайындық» түсініктерінің ара қатынасын орнату. «Кәсіби іс-әрекетке деген дайындық» категориясы түсінігі психологиялық-педагогикалық әдебиетте бір мағыналы емес: қырағылық жағдайы; мұғалімге деген кәсіби шартты талаптар жиынтығы; күрделі құрылымды білім беру; кәсіби маңызды қасиеттердің, себептердің, құзыреттіліктің, шеберліктің жүйесі; кәсіби құзыреттіліктің мағыналық компоненті; кәсіби дайындықтың нәтижесі.

«Іс-әрекетке деген дайындық – субъектіде арнайы әрекеттің құрылым бейнесі бар және оны орындауға сананың тұрақты бағытталғаны сияқты ерекше психикалық жағдай. Ол педагогикалық міндеттерді сезінудің әр түрлі нұсқауларынан, мінез-құлықтың мүмкін үлгісінен, іс-әрекеттің арнайы тәсілдерін анықтаудан, болашақтағы қиындықтарға қатысты өзінің мүмкіндіктерін бағалаудан және арнайы нәтижелерге қол жеткізу мүмкіндіктерінен тұрады» [130]. Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру арқылы оқыту үдерісінде оқушылардың мінез-құлқының қалыптасуына ықпал ететін үлгілік тәсіл және басқа да тиімді әдістерді және педагогикалық технологияларды пайдалану арқылы табысқа жетуге болатыны айтылған.

А.В.Либин [131] кәсіби құзыреттілікті оның педагогикалық ойлауға теориялық әзір екендігі мен педагогикалық әрекет етуге практикалық дайындығы тұтастығы» ретінде түсінсе, С.С.Татарченкова кәсіби құзыреттілікті «субъект іс-әрекетінің жеке интегралдық сапалы сипаты, біртұтас жағдайы мен оны жүзеге асыруға жеке тұлғаның әзір екендігі». Педагогикалық мамандықтар арасында кәсіби іс-әрекетке деген дайындық «кәсіби құзыреттіліктің құрамдас бөлігі болып табылады және мұғалімнің педагогикалық мамандыққа рефлекстелген бағыттылығынан, дүниетанымдық көзқарасының жетілгендігінен; өзін-өзі үнемі кәсіби және жеке тұлғалық жетілдіру нұсқауларынан, өзін-өзі жүзеге асыру мен өзін-өзі тәрбиелеуден; оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің авторлық технологиясын жобалаудағы болжам мен қарқындылықты мақсат етуден тұрады» [132]. Авторлардың пікірлерін тұжырымдайтын болсақ, бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру негізінде олардың қзін өзі дамытуы, өзін өзі ұйымдастыруы, өзін өзі жүзеге асыруы, өзін өзі жетілдіруіне, педагогикалық үдерісті шығармашылықпен атқаруға, өзінің авторлық ізденістерін тәжірибеде сынақтан өткізіп, тәжірибеге енгізуге ықпал ететін болады.

Бесінші бағыт – кәсіби құзыреттілікті маманның жеке тұлғасының сипаты мен оның мазмұнына нәтижелі компоненттерді енгізу ретінде психологиялық жағынан қарастыру (А.И. Панарин, М.К. Кабардов және т.б.). Сонымен, құзыреттілік «қажетті біліктілік пен шеберліктердің қалыптасқандығының, оларды меңгеру деңгейлерінің» көрсеткіші болып табылады. А.И.Панарин кәсіби құзыреттілікті шеберліктердің жиынтығымен түйістіре отырып, жеке тұлғаның білімі мен білгендігін есепке алмай, кәсіби құзыреттілікті «мұғалім дайындығының маңызды сипаты, коммуникативтік, іскерлік, ұйымдастырушылық шеберліктері, сондай-ақ осы шеберліктерді өз жұмысында практика жүзінде қолдануға дайындығы мен қабілеттілігі» деп санайды [133]. Бұл бағытты жақтаушылардың педагогикалық үдерісте психология ғылымының жетістіктерін басшылыққа алуға, кәсіби құзыреттілік ұғымын шеберлік және қарым қатынас мәдениетімен байланыстыра қарастығанын көреміз.

Алтыншы бағыт – кәсіби құзыреттілікті, бір жағынан, оқушыларды тәрбиелеу мен оқытуға тікелей қатысатын педагогқа қажетті, ал екінші жағынан, өзінің және оқушы іс-әрекетіне басшылық жасап, оны бағалайтын жеке тұлғаның қасиеті ретінде қарастыру (Р.Х. Шакуров және басқалары) [134]. Автордың пікірін қорытатын болсақ, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін үш жақты үдеріс ретінде қарастырған. Осы үш үдерісте бастауыш сынып мұғалім үшін басшылыққа алынуы тиіс, - деп есептейміз.

Жетінші бағыт – маман білімділігінің деңгейі ретінде кәсіби құзыреттілікті талдау (Б.С. Гершунский, А.Д. Щекатунова және басқалары). «Кәсіби құзыреттілік» ұғымы ең алдымен, өзіндік кәсіби білім деңгейімен, адамның жеке қабілетімен және тәжірибесімен, өздігінен білім алу мен өзін-өзі жетілдіру деген ұмтылысы, іске деген шығармашылық қарым-қатынасымен анықталады. Б.С.Гершунский кәсіби құзыреттілікті «танымдық және практикалық іс-әрекеттерде теориялық тәсілдерді меңгерумен сипатталатын жеке тұлғаның білімділігі мен жалпы мәдениеттілігі деңгейі» ретінде талдайды [135]. Авторлардың пікірлері бойынша, мұғалімнің теориялық кәсіби білімін практикада қолдану тәжірибесінің шығармашылық деңгейге дейін жетуге ұмтылысының нәтижесі ретінде көрінетін оқушылардың білім сапасы, оқудағы жетістіктері болып табылады..

Сегізінші бағыт – кәсіби құзыреттілікті іс-әрекет жағынан анықтау. (Н.В. Кузьмина, М.И. Лукьянова, А.К. Маркова). А.К.Маркованың пікірінше, кәсіби құзыреттілік мұғалімнің еңбек қызметінің бес жағының жиынтығы болып табылады: педагогикалық қызмет, педагогикалық қарым-қатынас, педагогтың жеке тұлғасы, білімділігі, тәрбиелілігі [136].

Қорыта келе, сегізінші бағыттағы авторлар ұсынып отырған мұғалім қызметінің бес жиынтығы бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігінің негізі болып табылады. Жоғарыда аталған бағыттардың барлығы бірін бір толықтыра отырып, зерттеу тақырыбымыз бойынша басшылыққа алынуы тиіс, - деп санаймыз.

Соңғы жылдары білім беру саласында бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру туралы әртүрлі пікірлер жиі айтылуда. Әрине оны «кәсіби құзыреттілік» терминімен әдетте белгілі бір әлеуметтік-кәсіби статус иесіне байланысты қолданылады және оның сол істі атқарудағы түсінігі, білімі, білігінің орындалуға тиіс мәселенің нақты өз деңгейінде шешілуімен сәйкестілігі арқылы сипатталады.

Соңғы кездері «құзырет» ұғымы білімдегі жүйелі-практикалық және кіріктірілген метапәндік рөлімен байланысты жалпы дидактикалық, жалпы педагогикалық және әдіснамалық деңгейде жиі кездесуде. Атап айтсақ, ғалым А.В.Хуторский мәнделес «құзырет», «құзыреттілік» ұғымдарына бірнеше анықтамаларды береді [137]. Олар:

- құзырет – тұлғаның белгілі пәндер мен үдерістер шеңберінде қолданатын және оларға қатысты сапалы да тиімді әрекет ету үшін қажетті өзара байланысқан қасиеттер жиынтығы (білімдер, біліктер, дағдылар, іс-әрекет тәсілдері);

- құзыреттілік – адамның іс-әрекеті мен тұлғалық қарым-қатынасын қамтитын құзыретті меңгеруі.

Ғалым В.М.Шепель құзыреттілік құрамын анықтауда білімді қолданудағы теориялық-қолданбалы даярлықты, тәжірибені, білім мен біліктіліктерді қарастырса [138], ал ғалым А.С.Белкин өз зерттеуінде «құзыреттілік дегеніміз – құзыреттілікті тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін, жеке тұлға» деп түсіндіреді [139]. Бұл ғалымдарымыздың берген анықтамасы бойынша, адамның құзыреттілігін оның білім, біліктіктері мен тәжірибесі анықтайтындығына көз жеткізуге болады, - деп санаймыз.

В.А.Сластенин қабілеттердің мынадай негізгі топтарын бөліп керсеткен:

- ұйымдастырушылық: мұғалімнің оқушыларды топтастыра алуы, оларды іске араластыру, міндеттерін бөліп беру, жұмысты жоспарлау, атқарылған істің қорытындысын шығару және т.б. біліктерінен байқалады;

- дидактикалық: оқу материалын көрнекілік, құрал-жабдықтарды іріктеу және дайындау; оқу материалын ұғынықты, анық, мәнерлі, сенімді және бірізділікпен баяндау; танымдық қызығушылықтар мен рухани қажеттіліктердің дамуын ынталандыру, оқу-танымдық белсенділігін арттыру және т.б.

- рецептивтік: тәрбиеленушілердің рухани әлеміне ене алу, олардың эмоционалдық көңіл-күйін объективті бағалау, психика ерекшеліктерін анықтау біліктерінде көрініс береді;

- коммуникативтік: мұғалімнің оқушылармен, олардың ата-аналарымен, әріптестерімен, оқу орнының жетекшілерімен педагогикалық мақсатқа сәйкес қарым-қатынастар орната алу білігінен байқалады;

- супгестивтік: оқушыларға эмоционалды-еріктік ықпал жасаудан көрінеді;

- зерттеушілік: педагогикалық ситуациялар мен процестерді танып білу және объективті бағалау білігінен көрініс береді;

- ғылыми-танымдық: мұғалімнің педагогика, психология, әдістеме салаларындағы жаңа ғылыми білімдерді меңгеруге қабілеттілігіне саяды. Сонымен бірге ғалымның пікірі бойынша, мұғалім профессиограммасы мыналарды қамтиды:

- қоғамның саяси сапалары;
- әлеуметтік-психологиялық, этикалық-педагогикалық және ұстаздың жеке басының сапалары;
- психологиялық және педагогикалық даярлық;
- мамандық бойынша даярлық;
- пән бойынша даярлық [140].

Автордың пікірін тұжырымдайтын болсақ, мұғалім профессиограммасы әрбір ұстаз үшін өзінің педагогикалық қызметін атқаруға қажетті кәсіби құзыреттілігінің негізі болып табылады. Мемлекеттің білім саласына қатысты идеологиясын іске асырушы мұғалім десек, қоғамның саяси сапаларын осы тұрғыда байланыстыруға болады. Бастауыш сынып мұғалімінің психологиялық тұрғыда мінез-құлық нормасымен, педагогикалық этика, педагогикалық такт байланыстырыла отырып, әлеуметтенуінде көрініс береді. Психологиялық, педагогикалық даярлығы оның осы ғылым салалары бойынша меңгеретін білімімен байланысты болмақ. Мамандық бойынша даярлықта бастауыш сынып мұғалімін дайындайтын оқу орындарында меңгертілетін жалпы және базалық білімдер жиынтығы. Пән бойынша даярлығын жеке әдістемелік пәндерді меңгеруі яғни бастауышта оқытылатын барлық пәннің әдістемесін жетік меңгеруімен байланыстырамыз.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби педагогикалық функциялары: құрастырушылық, ұйымдастырушылық, қарым-қатынастық, дамытушылық, ақпараттық, зерттеушілік. Бұл функцияларды іске асыруда мұғалім іс-әрекетінің түрлері бөлініп көрсетілген. Мысалы, өзінің және оқушының іс-әрекетін жоспарлауда оны дамыту мен қалыптастыру үдерісінде құрылымдық тұрғыда іске асыру іс-әрекетінің міндеттерін шешу үшін, мұғалім оқу-тәрбие жұмысының бастауыш білім берудегі білім мазмұны мен кезеңдерінің әдістемесінің бірлігін сақтау; оқушы іс-әрекетінің құрылысын жоспарлау және оған педагогикалық жетекшілік жасау; негізделген инновациялық іс-әрекеттерді тандау, анықтау; ұжымдағы оқушылардың жеке бас ерекшеліктеріне сәйкес тапсырмаларды ұйымдастыруы қажет.

Бұл құрылымдық тұрғыны іске асыруда мұғалім ғылымның, әдістеменің соңғы жаңалықтарын, инновациялық іс-әрекетті пайдаланып құрылған сабақтар жүйесін жасайды. Сабақтың әр кезеңін шығармашылықпен өткізіп, оқушы іс-әрекетін ұйымдастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолдану жоспарын жасайды. Оқушының ұйымдастырушылық іс-әрекет міндеттерін шешу үшін:

- оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасты ұйымдастыру;
- оқушының оқудағы психологиялық және практикалық даярлығын ұйымдастыруға жағдай жасау;
- оқушыларды әртүрлі оқу-тәрбие жұмыстарына баулу;

- шығармашылықтарын дамытуға бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру;
- сабақты тыңдауға, білімді қабылдауға оқушыларды дайындай білуі.

Қарым-қатынас тұрғысындағы әрекетті іске асыру үшін оқушы мен мұғалім арасында іскер қарым-қатынас орнықтыру керек. Сонымен қатар, оқу үрдісіндегі ұжымдағы оқушылар қарым-қатынасын жақсартуды үнемі есте сақтап жүру абзал.

Дамытушы тұрғыдағы іске асыру қызметі:

- инновациялық іс-әрекетті оқушының жас өспірім физиологиясына, педагогикалық-психологиялық ерекшелігіне сәйкес қолдану;
- оқу үрдісіне оқушының ақыл-ой еңбегін ұйымдастыру;
- оқу үрдісінде педагогикалық жағдаят тудыру арқылы, оқушының өздігінен ойлауымен оқылатын шындық болмыс арасындағы байланысты білу;
- оқушының білімге қызығушылығын арттыру;
- алдыңғы қатарлы озық тәжірибелердің оқушы білімін дамытушы әдіс-тәсілдерін қолдану.

Ақпараттық функцияны іске асыру қызметі:

- оқу материалдарын еркін меңгеріп, оны жеткізе білу әдістемесі мен тәсілдерін қолдана білу;
- пән мазмұнына ғылыми-дидактикалық талдау енгізу;
- оқытуда жаңа технологиялар элементтерін қолдану.

Зерттеу функциясы қызметін іске асыруда:

- мәселе бойынша зерттеу жұмысын жүргізу;
- педагогикалық қызмет түрлерін қайта күру мен бағалау;
- инновациялық іс-әрекетті тиімді пайдалану мақсатында оқып үйрену.

Кәсіби құзыреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқаруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі. Ал педагогтың кәсіби құзыреттілігіне мұғалімнің оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда өз мамандығына байланысты барлық теория мен практиканы меңгеруі, жеке тұлғаны қалыптастыруда, яғни, оқушыларымен жұмыс істеуге бағытталған қабілеттерінің бірлігі болып табылады. Осыдан кәсіби құзыреттілік ұғымына мұғалімге тән болуы тиіс барлық қасиеттер мен қабілеттер кіретіндігін аңғару қиын емес. Яғни, мұғалімнің ББД, өз мамандығына қатысты білімдер жүйесі, жұмыс істеу шеберлігі, мәдениеті, психологиялық қасиеттері, қарым- қатынас стилі, әдеп т.б жатқызамыз.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі бірнеше компоненттерден тұрады. Олар: мұғалімнің бойынан табылатын субъектілік, нысандық, пәндік компоненттер. Енді аталған компоненттердің әрқайсысына жеке-жеке тоқталайық.

*Субъектілік компонентке* – мұғалімнің мақсат қоя білушілік, шығармашылық және өзін дамыту барысында өзіндік диагностиканы, өз ісіне талдау жасай отырып, өзіне сыни тұрғыдан қарай алу шеберлігі жатады.



*Нысандық компонентке* – кәсіби іс-әрекет жүйесін және мұғалімнің әрекетіндегі қойылған міндеттерді шешудегі стратегиялық іскерлігі жатады.

*Пәндік компонентке* – өз білімін жетілдіру мақсатындағы қажеттіліктерді қанағаттандыру жатады.

Б.Т.Кенжебековтың пікірінше, мұғалімнің кәсіби құзіреттілігін тек жоғарыда аталған компоненттер құрайды дейтін болсақ, онда маманның кәсіби құзыреттілігі ұғымының мағынасын тарылтқан болар едік. Біздің пайымдауымызша, бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзыреттілігінің құрамына келесі мұғалімге тән кәсіби, даралық, қасиеттер болуы керек. Оларға: - іргелі және кіріктірілген білімдердің жоғары деңгейінің болуы;

- түйінделген іскерлікті, дағдыны, қабілетті меңгеруі;
- кәсіптік-педагогикалық қасиетке жаңаша көзқараспен қарауы;
- инновациялық технологияларды меңгеруі;
- педагогикалық міндеттерді шешудегі кәсіптік, шығармашылық іскерлігі және мұғалімнің шығармашылық шеберлігі жатады [141].

Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін төмендегідей етіп ашып көрсетуге болады:

- базалық және кіріктірілген білімдердің жоғары деңгейінің болуы – яғни педагогика, тәрбие теориясы мен әдістемесі, дидактика, бастауыш сыныпта оқытылатын барлық пәндерді жүргізу әдістемесі, сол пәндер арқылы оқушыларға берілетін білімдерді терең игеру;
- түйінделген іскерлікті, дағдыны, қабілетті меңгеруі – дидактикалық, танымдық, коммуникативтік, зерттеушілік, шығармашылық, өз білімін дамытуға деген қабілет, теория мен практиканы байланыстыра алу қабілеті, диагностикалық және ғылыми-зерттеу іс-әрекетімен айналысу;
- кәсіптік-педагогикалық қасиетке жаңаша көзқараспен қарауы – бұрыннан қалыптасқан «мұғалімнің айтқаны әрқашан дұрыс» деген қағидадан аулақ болып, мұғалім тек ақпарат таратушы ғана болмай, оқушының жеке тұлға болып қалыптасуының басты көмекшісі болуы керек, оқушының даму деңгейіне қарамастан, оның тұлғасын құрметтеу, авторитарлық биліктің орнын өзара бірлескен қызмет, көмек, оқушының аз да болса да жетістігіне қуана білушілік басыы болуы керек және оқушылардың әрқайсысын тануға тырысып, өз мамандығын шексіз сүюі қажет;
- инновациялық технологияларды меңгеруі – өзінің шығармашылық іс-әрекетінің арқасында тұтас педагогикалық процесті тиімді ұйымдастыру үшін қазіргі кездегі бар инновациялық технологияларды меңгеруі тиіс. Жаңа инновациялық технологияларды ғылыми ізденіспен тәжірибеге енгізуде өз үлесін қосуы қажет;
- педагогикалық міндеттерді шешудегі кәсіптік, шығармашылық іскерлігі – педагогикалық міндеттерді шешу барысында шеберлік танытып, ББД пайдалана отырып, оқушыларға тиісті білімдер жүйесін меңгерту мен оқушылардың білімдерін тексеруде жүргізетін диагностикалық іс-әрекеті;

- шығармашылық шеберлігі – мұғалім оқушыларды оқытып қана қоймай, оларды тәрбиелеумен айналысатыны белгілі, мектеп өмірінде небір қиын жағдаяттар кездесіп жатады, сондай жағдаяттарда өзінің шығармашылықпен ойлай білетіндігін, шеберлігін танытуы тиіс.

Жалпы алғанда бастауыш сынып мұғалімдерінің құзыреттілігі дегенді жеке тұлғаның кәсіби білімі, кәсіби білігі мен қатынасы, кәсіби қасиеттерінен құралған кешен ретінде қарастыруға болады.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық кәсіби құзыреттілігі қоршаған дүниені, табиғатты, қоғамдық өмірдің құбылыстарын тану әдіснамасына, оқыту үдерісінде пайдаланылатын педагогикалық технологияларды, ақпараттарды пайымдау, талдау, маңыздысын ажырата білуге, адамдармен қарым-қатынастағы жоғары мәдениеттілікке үйренуге мүмкіндік береді.

Ендеше, кәсіби құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін-өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқыту үдерісінде берілетін тапсырмалардан бастау қажет екендігі айқын көрсетілген. Бастауыш сынып мұғалімдері ақпараттық қоғамнан қалыспай тез ойлаушы, шапшаң шешім қабылдаушы, ерекше ұйымдастырушылық қабілетке ие, нақты бағыт-бағдар беруші болып шығуы – бұл қазіргі заманның талабы. Осыдан құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі – бастауыш сынып мұғалімдерін біліктілікті арттыру институттары арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығуын, жаңаны түсіне білуін, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылады, - деген тұжырым жасаймыз. Бұл өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкірттерді оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде мемлекеттік стандарттың талаптарына сәйкес құзыреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.


Мұндай құзыреттіліктің қатарына мыналар жатады:

- *бағдарлы құзыреттілік* (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық, т.б);
- *мәдениеттанымдылық құзыреттілік* (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті);
- *оқу-танымдық құзыреттілік* (өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу);
- *коммуникативтік құзыреттілік* (адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы);
- *ақпараттық-технологиялық құзыреттілік* (ақпараттық технологиялар- мен, техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);

- *әлеуметтік-еңбек құзыреттілігі* (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті);
- *тұлғалық өзін-өзі дамыту құзыреттілігі* (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті).

Аталған құзыреттіліктерді меңгерген бастауыш сынып мұғалімдерінен ақпараттық-кәсіби құзыреттіліктерінің үйлесімді болуы талап етіледі. Егер бастауыш сынып мұғалімі өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда ғана оқушы құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкін болады. Бір сөзбен айтқанда, тұлғаға бағытталған білімдер жүйесі жалпыға міндетті білім беру стандартына сай тұлғаның үйлесімді дамуына негізделген, алған білімін өмірдің қандай бір жағдаяттарына қолдана алатындай дәрежеде ұсыну бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігіне байланысты болады.

Бүгінгі күні бастауыш мектеп мұғалімі оқушының жеке қабілетін, әлеуеттік мүмкіндіктерін, ішкі қажеттіліктерді есепке ала отырып, жеке-даралық бағытта оқыту болып табылады. Бұл бағыттарды жүзеге асыру үшін мұғалім негізгі үш компонентпен таныс болуы тиіс. Ол компоненттерді төменгі суреттен көруге болады.



Сурет -1 – Бастауыш мектеп мұғалімдерін білімдендіру компоненттері

Жоғарыда көрсетілген компоненттерге жеке тоқталып өтейік:

- инварианттық компонент – мемлекеттің базалық оқу стандарты жүйесіндегі талаптар мен мазмұндарға жауап беретіндей жалпы міндетті оқу жоспарының бөлімін меңгеру;
- вариативтік компонент – вариативтік оқу стандарты талаптарының мазмұнында көрсетілгендей оқу пәндерінің тереңдігін, оқылатын пәндердің өзара байланыстылығын меңгеру;
- тұлғалық компонент – оқушылардың өзіндік зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға байланысты арнайы таңдау курстарын, оқу жоспарларын меңгеру.

Бүгінгі күні ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасу жағдайындағы бастауыш мектеп мұғалімі кәсіби қызметінің сапалық мазмұнына қойылатын талаптармен танысып, мұғалімнің үздіксіз даму үдерісіндегі әлеуметтік-мәдени ортаны бағдарлай білетін, баланың жеке тұлғалық дамуына бағытталған білім беруді жүзеге асыра алатын, оқытудың мазмұны мен әдістерін, технологияларын, құралдары мен формаларын өздігінен ізденіспен саралап, шығармашылықпен пайдалана алатын педагог болу керек екенін өздерінің міндеті ретінде түсінуі керек, - деп есептейміз.

Себебі, әрбір мемлекеттің өсіп өркендеуінің, бәсекеге қабілетті болуының ең басты ошағы ұстаз берген біліммен бағаланады. Қазіргі кезде мектепте білім беруді дамыту негізіне құзыреттілік тұрғысынан келу ұсынылуда. Білім беруде құзыреттілік тұрғысынан келуде басты назар білім нәтижесіне аударылуды талап етеді, әрі оқытудан күтілетін нәтиже ретінде оқушы игерген ақпараттар жиынтығы емес, оның түрлі проблемалық жағдаяттарды шешуде әрекет ету қабілеттілігі қарастырылады, оқушылардың өздерін өздері бағалауы, тапсырмаларды топпен, жұппен орындауда әрқайсысының ондағы орны, өзара келісу, тапсырманы қорғайтын топ мүшесін таңдау және т.б.

Құзыреттілік оқу нәтижелерімен қатар оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттері және құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді, әрі ол оқушының алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір тәжірибелік және теориялық проблемаларды шешу үшін қолдана алу қабілеттілігін сипаттайды. Бұл, ең әуелі, мектепте оқыту үрдісі кезінде қалыптасады. Оқушылардың құзыреттілігі – оқу үдерісінің негізгі сапа көрсеткіші, оның жетістігі қойылған педагогикалық мақсатқа жету болып табылады. Демек, оқытудың сапасын күтілетін нәтижелер тұрғысынан жетілдіруді оқытудағы құзыреттілік тәсіл қамтамасыз ететін болғандықтан, оны жүзеге асыру үшін білім мазмұнынан білім, біліктілік, дағдыға, шығармашылық іс-әрекет тәсілдер мен эмоционалдық-құндылық қатынастар тәжірибесіне негізделген құзыреттерді ажыратып алу қажет.

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру жеке шығармашылық қабілетті дамытуды, педагогикалық инновацияларды дұрыс қабылдауы, күнделікті өзгеріп жататын педагогикалық ортаға тез бейімделуді қажет етеді. Ғылыми зерттеулерде мұғалімдердің құзыреттіліктерінің құрылысын жалпы кәсіби құзыреттілік, арнайы кәсіби құзыреттілік деп бөліп саралайды. Жалпы кәсіби

құзыреттілік – мұғалімдердің жалпы кәсіптік білімі, дағдысы, қабілеті мен дайындығы арқылы анықталады. Сонымен бірге, құзыреттіліктің бұл түріне мұғалімдердің ғылыми-зерттеушілік, басқарушы-ұйымдастырушылық қабілеттері мен кәсіби және педагогикалық қызметі жатады.

Арнайы кәсіби құзыреттілік – мұғалімдердің белгілі бір мамандық бойынша кәсіби қызметті атқарудағы дайындығы мен оған ұмтылуы арқылы айқындалады. Олардың мазмұны мемлекеттік классификациялармен анықталады. Осы құрылымдағы екі құзыреттіліктер де бастауыш сынып мұғалімдерінде болуы тиіс.

Ғалым Е.А.Климов кәсіби құзыреттілікті коммуникативтік, ақпараттық, регулятивтік және интеллектуалды-педагогикалық құзыреттілік ретінде қарастырады отырып, бастауыш сынып мұғалімдерінің *коммуникативтік құзыреттілігі* – кәсіби интегративтік қасиет, оның негізгі бөліктеріне эмоционалдық тұрақтылық (икемділікпен байланысты); экстраверсия (тағайындалған деңгейі мен эффективті жетекшілікті көрсетеді); тікелей және қайтарымды байланысты ұштастыру мүмкіншілігі; тілдік білімі; тыңдай білу қабілеті; марапаттай білуі; сыпайылық; жалпы қабілеті және т.б. зерттейді. Осы аталған зерттеуінде сондай-ақ, коммуникативтік құзыреттілік – біріншіден, жеке тұлғаның дамуы мен өзіндік дамуы процесіндегі мұғалімнің жеке тұлғалық қасиеті; екіншіден, ұстаздың педагогикалық қарым-қатынастық мақсаты, түйіні, құрылымы, құралы, ерекшелігі туралы хабардарлығының көрсеткіші; қажетті технологиялық деңгейін меңгеруі; маманның жеке психологиялық сапасы; коммуникативтік іс-әрекетін әрдайым жетілдіріп тұруға тырысуы; негізгі құндылық ретінде жеке адамның тұлғасына бейімделе білу, “бағдар ету”, сонымен қатар педагогикалық қарым-қатынас кезінде туындайтын міндеттерге шығармашылық, қапысыз шешім таба білу қабілеті.

В.А.Сластенин мұғалімнің кәсіптік құзыреттілігінің өзегі жүйелік антропологиялық білім болады, - деп көрсетеді [142]. Мұнымен бірге ол педагогикалық қызметтің процессуалды және мазмұнды компоненттерінің арасындағы қайшылықты айқындайды. Егер педагогикалық қызмет көпшілікке арналған болса, онда ол біршама типтілік басқару жүйесін талап етеді. Ал педагогикалық қызмет шығармашылықты болған жағдайда, онда әр педагогтың өзін іс жүзінде көрсету мүмкіншілігін тудыруды, яғни мұғалімнің жеке тұлғалық шығармашылығын табуды және қалыптастыруды ұйғарады. Автордың пікірін түйіндейтін болсақ, бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби қызметіндегі шығармашылығы мен шеберлігі өзін өзі ұйымдастыруы мен өзін өзі іске асыруына, яғни оқыту үдерісінде табысқа жетудегі еңбегінің нәтижесі болып табылады.

Н.Д. Демина мен Л.Ф. Ивановалардың пікірлері бойынша, білім беру сапасы көбінесе мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің деңгейімен және оның құзыреттілігімен анықталады. Бүгінгі күні жоғары кәсіби білім беру мәселесі мемлекеттің экономикалық саясаты ғана болып қоймай, сондай-ақ білім беру қызметінің әлеуметтік жағын нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету қажет болып отыр. Зерттеушілер мынадай түсінікті береді: «құзыреттілік – жеке

тұлғаның арнайы құзыреттілікке лайық екендігі дәрежесін көрсететін және үнемі өзгеріп тұратын әлеуметтік жағдайда дұрыс әрекет жасауға ықпал ететін оның шеберліктерінің деңгейі» [143].

Мұғалімнің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігі рухани-адамгершілік, танымдық-шығармашылық, коммуникативтік компоненттерден тұруы керек. Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби білімінің дәрежесі сипатына қатысты тұлғалық сапасы мен ізденімпаздығы, қарым-қатынас мәдениетімен байланыста қарастырылады.

Е.В.Бондаревскаяның пікірінше, кәсіби құзыреттілік феномені педагогикалық мәдениетпен байланысты, автор оны білім беру үдерісінің базалық компонентімен, яғни маман ретінде қалыптасуының жоғары деңгейін педагогикалық мәдениет үлгілері арқылы қамтамасыз етуге болады, - деген тұжырым жасаған [144]. Бұдан автордың кәсіби құзыреттілікті мәдениеттілікпен байланыстырғанын және оның бастауыш сынып мұғалімі үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану мүмкіндіктерінің жоғары болуы тиіс, - деп ойлаймыз.

Психологиялық зерттеулер тапсырманы орындауда мүмкін болатын іс-әрекеттердің бірнеше деңгейін ажыратуға мүмкіндік береді. В.П.Беспалько оқушының шамасы келетін дидактикалық тапсырмалардың сапалық ерекшеліктеріне байланысты төрт деңгейді ажыратады: *I деңгей* – адамның басқа ұқсас нысандар қатарынан зерттеу нысанын тануы, сәйкестендіруі, ажыратуымен сипатталады (тану деңгейі); *II деңгей* – зерттеу нысаны туралы, оның қасиеттері, сипаты туралы ақпаратты есте сақтау немесе ұғыну деңгейінде елестету әрекеттерімен сипатталады («репродукция» (қайта жаңғырту) деңгейі); *III деңгей* – игерілген ақпаратты тәжірибеде тапсырмалардың белгілі тобын игерілген үлгі негізінде орындау және субъективті жаңа ақпаратты алу үшін пайдалану деңгейімен сипатталады (біліктіліктер деңгейі); *IV деңгей* – игерілген біліктіліктерді түрлі тапсырмалар тобын орындау үшін трансформациялау (ауыстыру, көшіру, тасымалдау) қабілетімен сипатталады (трансформация деңгейі).

Психологиялық-педагогикалық зерттеулер мен педагогикалық технология-ларды әзірлеу және пайдалану тәжірибесі оқушылардың білімі мен біліктілігін, нақтырақ айтқанда: *I деңгей* – түсіну, есінде сақтау, елестету; *II деңгей* – бірінші деңгейдегі білімдерді игеріп, оларды үлгіге сәйкес және үлгіні тануға болатын өзгерген жағдайда қолдану; *III деңгей* – екінші деңгейдегі білімдерді игеріп, орындау тәсілі берілмеген беймәлім жағдайға ауыстыруды үйрену; *IV деңгей* – шығармашылық іс-әрекет (оқушылардың біреуі де қол жеткізбеуі мүмкін, бұл дарынды балалар деңгейі) бойынша бастауыш сынып мұғалімдері оқыту үдерісінде танымдық тапсырмаларды осы төрт деңгейде құрастыра білуі тиіс, яғни ақпаратты-кәсіби құзыреттілігі талап етіледі [145].

Қазақ топырағында ағартушылық идеяның туын алғаш көтерген Ш.Уәлиханов озық идеямен нәрленген мұғалімдерден жас буындарды қоғамдағы зұлымдық атаулымен күресе алатын, адамгершілігі мол жеке мақсатты халық мүддесіне бағындыра білетін, озат прогрессивті көзқарасы бар

адам етіп тәрбиелеуді талап етті [146]. Біз ағартушының сол заманның өзінде бала тәрбиесіне баса назар аударып, озат тәжірибені меңгерген, адами сапаларды қалыптастыра алатын, қоғамдық идеяларды жүзеге асыратын, оң көзқарасты адам болуы керек деп мұғалімдерге қойылатын талаптарды айқындап берген.

Ж.Аймауытов: “Мектеп бітіріп шыққан соң, бала бүкіл әлемге өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарайтын болса, міне, білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты – осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз болуы керек”, - деп айқындап берген [147]. Автордың пікірін зерттеу тақырыбымыз тұрғысынан талдайтын болсақ, білім берудің мақсатын ХХ ғасырдың басында айқындап бергенін көруге болады. Бүгінгі күннің басты талаптарының бірі әлемдік білім кеңістігіне еркін кіре алатын тұлғаны дайындау болса, оқу орнының қай деңгейінде де бітіруші түлектердің білімі мен біліктілігін, интеллектуалдық мүмкіндігі бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуының негізі ретінде қарастырған жөн. Мұның өзі бүгінде бастауыш білім мазмұнының жалпыадамзаттық құндылыққа бағдарлануы білім беруді ізгілендірудің міндеттерін ойдағыдай жүзеге асыруды қамтамасыз етуін жүзеге асыратын мұғалімнің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігіне байланысты болмақ.

Педагогика ғылымында «құзыреттілік» ұғымын қабілеттілік, біліктілік, икемділік ұғымдарымен үйлесімді қарастыратын ғалымдардың бірі Ә.М.Құдайқұлов «қабілеттілік – белгілі бір қарекетті нәтижелі орындайтындай тұлғаның жеке дара ерекшелігі, - деп тұжырымдайды. Ол қарекетті жылдам, тұрақты, сапалы орындаудың әдіс-тәсілдерімен сипатталады. Оның жоғары деңгейі – шығармашылық, таланттық, дарындылық, данышпандықпен және бәсекелестікпен ерекшеленеді» [147]. десе, М.Ж. Жадрин «біліктілік – білім жүйесінің соңғы нәтижесі студенттің жеке пәндер бойынша алған білім, білік, дағдылары емес, оларды пайдалану арқылы қалыптасып, дамитын өмірлік дағдылар, құзыреттіліктер» – деп түйіндейді [148]. Сонымен, құзыреттілік ұғымы білім, біліктілік, дағдының жай жиынтығы емес, оқушылардың оқу сапасының нәтижелерімен қатар бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігі көрінетін педагогикалық іс-әрекеттерінде қолданылатын әдіс-тәсілдер мен ақпараттық коммуникациялық технологиялардың тиімділігін де көрсетеді, – деген қорытынды жасауға болады.

Қ.А.Сарбасова қоғамымыздың жаңа қарқынмен алға өркендеуі, егеменді еліміздің дамуы бастауыш сынып мұғалімдерінің қоғамдық-саяси даярлығына қойылатын талаптардың деңгейін жаңа сатыға көтергенін айта келіп, бастауыш сынып мұғалімі қазіргі оқытудың қоғамдық сипатын меңгеруі мен оқушыларды тәрбиелеу біліктерін меңгеруі қажеттілігін ұсынған [149].

Автор сонымен қатар, бастауыш сынып мұғалімдері оқу жоспарындағы барлық пәндерді оқытатын болғандықтан, олардың ғылыми-теориялық даярлықтарына қойылатын талап ерекше болады, яғни оқушылар тіл мен сананың, ойлау мен сөйлеудің байланысы туралы ұғымдарды игереді, оқу, жазу, сөйлеу мәдениеті, мәнерлеп оқу біліктері мен дағдыларын меңгереді, өз

ойын ауызша және жазбаша дұрыс жеткізу біліктері мен дағдыларын қалыптастырудың мазмұны мен әдіс-тәсілдерін игереді.

*Жаратылыс тану негіздерін оқу барысында* өлкенің табиғаты мен климатының ерекшеліктерін оқып-үйрену, зерттеу негіздері туралы білімдерді игеріп, жергілікті жануарлар мен өсімдіктер дүниесі туралы мағлұмат алады, оларды қорғауға оқушыларды тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерімен және құралдарымен танысады. Бастауыш сынып мұғалімі балалардың *анатомиялық-физиологиялық* дамуын өте терең біліп, денелік ерекшеліктері жөнінде жан-жақты мағлұмат алғанда ғана өз жұмысын тиімді ұйымдастыра алады, - деген тұжырым жасаған. Біз автордың пікіріне қосыла отырып, оған қосымша оқытудың педагогикалық технологияларының тиімдісін сабақтың мақсатына сәйкес саралап қолдана білуі тиіс деп санаймыз.

Қоғамның сұранысын қанағаттандыру мұғалімнен жоғары мәдени адами құндылықтар мен сенімдердің қалыптасқан жүйесін, кәсіби белсенділік пен өзін-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылысты талап етеді. Осыған байланысты мұғалім тұлғасын үнемі шыңдап отыру қажет. Міне, біліктілікті арттыру жүйесінің негізгі міндеті осыдан туындайды: ол маманның кәсіби құзіреттілігін тұлғалық қасиеттерімен үйлесімді дамыту болып табылады. Еркін әрі белсенді ойлауға, оқу-тәрбие үдерісін үлгілеуге, жаңа идеяларды өзі туындатып, іске асыруға қабілетті мұғалімнің кәсіби құзіреттілігінің деңгейін көтеру мәселесі – қазіргі әлеуметтік экономикалық жағдайға өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Біріншіден, кәсіби құзіретті мұғалім оқыту барысында шығармашыл оқушыны қалыптастыруға жағымды ықпал ете алады, екіншіден, өзінің кәсібінде үздік нәтижелерге қол жеткізе алады, үшіншіден, өзінің кәсіби мүмкіндіктерін толығымен жүзеге асыра алады.

Кәсіби құзыреттілікті екі аспектіде қарастыратынын байқауға болады:

- кәсіптік дайындықты көтеруге арналған білімнің мақсаты;
- өзінің кәсіптік қызметін жүзеге асырушы мұғалімнің жай күйін бейнелейтін аралық нәтиже.

Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуын зерттеушілер маманның кәсіби қалыптасуының бастапқы кезеңінде бұл үдеріс салыстырмалы түрде дербес болатынын, біртіндеп, толыққанды біртұтас кәсіби мәнді сапаға айналатынын айтады.

Құзыреттілік, бұл - әлеуметтік мәселе, сондықтан тек кәсіби емес, педагогтің жеке қасиеттері де белгілі бір мәнге ие болғандықтан, кәсіби тұлғалық құзыреттілік деп атауға болады.

Біз қарастырып отырған бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық кәсіби құзыреттіліктері ұстаздың үздіксіз білім алу жүйесінде дамып жетіледі. Сондықтан мұғалімдердің біліктіліктілігін арттыру саласында да бұл мәселеге айрықша көңіл бөлінген. Мысалы Б.А.Тұрғынбаеваның пікірінше, мұғалімдердің білімін көтеру ісі ең алдымен оның өзіне қарай бағытталғанда ғана ұстаздардың өз санасын дамытып, атқарып отырған қызметінің мәнін терең ұғынуы соған сәйкес өзін-өзі жетілдіру қабілеттерін қалыптастыруды, кәсіби шығармашылықтың биіктеріне жетуді қамтамасыз ететін болады. Бұл



мамандардың кәсіби шеберлігін арттыру жұмысын олардың “дамуының жақын аймағында” қалыптастыру жағдайына көшіруді және сол арқылы әр педагогты жаңа белеске көтеріп, педагогикалық еңбекті шығармашылық деңгейге шығаруды нәтижелі етеді, деп көрсетеді [150]. Автор мұғалімнің өзінің шығармашылық тұжырымдамасының болуы, оның жаңашылдығы, соған сәйкес әдістері мен технологиясын таңдауы, педагогикалық диагностиканы қолдана білуімен байланыстыра келе, шығармашыл мұғалім – өзінің кәсіби шеберлігін арттырумен тұрақты айналысатын, тәжірибе жасаудан жасқанбайтын, сол мақсатта өзінің ішкі күштерін жұмылдыра білетін, ойы оралымды, қиын педагогикалық мәселелерді өзгеше, ерекше тапқырлықпен шеше алатын адам, деген анықтама берген. Сонымен қатар автор зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне талдау жасай отырып, мұғалімнің кәсіби әрекетін шығармашылықпен орындауға қажетті біліктіліктерді көрсеткен.

Олар: оқушылардың танымдық әрекетін және оқу процесін ұйымдастыра алу біліктері; оқушылардың тәрбие жұмысын жүргізе алу және олардың өзін-өзі тәрбиелеуіне басшылық жасай алу біліктері; озық педагогикалық тәжірибені оқып үйрену, өз қажетіне шығармашылықпен пайдалана алу біліктері; өзінің жеке тәжірибесіне сыни тұрғыдан қарап, баға бере алу біліктері; өз білімін тұрақты көтеріп отыру біліктері. Автор мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамытудың тұжырымдамалық негіздемесін ұсынған. Біліктілікті арттырудың жаңа тұжырымдамасынан күтілетін нәтиже-педагогикалық мәселелерді өзгеше тапқырлықпен шеше алатын, шығармашылық әлеуеті дамыған, жаңа заманның талаптарына сай мұғалімін қалыптастыру мен дамыту, - деген қорытынды жасаған.

Б.Т.Кенжебеков жоғары оқу орны студенттерінің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру жөніндегі пікірін «кәсіби құзыреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқаруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі», - деп тұжырымдаған [151]. Автордың пікірін тұжырымдайтын болсақ, құзыреттілік жансыз жаттанды білім түрінде емес, жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген біліктіліктерінің белсенділігінен көрінеді. Автор маманның кәсіпқорлығына қатысты кәсіби құзыреттілікке адамның шеберлігі мен қабілеттілігі біріктірілген, кіріктірілген іргелі білімдер жинағы, оның жеке кәсіби қасиеттері, технологиялықтың, мәдениет пен шеберліктің ең жоғары деңгейі, іс-әрекеттерді ұйымдастыруға деген шығармашылық жол, өзін-өзі үнемі дамытып отыруға дайындық, - деп анықтама берген.

Ю.А.Тихомиров құзыреттілік теориясының негізінде басты құзыреттіліктердің төмендегідей құрылымын ұсынады:

- ойлау жүйесі мен процестерінің дамуы: мәселені шешудегі жүйелілік және құрылымдық тұрғы; тұрғыларды және тапсырмаларды стандарттау және жүйелеу тәсілі, құзыреттілікті түсіну, баламаны талдау және шешімнің тиімді нұсқасын таба білу; қабылданған шешімге жауапкершілікпен қарау;

- талдау қабілеттері: мәселені шешудегі қисындылық, шешім қабылдау әдістемесін білуі, ұқыптылық, ұтымдылық, реттілік, бөлшектерді есепке алудағы алдын ала болжау; ойды дұрыс байланыстыру іскерлігі, бірізділікпен және жүйелі түрде ойлау және әрекет ету; өз болашағына әсер ететін факторларды дәл және жүйелі талдау.

- жаңашылдық (инновациялық): жаңаны қабылдай алу және ұсына білу іскерлігі, шығармашылықты басқару; ішкі қарсылықсыз алуан түрлі идеяларды, көзқарастарды, ұсыныстарды қабылдай алу іскерлігі.

- икемділік: өзгерістерге дайындық; түрлі оқыс жағдаяттарда тез және сәйкесті жауап қайтара алу қабілеті, мәселені көру және анықтай алу, оны шешудің жолдарын таба білу, нәтижесіне баға беру.

- жүйелі дамуға бағдарлану: жаңа технология және әдістерді қабылдауда ашықтық, үйренушілік, практикада жаңаны қолдана білу, өз жетістіктерін және кемшіліктерін талдай алу мүмкіндігі, өзгелердің тәжірибесін саналы түрде пайдалана білу.

- ұйымдастырушылық қабілеттер: адамдарды басқара білу, тапсырманы орындауда ұжымды және өзін ұйымдастыра алу іскерлігі, құзыреттіліктерді орын орнына қою, маңыздысына мән беру, жоспарлау, бақылау; жоспарды орындауға қажетті ресурстарды тиімді жинап, бағыттай алу; әңгімені мақсатты түрде жүргізе білу, телефонмен әңгімелесу, корреспонденцияны, құжатнаманы жүргізу.

- уақытты игере білу іскерлігі: жағдаяттық талдау жасай алу іскерлігі, мақсатты анықтау және құрылымдау, апталық, айлық жылдық жоспарларды жүзеге асыру, күнді жоспарлау; уақытша менеджмент ұстанымдарін білу; құзыреттіліктерді дұрыс қоя білу іскерлігі; ұжымның тәртібін, күнделікті жұмыс жоспарын орындау; қойылған мақсаттарға жету мақсатында бақылау жүргізу, күннің қорытындысын жүргізу.

- топта жұмыс жасау: топты құра білу және онда жұмыс жасау; тиісті топтың ерекшеліктерін білу; ынтымақтастық ахуалын ұстай білу, топ мүшелерінің қарым-қатынас және мінез-құлық ережелерін орындауы, топ мүшелерінің жағымсыз мінез-құлықтарын түзету; мәселені шешу мақсатында тиімді талдау және келіссөз жүргізу; «миға шабуыл» ережесін білу.

- коммуникативтік-іскерлік қабілет: өз пікірін, құқығын қарым-қатынасты бұзбай қорғай білу; жаңа идея және жоспар арқылы іс-әрекетке ынталандыра білу; дұрыс сұрақтар қоя білу және әңгімелесушінің эмоционалды және ақпараттық деңгейін анықтау; екіжақты коммуникация бағытын құра білу, әңгімелесушінің сөздеріне зейінді шоғырландыра алу; өзге адамдарды дұрыс сынап және қолдай білу.

- келіссөз жүргізе білу іскерлігі: тұсаукесердің міндеттерін және мақсаттарын, аудиторияның қызығушылығын анықтай білу; сөз сөйлеуді ұйымдастыру, тұсаукесердің байланыстырушы сөйлемдерін, негізгі бөлімін, қорытындысын ұйымдастыру; сендіре білу және шешендік дағдыларға ие болу. Қиын сұрақтарды және келіспеушілікті жеңе білу; тұсаукесердің техникалық аспектілерін игеру (аудио-бейне және компьютерлік аппараттар,

тұсаукесер бағдарламалары); қатысушылардың қызығушылықтарын анықтай алу және тиімді баламаны таңдай алу; пікірталасты мәдени түрде жүргізе білу; көзқарас пікіралысуы талдай алу, ұсыну, жүргізе білу іскерлігі.

- білімгерге бағдарлану: білімгермен жұмыс жасау саласында стандарт пен саясатты білу; оқытушы мен студенттің перспективті ағымдағы қажеттіліктеріне бағдарлану; студентпен қарым-қатынас кезінде әңгімелесуді тиімді жүргізе білу, іс-әрекетті басым және пайдалы жағынан презентациялау; студентпен жағымды қарым-қатынас орнату және кеңес бере білу [152]. Біз автордың ұсынып отырған құрылымын бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда басшылыққа алынуы тиіс,- деп санаймыз. Өйткені, бастауыш сынып мұғалімінің осы аталған құзыреттіліктердің құрылымын толықтай меңгеруі тиіс, оқыту үдерісінде оқушылармен субъектілік қарым-қатынасқа түсу, жаңа білімді меңгерту, белгілі табысқа жету, педагогикалық үдерісті ұйымдастыру, оқытудың педагогикалық технологиялар мен ақпараттық ресурстарды кәсіби іс-әрекетінде саралап және тиімді пайдалана білу және т.б. қажет болады.

И.В.Роберт білім саласының қазіргі жағдайын саралай отырып, қоғамдық сұранысқа сәйкес жоғары оқу орнын бітірген мамандардың кәсіби дайындығында бірнеше тенденцияны бөліп көрсетеді. Ол дегеніміз бүгінгі бастауыш сынып мұғалім болғандықтан біздің зерттеу тақырыбымызға тікелей қатысы бар деп есептеп, оларға тоқталуды жөн көрдік:

- жеке тұлғаның кәсіби әлеуеті және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндігін өзінің тұлғалық сапаларын жүзеге асыруға, жалпыадамзаттық құндылықтарды, болашақ мамандар өзінің дамуы үшін білім саласында жаңа ізденістер, жолдарды гуманизациялық тұрғыда қарастырады;

- болашақ мамандар даярлауға қойылатын талаптар оның кәсіби білімі мен жалпы дайындық деңгейіне ғана емес, оның шығармашылық қабілетінің дамуы мен интеллектуалдық әлеуетіне де байланысты;

- нарықтық экономика жағдайында адам еңбек нарқында белсенді рөл атқарады. Өзінің тұлғалық тауар ретіндегі басты сапалық капиталы болып табылатын – құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, біліктілік және осы біліктілігі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым ол еңбек нарқында еркін таңдауға ие болып, өмірде үлкен сұранымға ие болады;

- нарықтық экономика жағдайында адамдар үнемі өзгерістегі жағдаяттарға байланысты кей жағдайда қысқа мерзім ішінде жаңа мамандықты меңгереді;

- басқа мамандықтарға қарағанда ақпараттандыру аясындағы мамандар саны күн сайын өсіп келеді [153]. Автордың пікірін қорытындылайтын болсақ, қазіргі ақпараттық қоғамда ашық ақпарат жүйесін пайдалану оның әрбір мүшесі үшін барлық ақпараттардың қолжетімді болуымен сипатталуы тиіс,- деп санаймыз.

Құзыреттіліктің латын тілінен аудармасы «competens» белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді.

Құзыреттілікті ғылыми-теориялық негізде зерттеу жұмыстары Л.А.Петровская еңбектерінен басталса [154], ал жалпы білім беру саласындағы құзыреттілікті зерттеу И.А.Зимняя еңбектерінен байқауға болады [155]. Болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру дегенде, бірінші орынға алған оқу-танымдық мәселені шешудегі оның біліктілігі тұруы тиіс. Мұндай жағдайлар: біріншіден, қоршаған ортадағы құбылыстарды танып білу мен түсіндіруде; екіншіден, қазіргі заманғы техника мен ақпараттық құралдарды қолдануда; үшіншіден, адамдармен қарым-қатынаста, этикалық нормаларды, өзінің іс-әрекетін бағалауды; төртіншіден, отбасы мүшесі, сатып алушы, көрермен, қала тұрғыны сияқты күнделікті өмірде кездесетін коммуникативтік рөлдерін орындауда; бесіншіден, құқықтық және әкімшілік құрылымдарды, талап-тілегін білдіруде және эстетикалық тұрғыда баға беруде; алтыншыдан, еңбек рыногын бағдарлауды, өзінің өмірдегі орнын, өмір сүру мұраты мен стилін, келіспеушілікті шешу амалдарын табу сияқты көптеген тікелей өзіне байланысты мәселелерді шешуде қажет болады. Осы тұрғыдан қарағанда құзыреттілік ұғымы кезеңдік осы заманғы оқу парадигмасы мен қоғам тапсырысына жауап беретін болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологиялардың қолдану негізінде іске асқанын көреміз.

О.Б.Хововтың пікірінше, құзыреттілік «біліктілік» ұғымына қарағанда мағынасы кең, өйткені, біліктілікті сипаттайтын таза кәсіби білім және іскерлікпен қоса топта жұмыс істеуге ынталылық, ынтымақтастық, қабілеттілік, қарым-қатынасқа бейімділігі, оқу, бағалау, қисынды ойлау, ақпаратты алу мен пайдалану, т.б. іскерліктер енеді - деп түйіндеген. Бұдан болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда білім беру нәтижесіндегі жаңа түбегейлі өзгерістерді іске асыруда «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарының басымдылығын айқындайтынын көруге болады [156].

В.В.Краевский мен И.Я.Лернердің пікірлерінше, «құзыреттілік» және «құзыр» ұғымдары абстрактілік пен нақтылық диалектикалық категорияларының арақатынасы, яғни құзыр – бұл жүзеге асырылған құзыреттілік, іс-әрекеттегі құзырлығы. Осылайша түсіндірілетін құзыреттіліктер негізгі немесе тұғырлық және қосымша немесе кәсіби болып бөлінуі мүмкін. Білім беруде тұлғаның негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға және дамытуға бағытталуы оны ұйымдастырудағы құзыреттілік бағытын айқындады және ол қазіргі білім беру жүйесінің әдіснамасында нақты білімділік процессуальды негізі ретінде танылып отыр деп тұжырым жасаған. Бұдан шығатын қорытынды болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға жоғарыда авторлар көрсеткен құзыреттіліктер негіз болуы тиіс, – деп есептейміз. С.Е.Шишов, И.Агаповтардың пайымдауынша, «құзыреттілік» ұғымын жеке тұлғаның білімі мен тәжірибесі, іс-әрекетке даярлығы және жалпы қабілеттілігі, тұлғаның оқу-танымдық үдеріске өздігінен қатысуы және оның

еңбек әрекетінің нәтижеге бағытталуы болып табылады. Болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда белгілі нәтижеге жету мақсатындағы іс-әрекетті меңгерту үшін алдыменкәсіби білімін тәжірибемен ұштастыра білуді іске асыру қажет.

И.А.Зимняяның көрсетуінше, құзыреттілік білім алу нәтижесінде тұрақталған, білім мен тәжірибеге негізделген жеке тұлғаның әрекет жасауға дайындығы және осыған орай, жалпы қабілеттерін жатқызған. Білім беруді жаңарту негіздерінің бірі ретінде құзыреттілік тұрғыдан келуді жақтаушылар күтілетін нәтижелер тұжырымдамасын құруда [157].

М.В.Рыжков құзыреттілік ұғымдарына келесілерді жатқызады:

- «құзыреттілік» ұғымы тек танымдық және процессуалдық құраушы ғана емес әрі мотивациялық, әлеуметтік және мінез-құлықтың, яғни оқыту нәтижелерін (білім, білік, дағды), құндылық бағдар жүйелерін қамтиды;
- құзыреттілік – алған білім, білік, тәжірибе мінез-құлық тәсілдерін нақты жағдаятта, нақты іс-әрекет жағдайында жұмылдыру қабілеті;
- құзыреттілік ұғымының нәтижесі кіріктірілген білім мазмұны;
- құзыреттіліктер тек білім беру мекемелеріндегі оқыту үдерісінде ғана емес, яғни дәстүрлі және дәстүрден тыс білім алу жағдайында да қалыптасады [158].

Мұғалімдердің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда ұғымдарды басшылыққа ала отырып, оқыту үдерісін ұйымдастыруды жөн көрдік.

Ғалым М.З.Джанбубекованың пікірінше, мұғалімдік - тұлғаның қалыптасуының бастапқы кезеңі. Ал, кәсіби-педагогикалық қызметтің мәні тек орынды тәсіл арқылы анықталады. Дәл осы тұста қызметтің қалыптасу кәсібилігі көрініс береді. Кейініректе кәсібилік нақты кәсіби-педагогикалық қызметке айналу тәсілін іздестіру барысында қалыптасады. Бұл нақты кәсіби-педагогикалық қызметтің, яғни ең маңызды қызметтің мазмұнын жобалауда, қызметтің мазмұнын оның операциялық құрылымын ерекшелеу арқылы жете түсіну барысында жүзеге асыруға болады [159]. Бұдан автордың кәсіби іс-әрекеттің кәсіби-педагогикалық қызметке жалғасатыны туралы тұжырымын мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда басшылыққа алу қажет деп санаймыз.

Г.У.Сыздықбаева кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерді қалыптастырудың жолдарын көрсетіп, әдістемелік кеңес бере отырып, ұсыныстар дайындаған. «Құзыреттілік» ұғымы соңғы жылдары педагогика саласында тұлға субъектілік тәжірибиесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым болғандықтан, белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алу,- дегенді білдіреді [160].

Бұл ғалымдардың зерттеулерін талдай отырып, бастауыш білім беру кезеңінде және адамның бүкіл өмір бойы қалыптасуына қажет құзыреттіліктердің бар екендігіне куә болдық. Атап айтар болсақ, олар: құндылықты-мәнді, жалпымәдени, әлеуметті-еңбектік, ақпараттық, саяси және

әлеуметтік, көп мәдениетті қоғамдағы өмірлік құзыреттіліктер. Осыған сәйкес, өзіміздің зерттеуіміздегі ақпараттық-кәсіби құзыреттілік ұғымын кәсіби құзыреттіліктің бірі ретінде қарастыру маңызды,- деген тұжырым жасаймыз.

А.Н.Маркова адамның кәсіби іс-әрекеттерде толықандығын бейнелейтін кәсіби құзыреттіліктің бірнеше түрін атап өткен:

- арнайы құзыреттілік – жоғары жеткілікті деңгейде өзінің кәсіби іс-әрекетін меңгеру, өзінің кәсіби дамуын одан әрі жобалауы;

- әлеуметтік құзыреттілік – бірлескен кәсіби іс-әрекетті, қызметті бірлесіп атқару, арнайы мамандықтағы кәсіби қарым-қатынастардың тәсілдері шеберліктерін меңгеру; өз еңбегінің нәтижесі үшін әлеуметтік жауапкершілік;

- жеке тұлғалық құзыреттілік – жеке тұлғаның өзін-өзі танытуы мен өзін-өзі дамыту тәсілдерін, жеке тұлғаның кәсіби өзгеруіне (деформация) қарсы тұру әдістерін меңгеруі;

- интеллектуалды құзыреттілік - мамандық шеңберінде өзін-өзі жүзеге асыру мен дамыту тәсілдерін меңгеруі, өзін-өзі ұйымдастыру мен өзін-өзі ақтай білуге деген дайындық. Біз автордың пікіріне қорытындылай отырып, осыларға қоса мұғалімнің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру қажет, - деп санаймыз [161].

Е.М.Холостова құзыреттіліктің кәсіби, әлеуметтік-педагогикалық, құқықтық және басқа сипаттарын кіріктіруші ретіндегі мазмұнына сай, қазіргі кезде мамандардың әлеуметтік практикасына талдау жүргізеді де әлеуметтік педагогтың, мұғалімнің, психологтың, тәрбиелеушінің, әлеуметтік қызметкердің, заңгердің, дәрігердің, демалыс пен мәдениет, спорт, жеке тұлғаның құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету қызметкерлерінің, менеджерлердің және т.б. жеке тұлғалық іс-әрекеттерінің параметрлерін анықтады [162]. Автор бұл параметрлерге: кәсіби дайындылықты, саясат, экономика, әлеуметтік даму, мәдениет салаларынан мағлұматтылықты, басқа адамдармен тіл табысу білуді, кәсіби әдептілік пен сыпайылықты, кәсіби ауыртпашылыққа деген дайындықты, шыдамдылықты, адамдарға деген көңіл мен қайырымдылықты, шешімдер қабылдап, олар үшін жауап бере білу шеберліктерін, өзінің кәсіби іс-әрекеттері нәтижелеріне қоғамның қызығушылығын тудыра білу қабілеттілігін жатқызады.

Жоғарыда келтірілген талдауларды қорыта келе, бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру ең алдымен олардың кәсібилігін жетілдірумен байланысты деген тұжырым жасалады. Ал кәсібилік құзыреттіліктен астаса отырып, білім берудің негізгі міндеттерінің бірі – барынша тұлғаға-бағдарлап оқытуға жағдай жасайды, білім сапасын көтерудің шешімін табуға ықпал етеді. Мұғалімнің жалпы құзыреттілігінің құрамына кіретін ақпараттық-кәсіби құзыреттілік мұғалімінің педагогикалық үдерісте қазіргі замандағы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалана алуында көрініс береді. Жұмысымыздың келесі параграфында осы мәселелеге тоқталатын боламыз.

## **1.2. Мұғалімдердің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігінің мазмұны, құрылымы**

«Қазақстан Республикасы жоғары білім беру мемлекеттік стандартының тұжырымдамасы» мен «Бастауыш және орта кәсіптік білімді ақпараттандыру» бағдарламасында білім беруді ақпараттандыру жүйесінде ақпараттық технологияларды әсіресе, телекоммуникациялық технологияларды, электрондық оқулықтар мен кешендерді пайдаланып оқыту ерекше орын алатыны баса айтылған. Осы басым бағыттардан туындайтын міндеттерді шешу білім алушылардың оқыту үдерісінде ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы практикалық іс- әрекетте пайда болатын мәселелерді шешімін табу үшін кәсіби білім мен біліктілікті, құзыреттікті қалыптастыруды қажет етеді.

Қазіргі замандағы кәсіби білім беру негізгі екі жағдайда, атап айтқанда, ақпараттандыру мен жетілдіру жағдайында дамып отыр. Егер оны «ақпарат» атты жалпығылыми категориясыз қарастыратын болсақ, онда қазіргі замандағы болмыс біржақты әрі толық болмаған болар еді. Бүгінгі күні адамның әлеуметтік-экономикалық іс-әрекеттері оны жүзеге асыруға қажетті білімдер көлемінің шұғыл өсуімен қиындап, күрделеніп отыр. Демек, бүгінгі уақытта білім беруді ақпараттандыру постиндустриалдық қоғамның интеллектуалдық базасын құрудың міндетті шарты болып табылады.

Ақпараттандыру – бұл «ақпараттық қоғам құру мақсатында ақпарат құралдарының көмегімен басқару мен дамудың қоры ретіндегі ақпараттарды меңгерудің жүйелік-әрекеттілік үдерісі және оның негізінде өркениет прогресін одан әрі дамытуды жалғастыру. Оның мақсаты: жаңа ақпараттық технологияларды қолдану арқылы интеллектуалдық әрекеттерді жаппай жетілдіру, постиндустриалды қоғамның талаптарына сай келетін, ой-өрісі жаңа типтегі мамандарды дайындаудың сапасы мен тиімділігін түбегейлі көтеру, жаңа ақпараттық мәдениетті қалыптастыру болып табылады. Бұл мәселе туралы ғалым С.Т.Мұқамбетжанова өз еңбегінде: «білім беруді жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі – білім беру ақпараттандыру және ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын жаңа жағдайда қолдану арқылы жеке тұлғаның танымын дамыту негізінде әлемдік білім деңгейіне қол жеткізеді» деп қарастырады [168].

Білім беруді ақпараттандырудың заманауи сатысы үлкен сыйымдылықтағы, тез әрекет ететін тасушылары бар, жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялы, мультимедиялық технология мен виртуалдық шындық жүйесі бар күшті жеке компьютерлерді қолданумен сипатталады. Ақпараттандыру үдерістерін, оның себептері мен әлеуметтік салдарын философиялық түсінуге бүгінгі күні ерекше назар аударылатыны өте маңызды. Демек, білім беру саласында заманауи ақпараттық технологияларды дидактикалық құрал ретінде, кәсіби әрекеттердегі құрал ретінде, сараптық жүйе мен шешімдерді қабылдауды қолдау жүйесі ретінде, оқыту мен зерттеу

әрекеттерін шығармашылық құрайтындарды көтеру құралы ретінде бірнеше бағытта қолданылады.

Ақпараттардың қазіргі заманғы жаңа рөліне байланысты қоғамды ақпараттандыру үдерісі әлемдік ғылыми-техникалық прогрестің маңызды бағыттарының біріне айналып отыр. Білім берудегі инновациялық процестер мектептегі педагогикалық процесті жетілдіруді қажет етеді. Ақпараттық өркениетілік ғасыры компьютерлік сауаттылықтан ақпараттық сауаттылыққа көшуді талап етеді. Соның нәтижесінде ақпараттық мәдениеттілікке көшу мақсаты көзделеді. Сондықтан мектептегі білім берудің бүгінгі таңдағы мақсаты - бәсекеге қабілетті, ұлттық мәдениетті, әртүрлі бағыттағы білімді меңгеруге дайын, ақпараттық кеңістікте икемді әрі тез қимылдайтын, жаңа ақпараттық технологияларды меңгерген тұлғаны тәрбиелеу.

Ғаламдық телекоммуникациялар сыни ойлауды, көзқарасты білдіретін қисында дамытуға жәрдемдеседі. Сондықтан да бастауыш сынып мұғалімдері оқушылардың логикалық ойлауын дамыту үшін интренет желісінен де ақпараттарды саралап алып, тиімді қолдануы қажет.

Ақпараттық технологияларды білім беру ісінде пайдаланудың мақсаты оқу үдерісіне қатынасушылардың дер кезінде тиянақты білім алуын қамтамасыз ету және оқытудың жоспарланған сапасына қол жеткізу болып табылады. Бүгінгі таңда әрбір мұғалімнің коммуникациялық компьютерлік ортада жұмыс істеуі басқа коммуникациялық технологияларды пайдалану сияқты күнделікті әдетке айналуы үшін оларға электронды почта мен Интернеттен бастап, басқа да электронды құралдармен жұмыс істеу мүмкіншілігін туғызу қажет. Бұл мұғалімнің ақпаратты іздеу, әртүрлі құжаттарды дайындау саласындағы іс-әрекетін анағұрлым жеңілдетіп, оқу процесін жетілдіреді және жұмыс істей жүріп, кәсіби біліктілігін арттыруға, өздігінен білімін көтеруге мүмкіндік береді. Сондықтан мұғалімдерді кәсіби даярлауға қойылатын талаптардан тікелей туындайтын міндет бұл барлық пәндерді ақпараттық технологияларды пайдалануды көздей отырып, нақты жаңарту, оларға қосымша материалдарды кіргізу болып табылады. Осыған сәйкес арнайы пәндер бойынша компьютерлік оқыту бағдарламаларын, электрондық оқулықтар, электронды тасымалдаушыларда әртүрлі оқу материалдар дайындап, оларды оқу үдерісіне пайдаланудың мүмкіндіктері бар.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында көрсетілгендей, «ақпараттық құзыреттілік – ақпараттық технологияларды меңгеру, ақпараттың барлық түрлерімен жұмыс істей білуі» болып табылады [163]. Мұғалімдердің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі алдыңғы кезекте оқыту үдерісін ақпараттандыру және оқу іс-әрекетінің барлық түрінде ақпараттық технологияларды пайдалану үдерістерін үлгілеу мәселесімен байланысты. Бұл тұрғыда, компьютер қоршаған әлемді танудың құралы болып табылады. Осы орайда, ақпараттық технологияларды пайдалану тиімділігі, білім беруді дербестендіру мүмкіндіктері мұғалімдердің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігінің деңгейіне, білім беру үдерісінде ақпараттық технологияларды қолдануға тәуелді болады.



Зерттеушілердің пікірінше, құзыреттіліктердің ішіндегі маңызды компоненттердің бірі ретінде ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру, мұғалімдердің ақпараттық дүниетанымын қалыптастыру және оның сыртқы ақпараттық кеңістікпен өзара әрекеттесу мәселелері алынады. Еліміздегі қабылданған білім беру жүйесін ақпараттандыру тұжырымдамасы білім берудің барлық деңгейін ақпараттандырудың негізгі мақсаты мен міндетін, жолдары мен механизмдерін, бағыттарын анықтайтын көзқарастар жүйесі болып табылады.

Қазіргі педагогикалық білім беру тәжірибесі және әдебиеттерді талдай отырып, мұғалімдердің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін зерттеумен әртүрлі ғылым саласының өкілдері: философтар, әлеуметтанушылар, психологтар, педагогтар және т.б. әрқырынан зерттеген. Дегенмен, біз өз зерттеу тұрғымыздан ақпараттық-кәсіби құзыреттілік ұғымының мәнін ашып алуды мақсат еттік. Ең алдымен назар аударатын мәселе – ақпарат ұғымы, оның түрлері мен қасиеттері, ақпараттық үдерістер және оларды жүзеге асыру тәсілдері, ақпаратты сауатты басқару мен пайдалану, қоғам мен тұлға үшін құнды ақпараттарды қолдана алу қабілеттілігіне ие болу.

Философия ғылымында «ақпарат» ұғымына қатысты берілген әртүрлі бағыттағы анықтамаларды кездестіруге болады. Атап айтар болсақ, ғалым Л.Б.Баженов [164], И.В.Новик [165], Ә.Н.Нысанбаев [166] және т.б. ғалымдар ақпаратты барлық материалдық нысандардың қасиеті ретінде қарастырса, ал Н.И.Жуков [167], Г.Ж.Нұрышева [168] т.б. ғалымдар өз зерттеулерінде «ақпарат – өзіндік ұйымдастыратын жүйелердің жиынтығы» деп ұсынады.

Ақпарат, мазмұны жағынан сан түрлі болып келеді де, адам іс-әрекетінің түрлеріне байланысты жіктеледі: ғылыми, өндірістік, басқару (әлеуметтік-экономикалық), медициналық, экологиялық, құқықтық және т.с.с. Ақпараттың әрбір түрінің өзіне тән-өңдеу технологиясы, мазмұндық құндылығы, берілу түрлері және дәлділігіне қойылатын талаптары бар. Ақпаратты, техникалық құралдар көмегімен, өңдеу технологиясының талабы бойынша, ақпараттың жеке элементтерімен жұмыс істеп, олардың формалды сипаттамасын дайындап, өңдеп және сақталуын қамтамасыз ету қажет. Формалды түрде бейнеленген ақпарат «мәлімет» деп аталады.

Жоғарыда аталған ғалымдардың ақпарат ұғымына берген анықтамаларынан түйген ой-тұжырымымыз: ақпарат, бұл – адамдардың қарым-қатынасындағы мәліметтер мен білімдер, бірақ ең алдымен, объективті әлемдегі маңызды үдерістер. Ақпарат дегеніміз тұтынушыға бұрын белгісіз болған және оның зерттелетін объект (үдеріс, құбылыс) туралы түсінігін толықтыратын фактілерден тұратын мәліметтер жиынтығы. Басқаша айтқанда, ақпарат - тұтынушының мәлімет алмағанға дейінгі анықталмағандық туғызатын әсерін белгілі бір деңгейде шешетін құрал, объект туралы оның түсінігін кеңейтетін мәлімет.

Қазіргі уақытта «қоғамдық ақпараттандыру», «білім беруді ақпараттандыру» деген сөз тіркестері біздің сөздік қорымызда жиі кездеседі.

Олай болса ақпараттандыру дегеніміз ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерінің күнделікті тұрмысқа ауқымды енуінің нәтижесі, яғни адам өміріне іс-әрекеттік интеллектуалды түрлерінің жан-жақты әсер етуі мен ролінің жоғарылауына байланысты объективті прогресс. Ол оқыту мазмұны, әдісі мен ұйымдастыру түрлерінің өзгерістерін тездетеді. Бұл үрдістегі негізгі мәселе: білім берудің мазмұны мен мақсатын өзгерту болып отыр. Ал ондай мәліметтерді жинақтау құралы ақпараттық технологиялар болып табылады.

Ғалым С.М.Кеңесбаев «Білім беруді ақпараттандыру – білім беру саласының теориясы мен практикасына ақпараттық-коммуникациялық технологияны жан-жақты пайдалану және оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық - педагогикалық мақсаттарын жүзеге асыратындай жағдайда оның мүмкіндіктерін қолдану үрдісі» деген тұжырым жасай келе, жоғары педагогикалық білім беруде болашақ мұғалімдерді жаңа ақпараттық технологияны пайдалана білуге даярлаудың педагогикалық негіздерін зерттей отырып, білім беруде жаңа ақпараттық технологияны пайдаланудағы болашақ мұғалімнің даярлығын теориялық негіздеп, жаңа ақпараттық технологияны пайдаланудағы «мұғалім даярлығы» ұғымын және педагогикалық қызметке даярлықтың бірнеше деңгейін ұсынады [169].

Қазіргі уақытта біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең – ақпараттық кезең. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру педагогикалық үдерісті қоғамдық сұранысқа сай ұйымдастырумен сипатталады. Қоғам өмірінің ақпараттануы және компьютерлік техника құралдарының кеңінен таралуы білім берудің мазмұнына ғана әсерін тигізіп қана қоймай, сонымен қатар педагогикалық үдерістің нысандары мен әдістері, педагогикалық технологияларына де ықпал етуде.

Педагогикалық ғылымда «ақпараттық құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік» ұғымдарына бірнеше анықтамалар берілген. Мысалы, ғалым Б.Хантер «ақпараттық құзыреттілік – әрбір адамның компьютермен тілдесе білуі және ақпараттық қоғамда ол туралы толыққанды түсінік болуы» деп түсіндірсе [170], ал ғалым С.Р.Доманов өзінің диссертациялық зерттеуінде «мұғалімнің ақпараттық құзыреттілігі – педагогикалық қызметтің құралы ретінде есептеу техникасын қиындықсыз пайдалануға мүмкіндік беретін әдістер мен құралдарды пайдалануға мүмкіндік беретін білім мен дағдының деңгейі», - деп қарастырады [171].

А.Е.Абылқасымова мұғалімнің оқыту үдерісінде интернеттің ақпараттық – білім беру ресурстарын қоса алғанда әртүрлі ақпарат көздерін кеңінен пайдалану әдетке айналатын болады. Оқушылар интернеттің ғаламдық желісі арқылы әлемнің барлық түкпірлеріндегі әртүрлі ақпараттық деректерге қол жеткізеді, өздерін қызықтыратын тақырыптар бойынша басқа елдердің оқушыларымен бірлесіп жұмыс істей алады. Бұл олардың қосымша ақпараттар іздеуге, өздері алған нәтижелерді бағалауға ынталандырады. Мұғалім өзіне лауазым бойынша емес, беделді ақпарат көзі, сарапшы ретінде жүгінетін жетекшіге, үйлестірушіге, кеңесшіге айналады, – деген тұжырым жасаған.

Сондай-ақ, ғалым Ко Ен Чоль өз еңбегінде «ақпараттық құзыреттілік – әрбір адамға қажетті компьютер туралы білім және оларды қолдану дағдылары» деп тоқталса, [172] ал ғалым В.Н.Бусленко ақпараттық құзыреттілік ұғымына «ақпараттық құзыреттілік дегеніміз – компьютердің көмегімен жаза, оқи, сурет сала және қажетті ақпаратты іздеп, таба білу қабілеті»,- деген анықтама береді [173]. Ал, ғалым Т.М. Сорокина «кәсіби құзыреттілік – мұғалім біліктілігінің артуы, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінуі, жоғары деңгейге ұмтылудағы үздіксіз ізденісі, сондай-ақ, жаңалықты қабылдай алу қабілеттілігі және адами құндылықтарға сай бола отырып, сол құндылықтарды балаға сіңіре білуі», - деп жазады [174].

М.А.Ғалымжанованың ойынша, ақпараттық құзыреттілік: сыни тұрғыдан талданған ақпараттар негізінде саналы шешім қабылдау; мұғалімдердің кәсіби қызметінде кез келген проблема мен міндеттерді өз бетінше шешу, мақсат қою, оны негіздеу, жоспарлау және осы мақсаттарға жету үшін танымдық қызметтерді жүзеге асыру, табу, талдау, іріктеу жасау, қайта құру, сақтау, түсіндіру, ақпараттарды тасымалдау, оның ішінде қазіргі заманғы АКТ-ның көмегімен жүзеге асыру; логикалық операцияларды (талдау, жинақтау, қорыту, құрылымдау, тікелей және жанама дәлелдеме, ұқсастығы бойынша дәлелдеме, моделдеу, ойлау эксперименті, материалдарды жүйелеу) қолдана отырып, ақпараттарды өңдеу; қызметін жоспарлау және жүзеге асыру үшін ақпараттарды пайдалану мүмкіндігі [175].

Автор сонымен қатар зерттеу жұмысында ақпараттық қоғам жағдайында мұғалімдердің ақпараттық құзыреттілігін дамыту көрсеткіштерін төмендегідей анықтаған:

- білім беру жүйесінің әлемдік ақпараттық кеңістікке саналы түрде енуін қамтамасыз ету;
- ақпараттардың шексіз көлемі мен оны аналитикалық түрде өңдеуді қамтамасыз етуге даярлау;
- интерактивтік телекоммуникациялық технологияларды (Интернет, қашықтықтан оқыту, интерактивтік тақта және т.б.) қолдануға даярлау;
- ақпараттық-білімдік ортаны модельдеу мен жобалау қабілетін дамыту және осы дағдыны өзіндік кәсіби қызметтеріне қолдануға даярлау.
- ақпараттық ортада жеке тұлғаның шығармашылық сапасы және өзіндік ақпараттық ортаны құру дағдыларын;
- ақпараттық ортада коммуникативтік мәдениетті және өзара байланыс қызметтерін;
- ақпараттық ортада ақпаратты алу, таңдау, сақтау, қабылдау, түрлендіру, жіберу және бір-бірімен сабақтастыру мәдениеттерін дамыту. Автордың пікірін тұжырымдайтын болсақ, бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үшін аталған ақпараттық көрсеткіштерді меңгеруі тиіс, - деп санаймыз.

Жұмысымыздың алдыңғы тарауында талданып кеткен құзыреттілік мәселесі алдыңғы орынға мұғалімдердің ақпараттық сауаттылығын емес, оның мәселені дұрыс шеше білу қасиетін қояды. Егер бастауыш сынып

мұғалімдерінің құзыреттіліктерінің қалыптасуын кәсіби білім беру жүйесінің аумағында қарастырсақ, онда педагогикалық қызметтегі біліктіліктерінің қаншалықты деңгейде екендігі туралы айтуға болады. Кәсіби құзыреттілік деп педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, сондай-ақ, тәжірибесінің бір арнада тоғысуын айтамыз. Бастауыш сынып мұғалімдері жалпы әлемдік мәдениетті, қарым-қатынас мәдениетін, тіл мәдениетін игеріп, интеграциялық үдерістерді меңгеріп, әлемдік білім кеңістігінің өресінен шыға алғанда ғана ақпараттық-кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан маман ретінде танылары сөзсіз.

Сонымен қатар, мұғалімдердің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігінің арнайы, әлеуметтік және тұлғалық түрлеріне ерекше мән беріледі. Арнайы түрі – өзінің мамандығына сәйкес білімі, біліктілігі, дағдысы, жаңа білім мен білікті өздігінен меңгеруі, өз еңбегінің нәтижесін бағалауы, біліктілігінің болуы, ал әлеуметтік түрі – тіл туралы білімінің, коммуникативті мәдениетінің, басқамен ынтымақтастыққа қабілеттілігінің, өзінің іс-әрекетінің нәтижесіне, қоршаған ортаға дайындығының болуымен сипатталады. Тұлғалық түрі – өзін-өзі тану бойынша біліктілік, дағдысын жетілдіруде кәсіби дайындығының болуын қажет етеді.

*Педагогикалық энциклопедияда* ақпараттық білімді педагогика бағыты ретінде ұстанып, студенттердің білім алуында көпшілік коммуникация құралдарының баспасөз, теледидар, радио, кино, видео және т.б. еркін қолдана білуі қажеттігі туралы айтылады. Бұл бізге оқыту үдерісінде қажетті ақпаратты пайдалануға, оны сараптауға, жеке индивидті хабарды жасауға, интерпретациялауға, коммуникация үшін өздеріне қолайлы ақпараттық технологияларды таңдауға және салыстыра қарауға мүмкіндік береді. Білім адамдардың құқығын алған ақпаратын, өзінің ойын еркін жүзеге асыруға мүмкіндік береді, ол адамның жеке дамуына ғана емес, әлеуметтік белсенділігі және интербелсенді болуын қамтамасыз етеді.

Білім беруді дамыту - адам өмірінің аяғына дейін қажетті оқу тұжырымдамасының бір бөлігі болып табылады. Оқыту үдерісінде білім беру, тәрбиелеу мен дамытуды жүзеге асырылатыны белгілі, олай болса, мұғалімдердің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда бұл заңдылық басшылыққа алынады.

Оқыту үдерісінің міндеттері, мазмұны, формалары және әдістерінің өзара байланысына қатысты заңдылығын мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану тұрғысынан қарастырылды. Бастауыш сынып мұғалімдерінің негізгі міндеттері: заманауи ақпараттық жағдайда оқушыларға білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар туралы терең түсінігінің болуы, оны оқушының қажетіне қарай қолдануға үйрету, оның адам психикасына әсерін ұғыну, техникалық құралдар көмегімен коммуникацияның сөз жүзінде емес формасында адаммен қатысу тәсілдерін меңгерту. Мұның арасында әрине, «оқыту үдерісіне қатысушылардың құқығының теңдігі» туралы идеяны

және ақпараттық сауаттылықты дамытудың этикалық жағын да ескеру керек, - деп санаймыз.

Мұғалімнің ақпараттық құзыреттілігі мұғалімнің білім беру іс-әрекетінің, ғылыми-білім беру іс-әрекетінің ақпараттық аспектісінің сапалы сипаттамасына қажетті бөлігі болатын мұғалімнің ақпараттық құзыреттілігінің бір бөлімі болып саналады. Мұғалімнің ақпараттық құзыреттілігі білімнің, біліктіліктің, икемділіктің және рефлексивтік нұсқамалардың кешені болған жағдайда ақпараттық ортамен қарым-қатынас кезінде көрсетіледі.

Н.Насырованың еңбегінде ақпараттық құзыреттілікті дамыту процесінің бастапқы қағидалары мыналар болып есептеледі:

- уәждеме, білім алуға деген қажеттілік және қызығушылық, техникалық, ақпараттық орта мен ақпарат саласындағы біліктіліктер мен икемділіктер;
- қазіргі кездегі ақпараттық қоғамның жүйесін қамтып көрсететін қоғамдық, жаратылыс және техникалық білімнің жиынтығы;
- іздестіру танымдық іс-әрекетінің ақпараттық негізін құрайтын мағлұматтар;
- ақпараттық қамтамасыздандыру мен техникалық ресурстар саласындағы іздестіру іс-әрекетінің тәжірибесі;
- «адам-компьютер» арасындағы қарым-қатынас тәжірибесі [176].

Кәсіби, әдістемелік және жалпы мәдени білімнің күрделі жиынтығына сүйенетін, әртүрлі ақпараттың берілуі мен алуының белсенді білуінің әдістерін, білім берудегі қазіргі заманға сай ақпараттық технологияларды меңгеруін меңзейтін ақпараттық құзыреттілік мынадай біліктіліктерді тұспалдайды:

*Ақпараттық біліктер:*

- ❖ Мәтіндік және сандық ақпаратты редакциялаудың жалпы тәсілдерін меңгеру;
- ❖ Пәндік салалардың ерекшеліктеріне сәйкес келетін (формулаларды енгізу, жалғансызба нұсқаның таңбаларын мәтіннің көркемдік безендірілуін, графикалық нысандардың енгізілуін пайдалану және т.б.) мәтіндік реакциялаудың тәсілдерін меңгеру;
- ❖ Ақпаратты электрондық күйде сақтау, көшіру және тасымалдау тәсілдерін меңгеру;
- ❖ Мәтіндік және сандық редакциялаудың жалпы тәсілдерін меңгеру;
- ❖ Электрондық мультимедиялық тасымалдауыштағы (энциклопедиялар, анықтамалықтар, оқулықтар) және Интернет желілеріндегі ақпаратты іздеу машықтарын меңгеру;
- ❖ Презентациялық технологиялар құралдары арқылы ақпаратты көрсету;
- ❖ Ақпаратты трансляциялау және білім беру үдерісімен ере жүретін ақпараттық технологиялар және т.б. құралдарын пайдалану.

*Сараптамалық біліктер:*

- ❖ Негізгі дидактикалық (ғылымилық, қол жетімділік, бейімділік және т.б.), эргономикалық және техникалық талаптарды ескере отырып Интернет желісінің педагогикалық бағдарламалық құралдары мен ресурстарын талдау;

❖ Электрондық ресурстардың, олардың интерактивті деңгейінің және педагогикалық құрамдас бөлігінің ақпараттылығының білім беру потенциалын бағалау;

❖ Электрондық ресурстарды әралуандық құралдар мен ақпаратты ұсыну түрі, білім беру үдерісін ұйымдастырудың әдістері, оқушыларды белсенді танымдық іс-әрекетіне тарту көзқарасынан сапасын бағалау.

*Прогностикалық біліктер:*

❖ Алға қойған дидактикалық мақсаттардан шығатын білім беру үдерісіндегі оқу міндетінің бағдарламалық құралдары мен Интернет желісі ресурстарын тиімді пайдалануын болжау;

❖ Желілік қарым-қатынас негізінде кооперациялық іс-әрекетті қоса АКТ ресурстарымен мұғалімнің және оқушының іс-әрекетінің ең тиімді ұйымдастырушылық тәсілдерін болжау;

❖ Нақты ресурстарды пайдалана отырып оқу нәтижесін болжап білу, ықтимал ауытқушылықты және жағымсыз нәтижелерді және т.б. алдын ала болжау.

*Жобалаушылық біліктер:*

❖ Электрондық ресурстарды пайдалану және нақты әдістемелік ұсыныстарды жасаумен осы нақты әдістемелік ұсыныстарды кәсіби іс-әрекетте пайдаланумен қоса (білім берудің мақсаты мен мазмұнын нақты педагогикалық міндеттерге аудару) оқу-тәрбиелілік үдерісті жобалау;

❖ Ақпараттық технологияларды және т.б. пайдалана отырып нақты оқу тәртібінен сабақ беруге қажетті оқу құраладырының жүйесін қалыптастыру.

*Ұйымдастырушылық біліктер:*

❖ АКТ құралдарының қарамағына берілетін және соның негізінде оқу үдерісінің ұйымдастырылуы ақпараттық үлестірілген ресурстың, педагогикалық мақсатты пайдалану әлеуетін қамтамасыз ету;

❖ Соңғы нәтижеге бағытталған педагогикалық үдерісті басқару дағдылары;

❖ Оқушының интеллектуалдық әлеуетінің, олардың білімінің, біліктерінің және дағдыларының бақылау және бағалау деңгейін орнату компьютерлік тестілеу, диагностикалау әдістері негізінде, жаттыққандықтың, оқуда ілгеру басудың деңгейін психологиялық-педагогикалық тұрғыдан диагностикалау;

❖ Оқушыларды АКТ және т.б. құралдар негізінде пәнаралық сипаттағы белсенді зерттеушілік, жобалық іс-әрекетке қызықтыру арқылы уәждемесін арттыру.

*Коммуникациялық біліктері:*

❖ Асинхрондағы (электрондық пошта мен форумдар арқылы) және синхрондағы (чат-сессиялар, ICQ) желілік өзара әрекет дағдыларын меңгеру;

❖ Желілік өзара әрекетке қатысатын, көптеген субъектілер үшін қажетті мәселенің ұжымдық талқылануына шығару мақсатында мәселенің көкейкестілігі мен жобалануын оның ауықымдылығын бағалау;

❖ Мәселенің сипатына сай келетін желілік өзара әрекеттің (немесе оның қиыстырылуы) әдісін таңдау;

❖ Мәселенің мәнін нақты көрсету үшін және оның шешімін қолма-қол қамтамасыз ету және т.б. үшін таңдап алған әдістің барлық мүмкіндіктерін пайдалану.

*Бағдарлаушылық біліктер:*

❖ Оқушылардың моральдық-құндылық нұсқамасының қалыптастырылуына деген дайындығы (әсіресе Интернет желісінде жұмыс істегенде);

❖ Интернеттің мәдени кеңістігінің тиімді маңызын оқушыларға АКТ құралдары арқылы мәдени білімдер тәсілдерін меңгерту ;

❖ Оқушылардың қазіргі кездегі ақпараттық ортада және т.б. қоғамдық бейімделуі және мәдени дамуға дайындығы.

❖ Осылайша, ақпараттық құзыреттілікті меңгере отырып кез-келген пән саласындағы мұғалім мынадай мүмкіндіктерге қол жеткізе алады:

а) кең ауқымдағы оқулық және ғылыми ақпаратқа қол жеткізу;

б) оқу үдерісінің компьютеризациялануы;

в) әртүрлі ақпарат түрін жүйелендіру және жалпылау;

г) жаңа ақпаратты құрастыру және оны өз кәсіби іс-әрекетінде пайдалану;

д) жаңа оқу бағдарламаларын немесе жаңартуларды әзірлеу;

е) басқа ОУ-н әріптестерімен жедел қатынасу.

Қазіргі кезде ақпараттық білім берудің нәтижелерін белгілеу ретінде, «ақпараттық мәдениет» термині қолданылуда. Ал, ақпараттық мәдениеттің құндылығы - жеке тұлғаға өзін-өзі іс жүзінде көрсетуіне және өзін-өзі жетілдіруіне мүмкіндіктер туғызу арқылы өмірлік көзқарасын, санасын, өмірлік танымының қалыптастыруына қоғамдық ортадағы орнын анықтауына ықпал ете отырып, рухани тұрғыда байытады.

Жеке тұлға мен қоғамның ақпараттық мәдениетін қалыптастыру үздіксіз білім алу мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге ықпал етеді. Біріншіден, ақпараттық мәдениет жеке тұлғаның әлеуметтік жағынан қорғалуына, өздігінен білім мен қарулануға дағдылануына, өзінің жеке тәртібі мен мінез-құлқын қалыптасуына тікелей әсер ететін құрал ретінде көрінеді. Екіншіден - ақпараттық мәдениет еріктен тыс әрекеттерден қорғауға, кез-келген саланың-әлеуметтік, экономикалық техникалық салалардың принциптік негіздегі шешімдерін жан-жақты талдай отырып кепіл болуға әрекет етуші құрал.

Зерттеуші А.Б.Медешова бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі, педагогика және психология, физика және информатика мамандықтары бойынша элективті курс бағдарламаларын ұсынып, онда ақпараттық технология негізінде электрондық оқу құралдарын жасақтауға және оны тиімді қолдану әдістемесін оқып-үйретуге көңіл бөледі. Н.Ғ.Даумов Интернет арқылы оқушылардың зерттеу қызметін дамыту жолдарын көрсете отырып, соған студенттерді даярлау мәселесін қамтыса, А.Х.Қасымова колледж оқушыларының ақпараттық мәдениетін қалыптастыруды курстарды мазмұндық интеграциялау негізінде жүргізуді ұсынады. Ал, Б.К.Тұлбасова өз зерттеуінде ақпараттық мәдениеттің алғашқы баспалдағы ретінде компьютерлік сауаттылықты қарастырып, оны меңгеру мен студенттің дайындық жүйесіндегі қол жеткізілген шеберлік деңгейлерін элементарлық -

қалыптасу, функционалды – ізденім, жүйелілік-шығармашылық деңгейлері деп бөліп көрсетеді.

Қазіргі мұғалімдердің ақпараттық мәдениеті *білімдік* және *қызметтік* болып екі түрге бөлініп, қарастырылады. *Білімдікке* кәсіби білімділік пен кәсіби бағдар жатады, ал *қызметтікке* кәсіби ізденіс пен кәсіби тәжірибе жатады. *Кәсіби лайықтылық* – оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың тиімді әдістерін табуға және дамытуға бағытталған ойлау стилінің қалыптасуы.

*Кәсіби шеберлік* – кәсіби сауатты шешім қабылдай білу тәжірибесінің болуы.

Ақпараттық мәдениет – тек компьютермен дұрыс жұмыс істей білу емес, кез келген ақпарат көзін – анықтамаларды, сөздіктерді, энциклопедияларды, теледидар бағдарламаларын, т.с.с. дұрыс пайдалана білу, ақпараттық мәдениет – әңгімелесе білу, теледидар, хабарды (интернетті) талғамды түрде қарау, алынған мәліметті ой елегінен өткізіп, талдай білу және өзгелердің еркіндігіне әсер ететін жағдайларда өз еркіндігіңді шектей білу деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Ақпараттық мәдениет дегеніміз – ақпараттармен жұмыс істеу технологияларын және тәсілдерін, іздеу, беру, ақпараттарды өңдеу мен талдау дағдыларын меңгеру болып табылады.

Сонымен, бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық мәдениетінің мазмұны екі бөліктен: білім жүйесі және қызмет жасаудан тұрады (сурет 2).



Сурет 2 – Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық мәдениеті



Адамның ақпараттық мәдениеті – педагогтың да, білім алушының да білім алу әрекеттеріне қажетті жалпыадамзат мәдениетінің бір бөлігі, ғылыми білім алу әрекеттері құрамындағы олардың ақпараттық әрекеттерінің сапалы сипаты болып табылады. Ақпараттық мәдениет ақпараттық ортамен өзара әрекет етуде білім, дағдылар, шеберліктер мен шартты нұсқаулар кешенінің болуымен сипатталады, ол арнайы ақпараттық үдерістерді жүзеге асыруда байқалады.

Сауатты педагог өзінің ақпаратқа зәру екенін түсінуі керек, оны нақты шешім қабылдау үшін ұқсастыра білуге, таратуға, бағалауға және тиімді қолдана білуге қабілетті болуы керек. Ақпараттық мәдениет ақпараттық әрекеттерге деген қызығушылықта, оның білім алу үдерістеріндегі маңызды рөлін түсінуде, ақпараттар көздерін саналы түрде таңдай білуде және оларды өңдеудің алгоритмдерін меңгеруде, дәстүрлі, электрондық, желілік және басқа да ақпараттық қорларды кешенді қолдануда, өзін ақпараттарды тасушы және таратушы ретінде сезіне білуде, белсенді ақпараттық мінез-құлықта байқалады.

Болашақ педагогтардың ақпараттық құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесіне байланысты зерттеулердегі түйінді ойлардың біздің жұмысымыз үшін маңызы зор. Солардың бірі Н.Катаевтың зерттеуінде студенттердің ақпараттық құзыреттілігіне төмендегілерді жатқызған:

- *ақпараттық ізденісті жоспарлау*: өзіндік жұмыстың тақырыбына сәйкес ақпаратты іздестірудің жоспарын құрып, оны орындауда қажетті шешім қабылдайды.

- *алғашқы ақпаратты алу*: өзіндік жұмыстың тақырыбына сәйкес ақпарат құралдарына өздігінен мониторинг жүргізіп, статистикалық, тарихи көздерден, ақпараттарды алуды жоспарлайды.

- *екінші қайтара ақпаратты алу*: орындалатын өзіндік жұмыстың мақсатын түсініп, өздігінен анықтаған ақпараттар бойынша мәліметті ала алады.

- *ақпаратты алғашқы өңдеу*: қажетті ақпараттарды өзі таңдаған күрделі жұмыстарға сәйкес жүйелейді.

- *ақпараттарды өңдеу*: тексеруге қажетті ақпаратты өздігінен шығарады және ақпараттың нақтылығын тексеру тәсілдерін қолдананып, түрлі көзқарастарды сыни талдау немесе алғашқы ақпарат пен соңғы ақпаратты салыстыру негізінде қорытынды жасайды, өзінің алған дәйектерін немесе өздігінен алған ақпараттарды негіздеу құзыреттілігін қалыптастырады [178]. Бүгінгі білім алушы ертеңгі маман екенін ескерсек, ақпараттық-кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан мұғалім болуы үшін автордың ұсынып отырған құзыреттілігін толық меңгеруі тиіс.

Мұғалімнің ақпараттық құзыреттілігі оның кәсіби құзыреттілігінің бір бөлігі болғандықтан, бүгінгі күні білім беру үдерісінің сапасын арттыратын құралдардың негізгісі ретінде танылады. Ақпараттық құзыреттілік педагогтың ақпараттық ортамен әрекеттесуін қамтамасыз ететін білімдер, біліктер, дағдылар және рефлексивтік установкалардан түзіледі. Бұл мәселені

қарастырған авторлар зерттеген ғылыми ссалаларына байланысты әртүрлі құрылымда қарастырады.

Атап айтсақ, С.В.Тришинаның еңбегінде ақпараттық құзыреттіліктің төмендегідей копоненттері айқындалған:

1) *когнитивтік* – ақпаратты талдау, өңдеу, алу, жіберу, болжау, сақтау. Басқаша айтқанда, кәсіби әрекетте ақпаратты пайдалана алу жайлы білімдердің болуы;

2) *құндылық-мотивациялық* – тұлғаның өзін өзі жетілдіруіне әсер ететін ақпаратқа деген қызығушылықтар мен оны меңгеруге деген құндылықтары

3) *техникалық - технологиялық* – негізгі құрал компьютер арқылы ақпараттық оқу мақсаттарына сай материалдармен жұмыс жасай алу;

4) *коммуникативтік* – қарым қатынас орнату, хабарды жеткізу үшін тілдерді (вербальді, вербальді емес) пайдалана алу;

5) *рефлексивтік* – тұлғаның ақпараттық ортада өз орынын айқындайтын өзіндік санасы мен өзіндік бағасы, басқалар жайлы пікірі [179].

В.В.Котенко и С.Л.Сурменко төмендегідей компоненттерді қарастырады:

1) *құндылық-мотивациялық компонент* – компьютерлік технологилар арқылы білім алуға қызығушылықтың болуы;

2) *когнитивтік компонент* – ақпаратпен жұмыс жасау білімдері мен біліктері;

3) *іс әрекеттік компонент* – ақпарат алу үшін ақпараттық технологияларды пайдалана алу;

4) *педагогикалық рефлексия* – кәсіби әрекет барысындағы өзіндік сын мен өзін өзі жетілдіру.

Е.Ы.Бидайбеков студенттерді ақпараттық технология құралдарын қолдануға әдістемелік тұрғыдан дайындау мәселесін зерттеген. Білімдендіруді ақпараттандырудың жалпы мәселелері, оның бағыттары, оны жоғары оқу орындарында мамандар дайындау мен бағыты ретінде қарастырған [180]. Сонымен қатар, автор мұғалім еңбегінің тиімділігін арттыруға бағытталған қазіргі кезде жасалынған, жалпы орта білім беру жүйесінде пайдаланылатын бағдарламалық құралдарды атап көрсеткен. Олар:

- өзінің кәсіби қызметін іске асыру үшін қажет;
  - ақпараттық ресурстар мен электрондық ақпараттарға қол жеткізу құралдары;
  - оқытудың мазмұны мен әдістерін жоспарлау құралдары;
- мұғалімнің қолында бар, оқу және әдістемелік ресурстың әрқайсысын пайдалануды жоспарлаудың ішкі жүйесімен қоса, оқу және әдістемелік материалдарды қысқа және кеңейтілген сипаттау құралдары;
- оқу сабақтарын, сабақтан тыс шараларды, мектеп оқушыларының өзіндік қызметтерін жоспарлау мен ретке келтіру құралдары;
  - әр оқушы мен әр сабақ бойынша жекеленген мәліметтерді ескеруге мүмкіндік беретін жүйелер мен мәліметтер қоры;
  - оқушылар мен оның ата-аналарымен тез қарым-қатынас жасауды жолға қоюға мүмкіндік беретін телеқатынастық құралдар, әр оқушы оқуының нәтижелері мен барысы туралы ата-аналарына ақпарат беру құралдары

жататындығын атап өтуге болады [181]. Біз автордың пікіріне қосыла отырып, ақпараттық құралдарды пайдалану мұғалімдер үшін де тиімді екенін ескере отырып, тәжірибеге енгізу қажет, - деп санаймыз.

Бүгінде бастауыш сыныптардың барлық пәндері бойынша Республикалық ақпараттану орталығы дайындаған электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны басқа да электронды ресурстарды пайдалану арқылы ұйымдастырылуы көзделген. Ол үшін мұғалімдердің ақпараттық-кәсіби құзыреттіліктері қалыптасқан болуы керек. Сонда ғана оқушылардың оқуға қызығушылығын арттырып, оқу іс-әрекетінде жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындатуда ақпараттарды тауып, оны сақтап, жүйелеуге, электрондық оқулықтардағы модульдік тапсырмаларды өздігінен шешетін, шығармашыл тұлға қалыптастыра алады.

Мұғалім келесі іс-әрекеттерді АКТ көмегімен орындауды іске асыра алса, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар аймағында құзыретті болады:

- оқыту үшін қосымша ақпараттарды Интернет-қорларды пайдаланып іздеу және сұрыптау жүргізе алады;

- білім беру ақпаратын түрлі компьютерлік орталарды пайдаланып оқушыға ұсынады;

- өзінің кәсіби деңгейін көтеру мақсатында Интернет-конференцияларға, оқытушылардың желілік бірлестіктерінің жұмыстарына қатысады;

- стандартты қосымшалар мен бағдарламалық қабықшалардың негізінде оқушылардың білімін рейтингтік бағалау жүйесі мен компьютерлік тесттер жасай алады;

- Интернет-қорлардан оқуға арналған өзінің мәліметтер қорын қалыптастырады;

- стандартты қосымшаларды пайдаланып электронды тасымалдаушылар-да оқу материалдары мен оқулықтар жасайды;

- оқушыларды оқыту және тәрбиелеу мақсатында дайын мультимедиялық жасалымдарды қолданады;

- стандартты қосымшалар мен арнайы компьютерлік бағдарламалардың көмегімен оқу-тәрбиелеу үдерісін басқарады.

Мұғалімнің АКТ-құзырлығының қалыптасуы үш сатыда өтеді:

- базалық – орта мектеп, оқушы іс-әрекеті мен қарапайым тұрмыстық міндеттерді шешуде ақпараттық технологияларды қолдану дағдылары қалыптасады;

- жалпы – педагогикалық жоғары оқу орнының 1-2 курстары, ақпараттық технологияларды күнделікті студенттік міндеттерді шешуде пайдалану дағдылары қалыптасады;

- кәсіптік – педагогикалық жоғары оқу орнының 3-5 курстары, кәсіптік педагогикалық міндеттерді АКТ пайдаланып шешу дағдылары қалыптасады.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды толық меңгеруі тиіс екенін ескерсек, жоғарыда аталған құзыреттіліктерді жетік білгеннен кейін ғана оларды оқыту үдерісінде әр пәнде еркін қолдана алатын

болады. Бұл өз кезегінде мұғалімнің компьютерлік танымдық-ойындарды, тапсырмаларды дайындауы мен оларды орындауда оқушылардың білім алуға деген қызығушылығы мен белсенділігін арттыратыны сөзсіз.

Ақпараттық технологияларды пайдаланудың білім берудегі әлеуеті көп жоспарлы және мынадай жаңа мүмкіндіктерді береді:

- білім беру мазмұнын таңдаудың әдістемесі мен стратегиясын жетілдіру; жаңа оқу пәндерін енгізу мен дамыту; сондай-ақ әдеттегі пәндерді оқытуға өзгерістер енгізу;

- оқытудың тиімділігін, жекеленуі мен дифференциациялануын көтеру, кәсіби дайындық үрдісінде өзара әрекеттесудің жаңа формаларын ұйымдастыру, білім алушы мен білім алатынның іс-әрекеттерінің мазмұндары мен сипатын өзгерту;

- оқу үдерісін басқаруды, оны жоспарлауды, ұйымдастыруды, бақылауды жетілдіру, білім беру жүйесін басқаруды жаңарту.

Мына жағдайлардағы:

үлгілеу арқылы танымдық әрекеттерді ұйымдастырудағы;

- мультимедиа құралдарының көмегімен кәсіби араласудың типтік жағдайларын боямалаудағы;

- алған білімдерді жаңа жағдайларда қолданудағы;

- меңгерілетін шеберліктер мен білімдерді тиімді жаттықтырудағы;

- оқыту нәтижелерін автоматты түрде бақылаудағы;

- кері байланысты орната білу қабілеттілігіндегі;

- шығармашылық ойлауды дамытудағы;

- көзбен шолу және дыбыстық формаларды оқу бағдарламаларында біріктіру мүмкіндіктеріндегі – ақпараттық технологиялардың басымдығы қарқынды көтеру арқылы практиканы өткізу үдерісін тездету, оқытуды жекелеу, жағдайларды үлгілеу, әр үйренушінің белсенді уақыты мен көрнекілікті көбейтумен байланысқан көптеген мәселелерді шеше алады.

А.Е.Берикханованың пікірі бойынша, ақпараттық технологиялардың көмегімен оқытуды ұйымдастыру ұстанымдарын дайындай отырып, бір жағынан, оқытудың негізі ретіндегі ақпараттық технологиялар тәсілдерінің дидактикалық ерекшеліктері мен оқыту функцияларын, ал екінші жағынан, қазіргі деңгейде білім берудің жалпы жүйесінің элементі ретіндегі осындай оқытудағы дидактикалық ұйымдастыру бағыттарын назардан шығармаған жөн [182]. Ең алдымен компьютерлік әдісті технологиялық көзқарас тұрғысынан елестету керек. Компьютерлік оқытудың мотивациялық әлеуеті өте зор. Мұнда дұрыс құрастырылған электрондық оқулық немесе компьютер оқытушыға оқу үдерісінде жекелеуге немесе дифференциациялауға көмектеседі, сонымен қатар компьютер-құпиялықты сақтаудың кепілі.

*Ақпараттық құзыреттілік* өзі туралы оқушылар мен олардың ата-аналарының, басқа ұстаздардың жұмыс тәжірибесі жөнінде ақпаратты білу мөлшерін қамтиды.


*Регулятивтік құзыреттілік* оқытушының өз іс-әрекетін басқара білу мүмкіншілігін білдіреді. Оған мақсаттылық, жоспарлау, тұрақты белсенділік

пен өзін көрсете білуі, рефлексия, іс-әрекетінің бағасы енеді. Іс-әрекеттің негізгі факторы – ізгілік, құндылық болып табылады.

*Интеллектуалды-педагогикалық құзыреттілікті* талдау, синтез, салыстыру, қорытындылау, нақтылау сияқты қарастыра білудің кешені, аналогия, қиял, ойлау қабілетінің икемділігі мен сындылығы ретіндегі зерденің қасиеті түрінде қарастыруға болады деген анықтамалар да қарастырылады [183].

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігінің АКТ арқылы қалыптасу жолдарын төмендегі суретте келтірдік.

Сурет 2 - Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жолдары



Бүгінде бастауыш сынып мұғалімдеріне қойылатын талаптар бұрынғы талаптардан өзгеше. Атап айтар болсақ, олар:

- ақпараттық-байланыс технологиялары мен техникалық құралдарды пайдалану арқылы ақпарат көздеріне кедергісіз қол жеткізе білуі;
- ақпараттық-байланыс технологияларын тиімді таңдай отырып, кең көлемдегі ақпаратты дер кезінде, жылдам әрі сапалы түрде іріктей алуы;
- ақпараттық-байланыс ортасына ие болуы;
- игерген білімі негізінде жаңа білімді тудырып, оны кез келген іс-әрекетте қолдана алуы;
- кәсіби оңтайлық, әлеуметтік белсенділік таныта білуі;
- аралас салада құзыреттілігінің болуы;
- жылдам әрі тиімді шешім қабылдай алуы;
- өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі көрсете білуге, өзін-өзі дамытуға қабілетті болу керек.

Тұлғалық-бағдарлы бағытты қалыптастыру аясында құзыреттілік тұрғысына көшу нәтижесінде ақпараттық қоғамда өмір сүруге қабілетті білікті

маман пайда болады. Осылайша, жалпы білім беру нәтижесінде ақпаратты өз бетінше іздестіру, таңдау, ұйымдастыру, ұсыну, тарата алу, нысандар мен үдерістерді жобалай алу қабілетін көрсететін құзыреттің ең маңызды түрлерінің бірі ақпараттық құзырет қалыптасатындығы анық.

Ақпараттық-кәсіби құзыреттілік аса маңыздылардың бірі болып табылады, өйткені ақпарат адам өмірінің материалдық ортасын қалыптастырып, тұлғааралық қатынастарды жүзеге асырудың негізгі құралы қызметін атқарады. Біз, өз зерттеу жұмысымызда мұғалімдердің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру көрсеткіштерін төмендегідей анықтадық:

- білім беру жүйесінің әлемдік ақпараттық кеңістікке саналы түрде енуін қамтамасыз ету;
- ақпараттардың шексіз көлемі мен оны аналитикалық тұрғыда өңдеуді қамтамасыз етуге даярлау;
- интерактивтік телекоммуникациялық технологияларды (Интернет, қашықтықтан оқыту, интерактивтік тақта т.б.);
- ақпараттық-білімдік ортаны модельдеу мен жобалау қабілетін дамыту және осы дағдыны өзіндік кәсіби қызметтеріне пайдалануға дайындау;
- ақпараттық ортада жеке тұлғаның шығармашылық сапасы және өзіндік ақпараттық ортаны құру дағдыларын, коммуникативтік мәдениетті және өзара байланыс қызметтерін, ақпаратты алу, таңдау, сақтау, қабылдау, түрлендіру және бір-бірімен сабақтастыру мәдениеттерін дамыту.

Ақпараттық-кәсіби құзыреттілік келесідей іс-әрекеттерді қамтиды:

- ақпаратты дәстүрлі түрден қолданбалы программалар және мультимедиялық технологиялар электрондық түрде қайта құру туралы теориялық білімі;
- компьютердің, интерактивті құралдардың көмегімен ақпаратты беру, сақтау, өңдеу мен тасымалдау тәсілдерін білуі;
- операциялық жүйелер мен оларды баптауды қолдана отырып, дербес компьютерде жұмыс жасау біліктілігі мен дағдысы;
- интернет-технологиясы көмегімен өз бетіндік жұмысты ұйымдастыру біліктілігі;
- нақты пән бойынша, оның ерекшелігін ескере отырып, телекоммуникациялық технологияларды қолдану дағдысы.

Зерттеу жұмысымызды талдай келе, бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда төмендегідей біліктіліктерге ие болатындығын тұжырымдадық:

- интернеттен белгілі мекен-жай бойынша ақпарат іздеу (google.kz, genpi front.ru т.б.);
- қолданбалы программалар және мультимедиялық технологияларды қолдану арқылы дидактикалық тапсырмаларды дайындау (сөзжұмбақ, ребус, практикалық тапсырмалар);
- жұмыстың мақсатына сәйкес графикалық ақпаратты және дыбыстық ақпаратты таңдау;

- бір электрондық көріністен екіншісіне мәтіндік ақпаратты қайта құру (форматтау және редакторлау) ақпараттың алуан түрлерін (мәтін және бейне) бір құжатқа қолданбалы программалар арқылы біріктіру, ақпараттың алуан түрлерін және мультимедиялық презентацияны көрсету;
- тұсау кесер және демонстрация түрінде, қатты дискіде мультимедиялық тұсаукесер түрінде берілген аралас ақпаратты сақтау құзыреттілігі;
- жаһандық желіден алынған ақпаратты жинақтап түрлендіру болып табылады.

Қазіргі таңда бастауыш сынып мұғалімдерінің құзіреттілігін үздіксіз жетілдіруде мынадай міндеттер жүктеліп отыр:

- мамандығы бойынша негізгі дайындығы болуы;
- адамдардың адамға, қоғамға қатынасын реттейтін құқықтық және этикалық нормаларын білуі;
- қазіргі білім беру технологиясын пайдалана отырып жаңа білім алуы және өз еңбегін ғылыми негізде ұйымдастыра білуі;
- компьютерлік техниканы меңгеруі;
- электрондық оқулықтарды пайдалана алуы;
- ғылыми іскерлік, қоғамдық, саяси, және тұрмыстық тілдер ауқымында мемлекеттік және шетел тілдерінде сөйлесе білуі.

Мұғалімдердің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру білім беру мазмұны арқылы жүзеге асырылады: оған пәндік білім мазмұны ғана емес, сонымен қатар кәсіби дағдылар мен біліктер де енеді. Мұның бәрі бірлесе келе, педагогтің тұлғасын дамытады, қалыптастырады, ол қызметінде, яғни, практикада өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жүзеге асыру тәсілдерін игереді. Сонымен қатар, мұғалімдердің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігінің құрылымы ол игерген педагогикалық біліктер арқылы ашылады, ал біліктер педагогикалық міндеттерді шешуге бағытталған және теориялық білімге негізделген, үздіксіз дамитын әрекеттердің тұтастығы арқылы ашылады.

Қорыта келе, көздеген мақсатқа жету үшін бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзіреттілігінің қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың *төмендегідей ерекшеліктерін* атап өтуге болады. Олар:

- кәсіби білімінің теориялық тереңдігіне бағыттылық;
- оқу материалын меңгертуде практикалық талдаудан теориялық білімге өту, дамыта және тұлғалық-бағдарлы оқыту принципін басшылыққа алу;
- жалпы оқытудың әдістері мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгеруге бағыттылық;
- оқыту үдерісінде электрондық ресурстарды терең меңгеріп, оны пайдалана алуы;
- бастауышта оқытатын пәндер бойынша жарық көрген электрондық оқулықтарды оқыту үдерісінде қолдануы;
- оқыту үдерісін шығармашылықпен ұйымдастыруы, интерактивті тақтаның барлық мүмкіндіктерін (тұсау кесер, флипчарт) қолдануы;

- оқыту үдерісінде оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға бағыттылығы;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқыту үдерісінде қолдану арқылы оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстармен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде өздерінің кәсіби әлеуетінің дамуына жол ашуы;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқыту үдерісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттыру;
- оқыту әрекетінің нәтижесі, яғни мұғалімнің өзін өзі ұйымдастыруы, өзін өзі дамытуы, өзін өзі жүзеге асыруы, өзін өзі жетілдіруі, өзін өзі тәрбиелеуі;
- бастауыш сынып мұғалімдерінің оқыту үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануы негізінде сабақтың өнімділігін және білім сапасын арттыруы;
- оқыту үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың тиімділігін көре біліп, білім сапасына қолжеткізуін қамтамасыз ете алуы.

Сонымен, ғылыми зерттеулердегі талдау көрсеткендей, «кәсіби құзыреттілік» пен «ақпараттық-кәсіби құзыреттілік» ұғымдарына берілген анықтамаларды, зерттеу жұмыстарын басшылыққа ала отырып, біз мынадай тұжырым жасадық: *ақпараттық-кәсіби құзыреттілік*, бұл – мұғалімдердің алдына қойған міндеттерді шешу мақсатында алынған ақпаратты сын көзбен бағалай, талдай, жүйелей әрі тұжырымдай білуі, өз іс-әрекеттерінде, қандай да бір жағдайда алынған ақпараттарды құрылымдай білу қабілеті, сондай-ақ, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен әдістерді, құралдарды қолданып, ұйымдастыра алу білімі және іс-әрекетін жобалау мен талдауда осы алған білімі мен біліктілігін шығармашылық түрде қолдана алуы болып табылады.

### **1.3 Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін зерттеудің әдіснамалық тұғырлары мен құрылымдық-мазмұндық моделі**

Мұғалімнің қоғамдағы орны, мәні, оның мүмкіндіктері мен ішкі және сыртқы әрекеттері, дамуы, кәсіби маман ретінде өзін өзі жетілдіруі білім беру саласының келелі мәселелерінің бірі болып отыр. Мұғалімнің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда оқытудың табысты болуын қамтамасыз ететін ең әуелі кәсіби білімін үнемі жетілдіруге ұмтылысы бар, өзі таңдаған білім беру саласында өзін-өзі дамытуға және өзін толық жүзеге асыруға қабілеттілігі артады. Осыған орай, алдыңғы орынға – білім берудегі даралығы, таңдау құқығы мен жауапкершілігі, ақпараттық-кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан бастауыш сынып мұғалімдері рөлінің маңыздылығы қойылады.

Бастауыш сынып мұғалімінің педагогикадағы біртұтас үлгісінде педагогтың мақсаттары, міндеттері, маман ретінде кәсіби қалыптастыру жолдары мен механизмдері ұғым ретінде қарастырылады. Педагогикалық



ықпал етуді үлгілеуге болатын оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін тиімді шешуді қамтамасыз ететін біртұтас үлгіні даярлаудың қажеттілігі туындайды.

Біз жүргізіп отырған зерттеу жұмысының алдына қойған мақсаттардың бірі – бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін зерттеудің әдіснамалық тұғырлары мен құрылымдық-мазмұндық моделін жасау болып табылады. Сондықтан алдымен мәселені зерттеудің әдіснамалық негіздеріне тоқталуды жөн көрдік. Философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді зерделей келе бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін зерттеудің әдіснамалық амалдары сараланды.

Амал – зерттеу міндеттері анықтаған міндеттерді шешудің негізгі жолы, ол осы шешімнің стратегиясы мен бағытын айқындайды.

*Тұлғалық амал* – амал жеке тұлғаны зерттеу психологиясынан негіз алады. Жеке тұлғаның құндылығын зерттеушінің талдамасына сәйкес технологияны және оқу әдістемесін жасаудың негізгі бағыттарын анықтайды. Жеке тұлғаға бағдарланған оқытуда даралау тәсілі барлық білім беру үрдісінің негізгі қағидасы болып табылады, оның мақсаты-әрбір жеке тұлғаның мүмкіндіктерін танып, дамыту.

Е.В.Бондаревская жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың мазмұнында жеке тұлғаны дамытуға және қалыптастыруға қажетті мынадай 4 компонент міндетті түрде болуы қажет деп атап көрсеткен. Олар: аксиологиялық, когнитивті, шығармашылық-әрекеттік және жеке тұлғалық. Осы жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың мазмұнының төрт компоненті де негізінен сөйлесу, шығармашылық іс-әрекет арқылы әрбір жеке тұлғаның жекелеген дамытуға жағдай жасауға, өз бетінше шешім қабылдауға және шығармашылығына, оқу әдістері мен мазмұнын таңдауға толық мүмкіндік береді деп тұжырымдайды [184].

В.В.Сериков ұсынған жеке тұлғаға бағдарланған білім беру тұжырымдамасында «жеке тұлға дегеніміз - адамның арнайы білім алу және даму аясын білдіретін педагогикалық категория дей келе, барлық адамның "жеке тұлға болу" тәжірибесін, яғни жеке тұлға қызметтерін атқара білу тәжірибесін меңгеруі тиіс екендігіне тоқталады [185]. Ол жеке тұлғаға бағдарланған білім беру - әрбір оқушының, студенттің даралығына, жеке ерекшеліктеріне бағыттала отырып, студенттің жеке даму траекториясын жасауға мүмкіндік беретіндігіне көңіл бөледі. Сайып келгенде тұлғалық-бағдарлы амал педагогикалық қызметтің гуманистік бағыттылығына негізделеді және оқу үдерісінде субъект-субъективті қарым-қатынастың қалыптасуына жағдай жасайды, тұлғаның өзін-өзі дамытуын жолға қояды.

Бастауыш мектептегі білімдік үдерісте басшылыққа алынатын бұл әдіснамалық амал балаға деген құндылық қатынасты қалыптастыруға, адамның жеке тұлғалық қасиеттері мен даралығының өрістерінің (зияткерлік, түрткілік, көңіл-күй, еріктік, пәндік-тәжірибелік, экзистенциалдық, өзіндік реттеу) қалыптасуына негіз болатын білім берудің ерекше мазмұнын айқындауға бағдарлайды. Мұғалімнің жеке тұлғаны зерттеу психологиясына

негізделеді. Жеке тұлғаның ерекшелігін ескере отырып, мұғалімнің зерттеушілік талдамасына сәйкес ақпараттық технологияларды және оқыту әдістемесін жасаудың негізгі жолдарын анықтайды.

*Іс-әрекеттік амал* – жүйенің дамуы заңдылықтарын түсіндіру қажет болған жағдайда қолданылады. Дамудың заңдарын білу негізінде объектіні жетілдіру, өзгерту, жаңғырту операциялары іске қосылады, әрекет жасалады. Педагогикалық жүйелерді жаналауда жүйелілік, біртұтастық, әрекеттік амалдардың ролі аса маңызды. Мұғалімдердің кәсібилігі мен құзыреттілігінің артып, шығармашылыққа ұласуының басты әдіснамалық амалы болып табылады. Біздің зерттеу нысанымыз аясында бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс-әрекетін зерттеуге бағдарлайды, оқыту үдерісінде ақпараттық технологияларды әр түрлі іс-әрекеттегі жеке дара қабілеттерінің және жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасу мүмкіндіктерін айқындауға жағдай жасайды.

*Жүйелілік амал* – танымдық әрекеттегі ең әмбебап құрал. Олай болатын себебі, кезкелген құбылыс жүйе ретінде қарастырылады. Жүйе дегеніміз біртұтас бүтіндік құрайтын өзара байланысты бөлшектердің ретке келтірілген жиынтығы мен олардың арасындағы қатынасы. «Жүйе» ұғымының грек тілінен аудармасы «құрастыру» ретінде түсіндіріліп, заттардың аморфты еместігін, бөлінбейтіндей болмайтындығын, оларды жақын барып талдағанда бөліктерден тұратындығын білдіреді. Жүйелік амал педагогикалық құбылыстарды олардың өзара байланысы түрінде қарастыруға бағдарлайды. Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуының тұжырымдамалық үлгісін жасау *жүйелілік амалды* қолдануға негізделген, бұл өз кезегінде зерттелінетін жүйенің құрамдас бөлшектерінің күрделілігін ескере отырып, оның біртұтастығын ашуға, осы біртұтастықты қамтамасыз ететін тетіктерді айқындауға, сан түрлі байланыстарды тауып, оларды бірыңғай теориялық сипатқа біріктіруге мүмкіндік береді.

*Мәдениеттанымдық амал* – жалпы адамзаттық мәдениет жетістіктері негізінде іс-әрекет тәжірибесін және қоғамдағы дәстүрлер мен жеке, отбасылық және әлеуметтік өмірдің мәдениет негіздерін, этномәдениеттік құбылыстарды игеруге мүмкіндік беретін ұлттық ерекшеліктерін тани білу, сондай-ақ, адам мен қоғамның дамуындағы ғылымның рөлін түсіну. Мәдениеттанымдық амалдың қазіргі педагогикадағы түйткілді мәселелерді шешудегі ролі зор. Өйткені, тәрбие мен білім «мәдениет» ұғымына өте жақын жатыр.

Ал қазіргі заманғы сөздіктерде мәдениетке: мәдениет – белгілі бір халықтардың, жеке тұлғалардың қол жеткен табыстары мен шығармашылығының жиынтығы; мәдениет – адам әрекетінің белгілі бір саласының жетілу деңгейі деген анықтамалар беріледі.

Мәдениеттанымдық амалды қазіргі дидактикалық зерттеулерде басшылыққа ала отырып, білім алушылардың бүгінгі күні емес ертең кім болуға бағытталуы орын алады. Себебі, адам мәдениетке оны жасаушы, тудырушы және оның негізгі нәтижесі ретінде қатысады. Ол қандай еңбекпен

айналыспасын үнемі әрекеттің «сыртқы» нәтижелерімен қатар «ішкі» нәтижелері де, яғни адамның өзінің өзгеруі, оның қабілеттерінің, білік, дағдыларының дамуы орын алады. Зат, дүние-мүліктер әлемін жасау барысында адам өзінің ішкі мүмкіндіктерін жетілдіреді. Соның нәтижесінде оның жаңа қажеттіліктері оянып, оларды қанағаттандырудың жолдарын

*Құзыреттілік амал* – мұғалімнің оқу-танымдық іс-әрекетінде пәндік білім мазмұнын меңгертудегі ақпараттық технологияларды пайдалану құзыреттілігі, педагогикалық тәжірибеде нақты жағдаятта, нақты оқыту жағдайында шығармашылықпен жұмылдыру қабілеті, өзін өзі жетілдіруімен анықталады.

*Акмеологиялық амал* – әдіснамалық қызмет атқаратын акмеологиялық амал зерттеу жұмысының табыстылығын қамтамасыз етеді, оларға қатысушы субъектілердің педагогикалық әсер барысында биіктерге бағытталуын нәтижелі етеді. Кәсіби шеберліктің шыңына шығу туралы ғылымның «акмеология» деген атауы грек тілінен аударғанда «шың», «биіктік» деген мағынаны береді. Акмеологияда адам өзін-өзі дамыту мен шығармашылыққа қабілетті, өзінің өмірі мен кәсіби әрекетін ұйымдастыра алатын өз әрекетінің субъектісі ретінде танылады. Адамның индивид ретіндегі прогрессивті дамуындағы шығар «шыңы»; тұлға ретіндегі дамуындағы жетістіктері; еңбектегі жоғарғы жетістіктері (тұлғаның әрекет субъектісі ретіндегі дамуымен байланысты); адамның даралық дамуындағы жетістіктерінің шыңы.

Әр адамда бұл бағыттардың байқалуы әрқалай болады. Олар бір-бірімен тығыз байланыса отырып, олардың түйісулері нәтижесінде адамның әрекеттің «жоғарғы баспалдағында» болуы орын алады. Біз қарастырып отырған бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасқан болуы олардың кәсіби әрекетте биікте болуын қамтамасыз етеді.

Жұмысымыздың әдіснамалық тұғырларын айқындай келе, оларға жасалған талдауларды графикалық түрде төмендегідей тұжырымдадық.

1 – Кесте Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық амалдары

Тұғырдың атауы	Бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру аясындағы мазмұны
Тұлғалық (В.В.Сериков, В.А.Сластенин, И.С.Якиманская, Хуторской, Богоявленская)	Тұлғаға субъект ретінде қарау. Тұлғаның өзіндік ерекшелігін ескере отырып, оның кәсіби шығармашылық қабілетін шыңдай білуге және ақпараттық технологиялар арқылы өзін өзі дамытуға бағдарлау.
Іс-әрекеттік (Л.С.Рубинштейн, Л.Ф.Спирин, Т.Г. Браже,)	Тұлғаның кәсіби іс-әрекетіне мақсат қоя білуі, педагогикалық іс-әрекетін ақпараттық технология негізінде жоспарлауы, орындауы, нәтижеге жете білуі.
Жүйелілік (Б.Г. Ананьев,	Тұлғаның кәсіби іс-әрекетін жүйелі және

А.Байтұрсынов, Э.Г.Юдин)	ақпараттық технологияларды пайдаланып, оқыту компоненттері бірлігінде жүргізу.
Мәдениеттанымдық (Е.В.Бондаревская, И.Ф.Исаев, Б.С.Гершунский, М.Х.Балтабаев)	Тұлғаның мәдени қалыптасқандығы, дамығандығы, ақпараттық- кәсіби білімділігі, тұлғалық субъектілік қатынастағы мәдениеттілік нәтижесі.
Ақпараттық (Т.О.Балықбаев, Ж.А.Қараев, Е.Ы.Бидайбеков, Д.М.Джусубалиева,)	Тұлғаның ақпараттық сауаттылығы, ақпараттық телекоммуникативтік технологияларды кәсіби іс-әрекетте пайдалануы.
Құзыреттілік (Н.В.Кузьмина, А.К.Маркова, Дж.Равен, Құдайбергенова)	Тұлғаның нақты әрекет пен оқыту үдерісінде тиімді, өнімді әрекеттер жасай алу қабілетін, дара тұлға сапаларын қалыптастыруға мүмкіндік жасайды.
Акмеологиялық (Н.В.Кузьмина, А.А.Деркач)	Тұлғаның индивид ретіндегі прогрессивті дамуындағы шығар «шыңы»; тұлға ретіндегі дамуындағы жетістіктері; еңбектегі жоғары жетістіктері (тұлғаның әрекет субъектісі ретіндегі дамуымен байланысты); тұлғаның даралық дамуындағы жетістіктерінің шыңы болатындығына тоқталады.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда басшылыққа алатын негізгі ұстанымдар:

*Оқытудың ғылымилығы ұстанымы* оқу материалының ғылыми мазмұны мен оқу пәнінің байланыс заңдылықтарына сүйенеді. Бұл ұстаным оқу пәні мазмұнының ғылыми таным, пайда болу, өзгеру және даму үлгісіне сәйкес жаңа ғылыми фактілермен, ұғымдармен, заңдармен, теориялық дәлелденгенін талап етеді. Ғылымилық ұстанымын іске асыру пәнінің қазіргі жағдайлардағы болашақтағы орны жәйлі ғылыми түсініктерді қалыптастырады, шығармашылық іс-әрекеттің көрінуіне ықпал етеді. Ғылымилық ұстанымы және оның қазіргі талапқа сәйкестігі онда ақпараттық технологиялардың жаңа нәтижелері, ақпараттық ресурстарды толыққанды қолдану негізінде бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда жаңа нәтижеге жеткізеді.

*Оқытудың жүйелілік ұстанымы* «ұғымдар мен пән мазмұнын оқытып, түсіндіргенде, олардың логикалық байланыстырылған және өзара алмаса алуын құрастыра алуында», яғни жаңа білімді меңгертуде (ұғымдар, ережелер, талдаулар және т.б.) бастауыш сынып мұғалімдері өздерінің теориялық білімінің жүйелілігін терең түсінуімен сипатталады. Пәндік оқу тапсырмаларын дайындау барысында ақпараттық технологияларды жүйелі пайдалануы оқушылардың тапсырмаларды орындауы сәйкесінше олардың меңгерген білім мазмұнына байланысты.

*Пәндік басымдылық пен біліктілік ұстанымы.* Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетінде оқыту үдерісін басқаруда оқушының жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеру мақсатында пән бойынша оқу мазмұнын басымдылық алуы қажеттілігінің өлшемі бойынша тұлғалық ерекшеліктерді ескеруі мұғалімнің кәсіби дайындығы шеңберінде жүзеге асырылуы тиіс деп есептейміз. Сонымен, пәндік және мазмұнның сәйкес болу өлшемдерінің қолданылуы оқытудың әр кезеңіне лайықты басым пәндік, яғни оқыту барысына елеулі ықпал ететін, ескерілуі сәйкес оқу мазмұнын пайдалануды қажет ететін жеке тұлғалық ерекшеліктерді атап көрсетуге мүмкіндік береді.

*Кіріктіру ұстанымы.* Кіріктіру педагогикалық тұтастықты қалыптастырып, білімді жүйелеу мен жинақтауда әр түрлі ғылымдарды біріктіру деп көрсетіледі. Кіріктіру ұғымына толығырақ анықтама берген В.С.Безрукова болды. Оның пікірінше, педагогикалық кірігудің анықтамалық құрылымы әр түрлі негіздерге сүйенген:

1. Педагогикалық кіріктіру – білім компоненттерін бөліп қарауға болмайтын байланыстың ең жоғарғы сатысы (кіріктірудің арнайы сипаты);
2. Педагогикалық кіріктіру – оқу-тәрбие процесінің әр түрлі компоненттерінің байланысы негізінде ірілендірілген педагогикалық бірлік құру (анықтаманың негізі – ірілендірілген педагогикалық бірлік ұғымы).
3. Педагогикалық кіріктіру - баланы қарқынды дайындау жүйесіне бағытталған білімнің әр түрлі салаларында жүзеге асатын оқу мен тәрбиелеу үрдісін ұйымдастырудың мақсат, мазмұн, формалар бірлігінің ең жоғарғы түрі. (анықтама негізі – білім мазмұны).

Келесі бөлімдерде ұсынылған ұстанымдардың дайындық мазмұны мен мақсаттарын, сонымен бірге оны жүзеге асыруда қолданылатын әдістер мен оқыту формаларын анықтау жолдары қарастырылады.

*Қатысымдық (коммуникативтік) ұстаным* – сөз мәдениетіне негізделген оқыту үдерісін айқындауда ескерілген ең маңызды ұстаным. Бұл ұстаным бойынша ескерілетін оқыту қағидалары сөйлесім компонентінің бес түрі бойынша: оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым, тілдесім негізіндегі білім нәтижелері мен білім алушының ақпаратты қабылдау және өз ой-тұжырымдарын қорытып шығару әрекеттеріне сүйене отырып анықталады.

*Белсенділік және өзінділік ұстанымы* іс-әрекеттік тұрғыда бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды белсенді және мақсатқа сай өздігінен пайдалануы. Яғни, бұл жерде әрбір оқушының білім мазмұнын тұтас топтың белсенді және саналы түрде ұғынуы маңызды болмақ. Бұл ұстанымды іске асыру - оқыту барысында әрбір мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінде педагогикалық технологияларды қолданған кезде ғана мүмкін, мысал ретінде олардың жеке өзі бір компьютерде жұмыс істеген бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға болады.

*Субъектілік ұстанымы.* Субъект (лат. subjectum – бастауыш) ұғымы психологиялық әдебиеттерде төмендегіше түсіндіріледі: - болмысты тану мен өзгертудің қайнары ретіндегі индивид немесе топ; - белсенділікті

жеткізуші; - субъект индивид немесе топ іс-әрекетті танудың және өңдеудің негізі ретінде; - іс-әрекеттегі белсенділіктің тасымалдаушысы. Ғылыми психологияның негізі делінген диалектикалық материализм субъектіні тарихи дамудың өнімі деп қарайды және оның белсенділігін адамдар қарекетінің ерекшеліктерімен байланыстырады. Осы әрекет барысында объектінің нақты, іс жүзіндегі өзгеруі субъектінің қарекеті соған негізделіп реттелетін субъектідегі бейнелерге барабарлығының, болмысқа сәйкестігінің критерийі болып табылады. Тұлғаның өзіне деген құнды және ортаға қатысты рухани-адамгершілік қатынастарын анықтайтын қасиеттер - белсенділік, дербестік, жауапкершілік, шығармашылдық және т.с.с. субъектілік ұстанымның құраушылары болып табылады. Бұл ұстанымға сәйкес білім алушы үшін оқу әрекетінің мәні, маңызы болуы тиіс, үдеріс барысында оның жеке ерекшеліктері ескерілген, осы әрекетте ол өзін-өзі басқара, ұйымдастыра алатындай жағдайлар болуы тиіс. Бұлайша ойластырылған білімдік үдерісте субъектаралық қарым қатынасқа жоғары мән беріледі. Біздің зерттеуіміздің мақсатына сай бұл ұстаным негізінде субъектаралық, бірлескен қарым-қатынас негізінде студент – студент, оқытушы – студент арасындағы белсенді білімдік әрекет орын алады да нәтижеде психологиялық даму жеделдейді.

*Нәтижелі-шығармашылық ұстанымы* мұғалімнің білімді меңгертудегі шығармашылық әрекетін дамытуға бағытталады. Сабақта алған кез-келген білім мұғалім ұйымдастыратын және бағыттайтын жұмыстарда оқушылардың шығармашылығы ақпараттық-кәсіби құзыреттілік тұрғысынан қарастырылады. Мұғалім білімді меңгерту үдерісінде оқушылардың эвристикалық қабілеттерін дамыта отырып, оқу іс-әрекетін, олардың қызығушылығы мен бейімділігін дамыту, эссе жазу, дебатқа қатысу, ғылыми жобаларға қатысу, ғылыми мақал жазу және т.б. сияқты жаңа нәтижелер жасауға бағыттайды, сонда ғана олардың ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы ақпараттық-кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейінің нәтижесі көрініс береді. Жоғарыда сипатталған әдіснамалық тұғырларды басшылыққа ала отырып, бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастырудың моделі жасалды. Төменде осы оның сипаттамасы келтіріледі. Алдымен «модель» ұғымын ашу міндетін қойдық. Ол үшін педагогикалық әдебиеттердегі ғылыми зерттеулерді зерделеу негізінде үлгі ұғымының мәнін анықтауды жөн көрдік.

Модельдеудің мәні зерттеушінің алдына қойған мақсат міндеттерімен байланысты. Модельдеу барысында мәселенің бастапқы, өзгеруге тиісті сапасынан басқа жаңа сапасының нобайы шығады. Модельдеу барысында зерттеуші назары тәжірибенің өзгеріске келуге тиісті жақтарына аударылады, сондай-ақ кейбір бөліктеріне де (нормалар, құралдар, өнімдер, әрекет субъектілері т.б.) мән беріледі. Модельдеу - нақты өмірдің құбылыстарын бейнелейтін құрал ғана емес, модель түрінде шығатын теориялардың жүзеге асуы арқылы алынған білімнің ақиқат екенін тексеретін критерий.

Модель – зерттелуге тиісті құбылыстардың (заттар, үрдістер, жағдаяттар) жобадағы бейнесі болғандықтан иллюстрациялық, таратушылық, түсіндірмелік және болжаушылық қызметтер атқарады. “Модель”- терминін

алғаш рет философ, математик, физик әрі тіл маманы Г.Лейбниц енгізді. Ол Ресейде білім мен мемлекетті басқару жобасын жасауда, үлгінің физикалық, математикалық, имитациялық түрлерін ұсынған. Педагогикада “модель” қоршаған дүние туралы білімнің қолайлы түрі, яғни арнайы мақсаттар үшін жасалған объектілердің ақпараттық балама түрі.

Философиялық сөздікте модельдеу (фр. modele – үлгі, пішін) – зерттеу үшін арнайы жасалған бір объектіде басқа бір объектінің сипаттамасын қайта жаңғырту. Бұл модель деп аталады [186].

С.С.Аверинцев басқаруымен шыққан философиялық энциклопедия сөздігінде модель жасаудың келесі анықтамасы беріледі: «ғылымның қисыны мен үлгісін жасаудағы модель (франц. Modele, латын. Modulus-бейне, қалыпты, өлшем) - табиғи және әлеуметтік шынайлықтың, адами мәдениеттің пайда болуының, тұғырнамалық – теориялық білімнің және т.б. қандайда бір бөлігінің баламасы (кесте, құрылым, таңбалық жүйе), моделінің түпнұсқасы» - делінген [187]. Бұл ұқсастық түпнұсқа туралы білімнің сақталуы мен кеңеюі аясында, түпнұсқа құрастыруда қайта өңдеу немесе оны басқару үшін қызмет етеді. Модельге генесеология тұрғысынан қарасақ – бұл түпнұсқаны танудағы және тәжірибе жүзіндегі «өкілі», «орынбасары». Сонымен, кең мағынадағы модель деп кез келген бейнені қабылдау, кез келген нысанның, үдеріс пен құбылыстың оның «өкілі» немесе «орынбасары» етіп алған (ойдағы не шартты түрдегі) ұқсастығын айтады. Бұған қоса, модель қашанда түсіндіру, алдын ала болжау және эвристика тұрғысында танымдық рөл атқарады.

Педагогикалық сөздікте: (лат. modulus – үлгі, өлшем) – нысан және оған қарым-қатынастық мәндерді көрсететін көрнекілік құралдардың бірі (шартты бейне, схема. т.б.) деп анықтама берілген [188].

Шетел және Қазақстан ғылымында зерттеу мәселелеріне байланысты педагогикалық тұрғыдан үлгі ұғымына сипаттама берген ғалымдар: А.В.Барабанщиков, А.И.Бочкин, А.Г.Гейн, Б.А.Глинский, В.В.Краевский, И.П.Подласый А.П.Сейтешов, Я.Г.Неуймин, Г.К.Нургалиева, Қ.А.Штофф, Н.Г.Хмель т.б. атауға болады.

Я.Г.Неуймин: «Жалпы түсініктегі модель (жалпыланған модель) (ой тұрғысындағы бейне, белгі құралдары арқылы не материалдық жүйе арқылы суреттеп беру), субъект шешетін мәселе үшін маңызды болатын, еркін түрдегі түпнұсқалық – объектінің байланысын, сипатын, қасиетін көрсететін ақпаратты алу не сақтау үшін арнайы жасалған объект» [189].

Б.А.Глинскийдің пікірі бойынша, модель жасауды әмбебап әдістерге жатады. Ол модель жасау әдісінің әмбебаптығының объективті негізі деп болмыстың түрлі деңгейіндегі дүниелер арасындағы объективті ұқсастықтың болуын айтады [190]. «Модель жасау әдісі зерттеудің эмперикалық және теориялық деңгейінде қолданылады. Эмперикалық деңгейде ол өлшемдік, сипаттамалық және басқа функцияларда қолданылуы мүмкін; теориялық тұрғыда – түсінік беру, алдын ала болжау функцияларын және ой жүзіндегі сынақта қолданылады.

В.В.Краевскийдің пайымдауынша, “үлгілеу - теориялық және тәжірибелік-эксперименттік зерттеулерді біріктіретін педагогикалық үдерістерді нақты жүйелейтін әдіс”, - болып табылады. Үлгіні кең мағынада (латын тілінде *modulez*-өлшем, шама, түр) деп түсіну керек. Арнайы жағдайларда зерттеушіні қызықтыратын түпнұсқаның ерекшеліктерін қайта шығаратын, ақиқат көріністерін ауыстырушы деген мағынада да қолдануға болады [191].

«Үлгі», «үлгілеу» ұғымы бірнеше мәндік мағынаны білдіреді. Педагогикалық зерттеудің әдістерін талдауға арналған бірнеше ғылыми-зерттеу жұмыстарда үлгілеу ғылыми-танымдық әдіс ретінде қарастырылған. Үлгі сөзі латын тілінен аударғанда өлшем, бейне, әдіс, - дегенді білдіреді.

Қ.А.Штофф бойынша, үлгі «шындық өмірді терең түсіну мақсатында оны сыртқа шығару құралы», - болып табылады [192]. Сонымен бірге, үлгіні танымдық бақылау мен эксперименттен теорияға көшуде теориялық жалпылаудың әр түрлі формаларына қарай қозғалыс барысындағы «саты ретінде» қарастырады.

Педагогика саласында жүргізілген ғылыми-зерттеулердің нәтижесінде зерттеу объектілеріне байланысты түрлі үлгілер жасалып, оқыту мен тәрбиелеудің компоненттері анықталған.

И.П.Подласыйдың пайымдауынша, ғылыми үлгі (модель) зерттеу объектісін қамтып, оны ойша елестететін немесе материалдық жағынан жүзеге асыратын жүйе. Педагогикалық үлгі (модель) оқу-тәрбие мақсатын, мазмұнын, формасын, әдісін, басқару жолдарын анықтаса, ғылыми негізделген модель тұтас педагогикалық процесті немесе оның бір бөлігін қалыптастыру және қызмет ету жолдарын анықтайды [193]

А.Г.Гейннің пікірінше, үлгі (модель) зерттелетін объект туралы негізгі мәліметтерді бөліп алуға ықпал ететін, негізгі мәлімет пен нәтиже арасындағы байланыстардың қандай екендігін анықтайтын қысқартылған ұғым [194]

Ғылыми әдебиеттерде үлгі ұғымына түрліше сипаттама берілген, үлгі – өлшем, норма; зерттеу пәнінің қызметі, байланысы, нысананың белгілі жағының қайта жаңғыртылу элементінің жүйесі; ақпараттық технологиялық құралдардың көмегімен математикалық әдістер негізінде нысананың ішкі әлемін жанамалап сипаттау; үлгіленетін нысананың ойлы және белгілі бейнесі.

А.Н.Дахин бойынша, үлгі «болашақта зерттелетін нысанның (құбылыстың) элементтері арасындағы құрылымдарды, ерекшеліктерді, қарым-қатынастар мен байланыстарды сызба, құрастырулар, белгілік формалар немесе формулалар арқылы неғұрлым қарапайым, тереңдетілген түрде көрсететін жасанды құрастырылған үлгі», – деп тұжырым жасаған [195].

Г.И.Саранцева үлгі дегеніміз: «материалдың бір бөлігін ойша немесе практикалық түрде қысқартып, көрнекі түрде беру», «нақты немесе болжанған ерекшеліктер мен құрылымдар көрініс табатын зерттелетін нысанның нақты бейнесі», – деген анықтама берген [196]. Ғалымның берген бұл анықтамасын үлгі деп бір заттың, құбылыстың арнайы ерекшеліктерін көрсететін, ол туралы белгілі, шектелген ақпарат беретін қысқартылған, жинақталған білім және мұғалімнің беретін білімді меңгеріп, өзінің өмірге қажеттіліктерінде тәжірибе



жүзінде қолдана алатын оқушыға жеткізетін білім көлемі деп қорытындылаймыз. Себебі, бүгінде үлгілеудің бейнелік, заттық, таңбалық түрлері қолданылып келеді.

А.Ф.Зотов педагогикалық үлгінің келесі белгілерін:

- зерттеу барысында нысандар мен салалар арасындағы тәуелділікті ажыратумен шектелетін байланыстылық пен біртұтастық;
- жинақтылық пен біркелкілік;
- бақылампаздық, яғни зерттеу объектілерінде көрсетілетін теориялық модельдердің шешуші жағдайларын шын эффектілермен байланыстырудың қажеттігі;
- аумақтылық – үлгіге байқалатын барлық параметрлерді жеткілікті түрде қосуды ұсынған [197].

Ғылыми түрде нақтырақ айтсақ, үлгі дегеніміз – белгілі бір үдерісті немесе құбылысты біріншіден, басқаруға бағдарланған тұжырымдамалық құрал. Ал мұндағы алдын-ала болжау, бағдарлау қызметтері басқарудың мақсатынан туындайды. Гуманитарлық салада көбіне мағыналы үлгі қолданылады. Мағыналы үлгіні құруда субъектінің мінез-құлқы туралы жаңа ақпараттар алуға, талдаудың барлық әдістерін тиімді пайдалануда өзара байланыс пен заңдылықты анықтауға ықпал етеді.

Үлгілеу – теориялық танымның негізгі категориясы, үдерістер мен құбылыстарды жанама түрде зерттеу әдісі.

Үлгілеу – таным объектілерін үлгінің көмегі арқылы зерттейтін әдіс болғандықтан, үлгі ретінде белгілер, символдар немесе нысаналар алынады. Әрбір үлгі нысананың қасиеті арқылы бейнеленеді, яғни құрылған үлгінің бөлшектерін зерттеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Үлгілеу төмендегідей жағдайда қолданылады:

- сыртқы ортадағы заттар мен құбылыстардың өзара әсер ету ережесін және оның негізгі сипатын жүйелі зерттеу үшін;
- құрылымның әртүрлі түрін жалпылау және талдауды жобалау кезеңінде;
- жүйелі пайдалану кезеңінде.

Үлгілеудің бірнеше түріне тоқталып өтейік. Бейнелік үлгілеуге шынайы нысанның қасиеттері көрнекі ойлау арқылы елестетіледі. Заттық үлгілеуге шынайы объектінің белгілі геометриялық, физикалық қасиеттері өндіріледі. Таңбалық үлгілеуге шынайы объектінің сипатын математикалық формула, кесте, графика арқылы беріліп, үш мақсатта қолданылады.

- а) эвристикалық - жаңа заңдар, теориялық тауып, жүйелеу;
- ә) есептеу - үлгі көмегімен есептің өзекті мәселесі шешіледі;
- в) эксперименттік үлгі көмегімен ғылыми болжам дәлелденеді.

Мағыналы үлгілеудің қызметтік белгісі бойынша олар: *бейнелеу*, *түсіндіру*, *болжау* болып бөлінеді. Бейнелеу үлгісі деп кез келген нысанды бейнелеп суреттеуді айтады.

*Түсіндіру үлгісі* деп деп сұрақтарға жауап беруге, мазмұнға сәйкес толық мағлұматты дәлелдей білуді айтады.

*Болжау үлгісі* субъектінің болашақтағы мінез-құлқын бейнелеуге арналған, яғни зерттелуші субъектіге ықпал ету қандай өзгерістерге әкелуі мүмкін деген сұрақтарға жауап береді.

*Мағыналы үлгіні* педагогикалық салада теориялық білім тұжырымдамасы негізінде құруға болады.

Н.Ф.Талызина маман үлгісін жалпы әдістемелік классикалық түрде жасап ұсынған[198]. Автордың пікірінше, маманның кәсіби дайындық сапасы үш негізгі жайдың негізделгендік дәрежесіне сай болады: оқыту мақсаты (не үшін оқу керек); оқыту мазмұны (нені оқыту керек) және оқу үдерістерін ұйымдастыру ұстанымдары (қалай оқыту керек) дей келе, маман үлгісінің төмендегідей үш құрамдас бөлігі болуы керектігін айтады:

- қазіргі ғасырдың ерекшеліктерімен белгіленген іс-әрекеттердің түрлері;
- мамандық яғни кәсіби талаптар қоятын іс-әрекет түрлері;
- мемлекеттің әлеуметтік-саяси құрылысымен оның рухани-адамгершілік жүйесімен белгіленген іс-әрекет түрлері;
- бірінші құрамдас бөлік тек осы бастауыш сынып мұғалімі ғана емес, сонымен қатар басқа да маман өкілдеріне қажет шеберлікпен (белгілі білімнен) тұрады. Мысалы, бастауыш сынып оқушысын оқуға үйрету, ұжымда өздерін басқара білу, ұжымдық іс-әрекетке дайын болу.

Мұғалім үлгісінің екінші бөлігі кез келген мамандық үшін өзінің, нақтылы шеберлік құрамын анықтайды. Дегенмен, жоғары білімі бар бастауыш сынып мұғалімі шешетін тапсырмалар типтеріне сәйкес барлық шеберлікті үш топқа біріктіруге болады. Біріншісін зерттеу жұмыстарын жүргізуге ықпал ететін шеберлік, екіншісін іс жүзіндегі тапсырмаларды шешу үшін бастауыш сынып мұғаліміне қажет шеберлік, ал үшіншісін мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу үдерісіне дайындауды қамтамасыз ететін шеберлік құрайды.

Бастауыш сынып мұғалімі ең алдымен оқыту циклін жобалаумен байланысты, оқыту мақсатын айқындап, сабақ жоспарын құрумен, көрсеткіштерді есептеумен, жаттығуларды таңдап алумен, әдістер мен оқыту технологияларын саралаумен, оның реттілігін анықтаумен, меңгеру үдерісінің қаншалықты дұрыс жүріп жатқандығы туралы ақпарат беретін параметрлерді анықтауға байланысты педагогикалық шеберлікті игеруі қажет. Педагогикалық шеберлік балалардың жеке ерекшеліктеріне қарай оқыту материалын меңгерту үдерісіне бейімделуді, түзетуді, олардың нәтижелерін бағалауды анықтаумен байланысты болады. Оқу іс-әрекетінің тиісті тәрбиелік әсерін алу үшін қажетті шеберліктер ерекше жүйені құрайды.

Үшінші бөлік (өзіндік блок) адамгершілік және дүниетанымдық міндеттерден, жалпы мәдениет талаптарынан тұрады.

Н.А.Давыдов пен В.М.Соколов жүргізген зерттеулер мұндай элементтердің әлі де аз екендігін көрсетті. Білімдер кәсіби орта (кәсіби жағдайлар) базасында қалыптасатын іс-әрекеттер мен рөлдер білімі негізінде қалыптасады. Үлгінің қалыптасу технологиясы бірнеше сатыдан тұрады:

- кәсіби жағдайлар банкіні құру;

- іс-әрекет түрлері мен рөлдер жүйесін анықтау;
- іс-әрекетті жүзеге асыру үшін білім, шеберлік пен дағдының қажеттілігі;
- кәсіби іс-әрекеттердің нақты түрлерін тиімді орындау үшін қажет жеке тұлғалық қасиеттерді анықтау.

Осы үлгілердің барлығы білім беру бағдарламасын дайындауға ықпал етеді. Маман үлгісі тарихи жағдайда әртүрлі формада болады: мамандыққа сипаттама, профессиограммалық т.б. Оқыту мақсатын дайындау мен тапсырыс берілген мамандық пен кәсіп бойынша маман даярлаудың орнықты мазмұнын жасау кәсіби маман қызметінің үлгісін-профессиограмманы даярлауға негіз болды. Бұл құжат - жеке тұлғалық қасиеттерге, адамның психологиялық қажеттілігі мен психологиялық-физикалық мүмкіндіктеріне мамандыққа қойылатын талаптарды құрастыру технологиясын тәртіпке салады. Құжат нақтылы мұғалімнің кәсіби қызметінің орнықтылығын қамтамасыз етіп, оның тиімділігін арттыруы қажет.

Профессиограмма құрылымы мына компоненттерден тұрады:

- дәреже мен мамандық атауы;
- кәсіби білім (оқу түрі, оқуға түсу шарты, оқу ұзақтығы, алатын мамандық дәрежесі, кәсіби өсу болашағы);
- кәсіби қызмет сипаттамасы (рөлдері, қызметтің басым түрлері, кәсіби талап, негізгі мамандық) ;
- психограмма (кәсіби-бағдарлық талаптар, әлеуметтік-мәдени қасиеттер, т.б.) кәсіби маңызды қасиеттер (бағыттылық, жете білушілік, кәсіби қабілеттілік) және т.б.

Сонымен, біз үлгінің алғашқы құрылымдық элементі көп ақпарат арасынан зерттелетін объект туралы негізгі мәліметтерді бөліп алуға ықпал ететін, педагогикалық үдерістің мақсатын, міндеттерін, ұстанымын, мазмұнын, формасын, әдістерін, технологияларын, құралдарын және нәтижесін анықтайтын ұғым деп тұжырымдаймыз. Бүгінгі таңда ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде құрылған үлгілер жетілдіріліп, толықтырылуда. Біз үлгіні құрастыруда нысан үдерістері мен үлгі арасындағы үйлесімділікті сақтауға назар аудардық. Сондықтан да бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың үлгісін жасауда зерттеу мәселесінің мақсатын, міндеттерін, мазмұнын, құралын, ұстанымдарын, әдістерін, технологиясын, ұйымдастыру формаларын өзара байланыста қарастырдық.

Сонымен, ұсынылып отырған бастауыш мектеп мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың үлгісі педагогикалық қызметтің негізгі мақсаттары мен міндеттерін шешу жолдарын алға қойып, оларды анықтауға ықпал етеді.

Қоғамның кәсіби шығармашылық мамандарға зәрулігі мен білім беру жүйесінің оны қамтамасыз ету мұқтажы арасындағы қарама-қайшылықтарын шешу – оқыту үдерісінде өзіндік ойлау құрылымы мен когнитивтік жаңадан пайда болған идеяларды туғызады. Туындап отырған мәселелерді кешенді қарастыру жеке тұлғаны біртұтас үйлесімді дамыту

мәселесінің міндеттерін шешеді. Ұсынылған үлгідегі бастауыш сынып мұғалімінің ішкі және сыртқы іс-әрекеті барысында элементтер мен байланыстардың, олардың кәсіби қызметінің тиімді жолдарын жүзеге асыру нақтылы жағдайда оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері мен құралдарын, технологияларын табуға ықпал етеді.

Бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігі оқушының жеке басын қалыптастыруға, оның оқу іс-әрекетіне деген ынтасы мен алғырлығын оятуға, білім беру бағдарламаларын меңгерту үшін оқу, жазу, есептеу, тілдік қатынас, шығармашылық тұрғыда өзін-өзі көрсету, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын, оқушы құзыреттілігін дамытуға бағытталады. Осыған орай, білім беру ісіндегі жаңа үдерістің мақсаты, бағыты, сипаты Қазақстан Республикасының ұлттық білім беру ісінің әлемдік білім жүйесіне кіруіне тығыз байланысты, ол өз кезегінде бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптасқан маман ретінде оқыту үдерісін нәтижеге бағдарлап ұйымдастыруға негіз болады.

Әлемдік білім беру кеңістігіне ену педагогика теориясы мен оқыту үдерісінде елеулі өзгерістерге байланысты білім берудің парадигмасы өзгеріп, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқараспен диалогтық қарым-қатынас, өзгеше менталитет пайда болуда, бәсекелестікке қабілеттік ресурсы ретінде қарастырылады. Педагогикада кәсіби құзыреттілік кәсіптің талаптарына сәйкестік дәрежесінің жеке сипаттамасы ретінде қарастырылады. Кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуы жеке ерекшеліктерді ескере отырып, бір ғана кәсіп аясында кәсіби білім деңгейін көтерумен қатар, жаңа білімді, қабілетті игеруге талпыну да жатады. Бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілік деңгейін көтеру дегеніміз - жеке тұлғаның өзіне тән кәсіби мүмкіндіктерін педагогикалық тәжірибеде ақпараттық технологияларды тиімді қолдана алу қабілетімен сипатталады. Кәсіби құзыреттілік ойлау қабілеті мен зияткерлік әлеуетті дамытуға бағытталған қасиет болып табылады. Бүгінде бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігі жаңа деңгейге көтерудің аса маңызды міндеттерінің бірі кәсіби әрі ақпараттық құзыреттілікті әрдайым жетілдіріп отыру мақсатын көздейді.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігінің анықтамасы мен құрылысының негізгі тұрғыларын талдай келе, оның қырларын айқындадық. Яғни ақпараттық-кәсіби құзыреттілік жеке тұлғаның аталмыш біліктілік деңгейінде белгілі ақпараттық құзыреттілік аясында кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыруға қажетті кәсіби-маңызды қасиеті болып табылады.

Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби қалыптасуы білік пен дағдыларға ие болумен қатар, ақпараттық технологиялар негізінде шығармашылық және жауапкершілігі мол кәсіби іс-әрекетке көшу сияқты өзекті, жеке тұлғалық мәселені шешуге мүмкіндік беретін белгілі бір қасиеттер мен мақсаттардың қалыптасуына себепші болған жағдайда ол ақпараттық-кәсіби құзыреттілікке ие бола алады.

Бастауыш сынып мұғалімінің басты міндеті – мектеп оқушыларының азаматтық жауапкершілігі мен құқықтық сана-сезімін, руханилығы мен

мәдениеттілігін, бастамашылдығы мен өзіндік әрекетін, толеранттылығын, қоғамда нәтижелі әлеуметтену қабілетін және еңбек нарығында белсенді бейімделуін қалыптастыру. Оқыту үдерісінде бұл міндеттерді оқушылардың құзыреттілігін дамыту арқылы шешуге болады. Бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру арқылы оқушылардың теориялық білімін өмірлік тәжірибесіне сай белгілі бір міндеттерді орындауға дайындығы қамтамасыз етуге болады.

В.В.Давыдовтың пікірінше, үлгілерді оқытуда пайдалану тұрғысынан үлгінің негізгі төрт сипатын ескеру маңызды:

1. Үлгі – таным құралы.
2. Модель – түпнұсқаның зерттеуге анағұрлым қолайлы және алған білімді модельде ауыстыруға ыңғайлы нұсқасы.
3. Үлгі – прототиптің кейбір қасиеттерінің көрінісі.
4. Үлгі түпнұсқаға толық сәйкестігі.

Осы тұрғыда үлгілеу күрделі, көпқырлы шындықтан оның біршама қарапайым, бірақ негізгі байланыстары, басты үдерістері, даму механизмі көрсетілген үлгісіне көшу (қозғалыс) ретінде қарастырылады. Кері үлгілеу үдерісі, яғни үлгіден шындыққа қайта ауысу шындықтың мәнін терең түсінуге мүмкіндік беретін жаңа білімдердің игерілуімен жүреді [199].

Педагогикада үлгілеу үш қырынан қарастырылуы керек:

- оқыту құралы ретінде, өйткені оқу ақпаратының басым көпшілігі оқушыға ауызша сипаттау, кестелер, сызбалар, макеттер, муляждар, сызбалар, формулалар және т.б. сияқты дайын әр түрлі оқу модельдері түрінде хабарланады. Оқушының негізгі міндеті – модельді қабылдап, оны өзінің білімдері жүйесіне «енгізу» (өзгермеген түрде), яғни оқушының ролі ақпаратты «қабылдау»;

- таным құралы ретінде, себебі кез келген танымдық іс-әрекет зерттеу нысанының ішкі репрезентацияларын құрумен байланысты. Шын мәнісінде, бұл репрезентациялар ақпараттық модельдер сипатында болады. Бұл аспектінің ерекшелігі оқушы модельдерді жасаушы, әзірлеуші ролін атқарады, демек модельдерде оның тұлғалық факторлары, ассоциативті ойлау ерекшеліктері, тәжірибесі мен іс-әрекет себептері, танымы көрініс табады. Оқушының өзі құрастыратын модельдердің көбінде мұғалімнің және оқулықтарда ұсынылатын модельдермен сәйкес келе бермеуі, ол – дидактиканың негізгі проблемасы. Сондықтан, қазіргі кезде мәтіндерді дәл, қабылдау біліктілігін қалыптастыру маңызы туралы көп айтылып та, жазылып та жүр.

- зерттеу нысаны ретінде, себебі, кез келген модель өзіндік қасиеттері мен сипаттары бар жаңа құрылымдық нысан ретінде қарастырылады. Түрлі модельдер үшін олардың инвариантты қасиеттерін, модельдеу нысанын таңдалған тәсіл бойынша ұсынуға байланысты ерекшеліктерін бөліп көрсетуге болады. Осының барлығы зерттеу нысаны бола алады [200].

А.Сағымбаеваның пікірінше, ғылыми және тәжірибелік тұрғыда «үлгі» және «үлгілеу» ұғымдарына байланысты оқытуды ұйымдастыру тәсілдерін

талдау қарастырылатын түрлі нысандарға арналған үлгілер құрастыруға назар аударып, яғни үлгілеу іс-әрекет түрі ретінде саналып, аталған екі ұғымның таным құралы ретінде оқытылатыны (онда да тек әдістемелік жоспарда) туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Автордың пікірін тұжырымдайтын болсақ, зерттеу нысанына байланысты құрастырған үлгі, яғни зерттеу жұмысының теориялық негізі ретінде тәжірибелік тұрғыда тексерілуі тиіс,- деп есептейміз.

Ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, қоғамның басты бөліктері саналатын, болашақ ұрпақ – бастауыш сынып оқушыларының жеке ынтасы мен қызығушылығының үйлесімі бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби қызметінде төмендегідей мақсаттары мен міндеттерін айқындайтыны байқалды.

1. Мұғалімдердің кәсіби қызметінде бастауыш сыныптарда оқыту үдерісінде педагогикалық, дидактикалық және әдістемелік жоғары деңгейге жетудің өлшемдері:

- бастауышта оқылатын пәндерге байланысты базалық білім деңгейінің болуы (кәсіби деңгей);
- мамандыққа байланысты арнайы пәндерден академиялық білім деңгейінің болуы (іргелі білім деңгейі);
- бастауышта оқылатын әр пәнді оқытуға қызығушылығының болуы (танымдық қызығушылық);
- әдістемелік және технологиялық біліктерінің базалық деңгейі.

2. Педагогикалық үдеріс барысында бастауыш сынып мұғалімдерінің ұстаздық мамандыққа бейім тұлғасын қалыптастыру:

- бейімделу мүмкіндіктері (өзін-өзі кәсіби бағалау, қобалжу т.б.)
- қарым-қатынас, тіл табысу қасиеті;
- педагогикалық бағыттылығы, ынтасы, қызығушылығы;
- жалпы білім, білік, дағдысының даму деңгейі.

3. Шығармашылық белсенділігін қалыптастыру:

- мәселені шешуде қалыптан тыс тәсілдерді қолдана білуі;
- мәліметтер жинау (портфолио), ілгері жылжу және болжамды тексеру, нәтиже (рефлексия);
- ғылыми ойлау амалдарын қалыптастыратын оқу және зерттеушілік сипаттағы міндеттер тізбегі (анализ, синтез, модельдеу, фондық көрнекілік).

4. Кәсіби тұлғалық қасиеттерін дамыту: • педагогикалық шеберлік;

- математикалық ойлау; • қабылдау, ойлау, ес, сөйлеу, өзінің іс-әрекетіне өзі талдау жасау сияқты психиканың функционалдық тетіктері; • ерік, жігер, темперамент, мінез, қабілет.

5. Оқуға психологиялық, педагогикалық, технологиялық тұрғыда жағдай жасау (тұлғалық – бағдарлы педагогика).

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттіліктерінің оқушының құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық үлгісін мотивациялық, операциялық-мазмұндық және іс-әрекеттік компоненттерінің бірлігінде

карастырылып, олардың өлшемдері мен көрсеткіштердің негізінде теориялық үлгі жасалды.

*Мотивациялық компонент* бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс-әрекетінде оқу-танымдық үдерісті ұйымдастыруда ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың оқу-танымдық әрекетте білімдік кеңістігін құруға, шығармашылық ойлау арқылы пәндік ғылыми білімді меңгеруге, мәселелік тапсырмаларды белсенділікпен, танымдық қажетсіну арқылы шеше білуге, оң нәтижелерге жетудің ақпараттық технологияларды пайдалану жолдарын меңгеруге, пәндік білім мазмұнын шығармашылық дербестікпен саналы игерге, жаңашылдыққа белсенділігін арттыруға, өзінің танымдық іс-әрекетіне рефлексивтік бағытқа қызығушылығының тудыруы, жаңашылдыққа белсенді ұмтылуы, шығармашылық дербестікке саналы талаптануына, өзінің білімі мен білік, дағдыларын жаңа жағдайда ұтымды пайдалана білуге, жаңа идеяларды сараптап іс-тәжірибеге енгізуге және кез келген жағдаятта қолдануға ынтасын оянуы, олардың ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы қажеттілігін түсінуімен сипатталады.

*Мазмұндық компонент* бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс-әрекетінде оқу-танымдық үдерісті ұйымдастыруда ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың оқу-танымдық әрекетте білімдік кеңістігін құруына, шығармашылық ойлау арқылы пәндік ғылыми білімді меңгертуі, мәселелік тапсырмаларды белсенділікпен, танымдық қажетсіну арқылы шеше білуіне, оң нәтижелерге жетудің жолдарын меңгертуі, пәндік білім мазмұнын шығармашылық дербестікпен саналы игеруін, өзінің білімі мен білік, дағдыларын жаңа жағдайда ұтымды пайдалана білуге, жаңа идеяларды сараптап іс-тәжірибеге енгізуге және кез келген жағдаятта қолдануы, жаңашылдыққа белсенділігін арттыруы, өзінің танымдық іс-әрекетіне рефлексивтік бағыты олардың ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы мазмұнын түсінуімен сипатталады.

*Іс-әрекеттік компонент* бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс-әрекетінде оқу-танымдық үдерісті ұйымдастыруда ақпараттық технологияларды қолдану оқушылардың оқу-танымдық әрекетте білімдік кеңістігін құрғызып, шығармашылық ойлау арқылы пәндік ғылыми білімді меңгертіп, мәселелік тапсырмаларды белсенділікпен, танымдық қажетсіну арқылы шешкізіп, оң нәтижелерге жетудің жолдарын меңгертіп, пәндік білім мазмұнын шығармашылық дербестікпен саналы игертіп, өзінің білімі мен білік, дағдыларын жаңа жағдайда ұтымды пайдалануы, жаңа идеяларды сараптап іс-тәжірибеге енгізуі және кез келген жағдаятта қолдануы, жаңашылдыққа белсенділігін арттыруы, өзінің танымдық іс-әрекетіне рефлексивтік бағытын іске асыруы, жаңашылдыққа белсенділігін арттырып, өзінің танымдық іс-әрекетіне рефлексивтік бағытының болуы, олардың ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыруда теориялық білімін тәжірибеде қолдана білу құзыреттілігімен сипатталады.

Бастауыш сынып мұғалімі қызметінің құрылымының ішінде өзара тығыз байланысты құрастыру, ұйымдастырушылық және коммуникативтік әрекеттер басымдық мәнге ие. Мұғалімнің құрастыру қызметі – мазмұндық (оқыту үдерісін жоспарлау, құру мен материалдарды іріктеу) және құрастыру - әрекеттік (өзінің және оқушының іс-әрекетін жоспарлау) қызметтерінен тұрады. Мұғалімнің ұйымдастырушылық қызметі – оқушыларды әрекеттің әр түріне тарта білуімен, ұйымшыл ұжым қалыптастыру және оқушыларды ұжымдық жұмыс жасай алуға үйрете білуімен анықталады. Мұғалімнің коммуникативтік әрекеттері – оқыту үдерісінде жоспарланған берілетін білім мазмұнын оқушыларға меңгертудегі оқушылармен субъектілік қарым қатынас жасау мәдениеті, сөйлеу мәнері, сөйлесім, тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылымды жетік білуімен сипатталады.

Кәсіби–педагогикалық мақсат пен міндеттердің мазмұны мен нормативтік көлемі педагогикалық дайындыққа қойылатын талаптар мен қызмет деңгейіне байланысты анықталады. Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби білімі пән мазмұнын меңгертудегі білім, білік, дағдыдан, арнайы қабілет пен жеке бас сапасын (интеллектіні, мінез–құлық, темперамент, психика) дамытудан, жалпы білімділік пен икемділік (бейімделу мүмкіндіктері, қарым–қатынас сапалары), сонымен қатар педагогтік кәсіби қызметке деген көзқарасынан, қызығушылығы мен ынтасынан тұрады.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігінің ерекшелігі – көппәнділік. Оның маңызды сипаты:

- гуманистік педагогикалық көзқарастың ерекшелігінде;
- мұғалімнің педагогикалық ойлауы арқылы жүзеге асатын кәсіби интегративтік білім мен дағды жүйесінде көрінетін «оқушыға бағыттылық» болып табылады.

Білім беруді ақпараттық технологияларды пайдалану мақсаттарының арасында, әмбебап мақсаттармен (зияткерлік қабілетті дамыту, ізгілендіру мен ашық) қоса, бірқатар айрықшалары да бар: компьютерлік сауаттылық, білім берудің ақпараттық жасақтамасы (білім мен мәліметтер қоры), жаңа компьютерлік технологиялар негізінде дараландырылған оқыту.

Ғалымдардың зерттеулеріне басшылыққа ала отырып, бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігінің төмендегідей құрамы айқындалды:


- кәсіби білімінің әдіснамалық бағыттылығы;
- бастауыш сыныптарда оқытылатын пәндердің кәсіби-педагогикалық бағыттылығы;
- психологиялық-педагогикалық дайындықтың бағыттылығы;
- жеке әдістемелік дайындықтың ғылыми-теориялық және практикалық бағыттылығы;
- мұғалімдердің үздіксіз педагогикалық тәжірибесінің ғылыми-теориялық және ғылыми-әдістемелік деңгейін көтеру мен әдіснамалық амалдарды жүзеге асыру;



- бастауыш сынып мұғалімдерін ақпараттық технологиялармен қаруландыру және олардың үздіксіз компьютерлік дайындығын жүзеге асыру;

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда олардың педагогикалық қызметке кәсіби даярлығын қамтамасыз ететін көп пәнділік білім мазмұнын меңгертуде өзін өзі ұйымдастыра, өзін өзі жүзеге асыра білуі алу дәрежесімен өлшенеді.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық үлгісі келесі кестеде берілді.



Сурет 2 – Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық үлгісі

Бастауыш сынып мұғалімдердің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін өлшеу мәселесі оның қалыптасуының өлшемдері (критерий) мен деңгейлеріне байланысты. *Өлшем* – бұл бағалау, пікір білдіру негізінде анықталатын белгі.

Педагогикалық білім беру теория мен практикасында өлшемдерді анықтау мен негіздеудің тұлғаны қалыптастырудың негізгі заңдылықтарын айқындауға тиісті жалпы талаптары бар. Өлшемдердің көмегімен зерттеліп отырған жүйенің компоненттерінің арасындағы байланыстар тағайындалады.

Кесте 2 - Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың компоненттері, көрсеткіштері, өлшемдері

Компоненттері	Өлшемдері	Көрсеткіштері
1	2	3
Мотивациялық	<ul style="list-style-type: none"> <li>- мұғалімнің кәсіби әрекетінде ақпараттық технологияларды қолдануға талпынуы;</li> <li>- мұғалімнің кәсіби әрекетінде ақпараттық технологияларға қызығушылық танытуы;</li> <li>- мұғалімнің ақпараттық технологияларды оқыту үдерісінде қолдануға ұмтылысының болуы</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінде ақпараттық технологияларды қолдануға ынтасының болуы;</li> <li>- мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінде қажетті білім, білік және дағдыларды игеруге қызығу-шылықтың болуы;</li> <li>- мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінде ақпараттық технологияны оқыту үдерісінде қолдануға ұмтылуы;</li> </ul>
Мазмұндық	<ul style="list-style-type: none"> <li>- мұғалімнің кәсіби әрекетінде ақпараттық технологияларды қолдану туралы теориялық білімдері</li> <li>- мұғалімнің кәсіби әрекетінде ақпараттық технологияларды меңгерудің тетіктерін білу;</li> <li>- мұғалімнің ақпараттық технологияларды оқыту үдерісінде қолдануы;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінде ақпараттық технологияларды қолданатын білімінің болуы;</li> <li>- мұғалімнің кәсіби іс-әрекетін жетілдіруге қажетті білім, білік және дағдыларды игеруге қызығушы-лықтың болуы;</li> <li>- мұғалімнің кәсіби іс-әрекетін жетілдіруде ақпараттық технологияны оқыту үдерісінде қолдану туралы түсінігінің болуы;</li> </ul>
Іс- әрекеттік	<ul style="list-style-type: none"> <li>-мұғалімнің кәсіби іс-әрекетін- де ақпараттық технологиялар -ды қолдануда табысқа жетуі;</li> <li>-мұғалімнің кәсіби іс-әрекет- інде қажетті білім, білік және дағдыларды әрекет жасауда;</li> <li>- мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінде ақпараттық технологияны оқыту үдерісінде қолдану іскерлігі</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінде ақпараттық технологияларды қолдана алуы;</li> <li>- мұғалімнің кәсіби іс-әрекетін жетілдіруге қажетті білім, білік және дағдыларды әрекет жасауда көрсетуі;</li> <li>- мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінде ақпараттық технологияны оқыту үдерісінде қолдануды игеруі;</li> </ul>

И.Ф.Исаев осы айтылған талаптарды кәсіби-педагогикалық мәдениеттің ерекшелігін бейнелейтін төмендегі талаптармен толықтыру керек деп есептейді:

- 1) өлшем сапалы белгілер (көрсеткіштер) арқылы ашылуы керек;
- 2) өлшем өлшеніп отырған сапаның динамикасын уақтылы және мәдени-педагогикалық кеңістікте бейнелеу керек;
- 3) өлшем педагогикалық қызметтің негізгі түрлерін қамтуы керек [201].

Көрсетілген өлшемдер мен көрсеткіштер бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың келесі деңгейлері (жоғары, орта, төмен) айқындалды.

Төмен деңгей - бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігі туралы білімі таяз, ақпараттық технологияларды оқыту үдерісінде пайдаланудың жолдарын, құралдарын жете түсінбейді, әдістемесін меңгермеген, ақпараттық сауаттылығы мен кәсіби біліктілігі, өз қызметінің нәтижелерін саралау, баға беру деңгейі төмен, субъектілік қарым-қатынасқа түсуге, білім, білік, дағдыларды игеруге ынтасыз, ақпараттық технологиялардың құрылымдық компоненттерін, мазмұнын және ерекшеліктерін білмейді, ақпараттық технологияларды жаңашылдық тұрғысынан шығармашылықпен тәжірибесінде қолдана алмайды.

Орта деңгей - бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігі туралы білімі бар, ақпараттық технологияларды оқыту үдерісінде пайдаланудың жолдарын, құралдарын, әдістемесін толық меңгермеген, ақпараттық сауаттылығы мен кәсіби біліктілігі, өз қызметінің нәтижелерін саралау, баға беру деңгейі орташа, субъектілік қарым-қатынасқа түсуге, білім, білік, дағдыларды игеруге ынтасы аз, ақпараттық технологиялардың құрылымдық компоненттерін, мазмұнын және ерекшеліктерін толық білмейді, ақпараттық технологияларды жаңашылдық тұрғысынан шығармашылықпен тәжірибесінде қолдануы жеткіліксіз.

Жоғары деңгей - бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігі туралы білімі терең, ақпараттық технологияларды оқыту үдерісінде пайдаланудың жолдарын, құралдарын, әдістемесін толық меңгерген, ақпараттық сауаттылығы мен кәсіби біліктілігі, өз қызметінің нәтижелерін саралау, баға беру деңгейі жоғары, субъектілік қарым-қатынасқа түсуге, білім, білік, дағдыларды игеруге ынтасы зор, ақпараттық технологиялардың құрылымдық компоненттерін, мазмұнын және ерекшеліктерін толық біледі, ақпараттық технологияларды жаңашылдық тұрғысынан шығармашылықпен тәжірибесінде еркін қолдана алады.

Қорыта келе, бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру оқыту үдерісінде пәндік білім мазмұнын меңгертуде ақпараттық технологияларды тиімді пайдалануы, ақпараттық сауаттылығы мен кәсіби біліктілігінің тереңдігін көрсететін, оның әдістемесін үнемі жетілдіріп отыруы, кәсіби шығармашылық іс-әрекетінің қалыптасуының алғышарты болып табылады.

## **2 БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ-КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫС МАЗМҰНЫ, НӘТИЖЕЛЕРІ**

### **2.1 Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға арналған айқындаушы эксперимент нәтижелері**

Қоғам өміріндегі қазіргі өзгерістер, экономиканың, саясаттың, әлеуметтік-саяси саланың дамуы қоғамдағы негізгі фактор болып табылатын жеке тұлғаның жалпы даму деңгейіне байланысты болмақ. Ал ол қоғамдағы білім

беру талаптарын түбегейлі өзгертуге алып келді. Қоғамдық өмірдегі өзгерістер оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын қолдануды, жеке тұлғаның жан-жақты шығармашылық тұрғыдан дамуына жол ашуды көздеп отыр. Бұл міндеттерді жүзеге асырушылар білім беру жүйесінің күрделі мәселелерін шешуші кәсіби – педагогикалық шеберлігі жоғары ұстаздар болмақ.

Еліміздің Білім және ғылым министрлігінің ұсынған Қазақстан Республикасы жаңа тұрпатты педагогының үздіксіз педагогикалық білімі тұжырымдамаларында: жаңа қоғамдағы мұғалім моделінің үлгілері көрсетіліп берілген. Жоғары ақпараттық-кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан мұғалімдерге қойылатын талаптар қазіргі қоғам қажеттілігінен туындайды. Жаңа қоғам мұғалімі тек кәсіби шеберлігі жоғары адам ғана емес, рухани дамыған, шығармашыл, мәдениетті, білім құндылығын түсінетін, педагогикалық технологияларды меңгерген, ғылым мен техника жетістіктері негізінде кәсіби даярлығы жоғары болуы тиіс.

Бүгінгі таңдағы бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігі оқыту үдерісі барысында кәсіби шеберліктерін мақсатты жетілдірумен қоса, педагогикалық шығармашылық қызметке тікелей қатысуымен астарласуы тиіс. Ол мұғалімнің жалпы мәдени, әдіснамалық, психологиялық-педагогикалық, пәндік блоктарды өмір талабына сәйкес арттырып отыруын қамтамасыз етеді.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында жалпы орта білім бойынша Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарына, жалпы білім мазмұнының тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептердің мемлекеттік базистік оқу жоспары, типтік бағдарламаларға, оқулықтарға, оқу-әдістемелік құралдар бойынша іс-тәжірибелерге талдау жасай отырып, бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық кәсіби құзыреттілігінің қалыптастыруға байланысты мүмкіндіктер қарастырылды.

Өтпелі кезеңге арналған Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандарты 2012 жылы тамыз айында бекітілді. Осы стандарт аясында бастауыш білім мазмұнын жеті білім саласы құрайды: «Тіл және әдебиет», «Математика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Өнер», «Технология», «Дене шынықтыру».

Әрбір білім саласы ұқсас оқу пәндерін қамтылған. Онда «Тіл және әдебиет» білім саласына енетін пәндер: «Сауат ашу (оқу, жазу)», «Әдебиеттік оқу», «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» (қазақ тілінде жалпы білім беретін ұйымдар үшін, оқыту қазақ тілді емес жалпы білім беретін ұйымдар үшін), «Орыс тілі», «Орыс әдебиеті» (орыс тілінде жалпы білім беретін ұйымдар үшін), «Орыс тілі», «Орыс әдебиеті» (қазақ тілді және басқа да орыс тілді емес жалпы білім беретін ұйымдар үшін), «Шетел тілі».

Зерттеу тақырыбымызды әдебиеттік оқу пәнінің аясында қарастыратындықтан стандарттың осы бөлімін талдауды жөн көрдік.

Бастауыш мектепте оқушылардың оқу еңбегіне қажетті оқу іс-әрекетінің білігі мен дағдысын игеруі, оқуға үйрену, санау, теориялық ойлаудың

карапайым элементтерін, сөйлеу мәдениеті мен тәртібі, салауатты өмір салтын, жеке бас гигиенасы, отандық және әлемдік мәдениетті түсінуін қамтамасыз ететін білім мазмұны негізгі мектептің әдебиетті оқу пәнін меңгеруге база жасаудың ірге тасы қаланатын негізі болып табылады. «Стандарт» түсінігі латын сөзінен аударғанда, «үлгі», «өлшем» деген мағынаны білдіретіндіктен, білім беру стандарты мән-мағыналық тұрғыдан сауаттылық, білімділіктің өлшемі ретінде қабылданып, қоғамдық мұратқа ойластырылған, әрі нақты тұлға мен білім жүйесінің мүмкіндіктерін ескерген сол мұратқа жетудің негізгі белгісі – талаптардың (параметры) жиынтығын қамтамасыз етеді.

Білім саласын стандарттаудың негізгі нысандары – стандарт құрылымы, білім салаларының, оқу пәндерінің, оқыту бағыттарының тізбесі, білім беру деңгейлері және білім салалары бойынша білімнің базалық мазмұнына және білім алушылардың оқу жүктемесі көлеміне, білім алушылардың дайындық деңгейіне, білім беру үдерісін ұйымдастыру жағдайларына қойылатын талаптар мен мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандартының типтік оқу жоспары құрайды.

Білім беру салалары бойынша *стандарттағы білім мазмұны білім алушылардың* дайындық деңгейіне қойылатын талаптар мен пәндік нәтижелер берілетін білім мазмұнына сәйкес көрсетілген. Білім мазмұнының инварианттық компоненті типтік оқу жоспарларында жалпы орта білім беретін ұйымдарда оқытылатын міндетті пәндер жиынтығы, ал вариативтік компоненті жұмыс оқу жоспарларында білім алушылардың қажеттілігі мен бейімділігін ескере отырып, жалпы орта білім беретін ұйымдар анықтайтын оқу пәндері мен курстардың жиынтығы ретінде жүзеге асырылатыны нақты көрсетілген.

Бастауыш білім беру баланың жеке тұлғасының адамгершілік қасиеттерінің, оның қоршаған ортаға эмоционалдық-құндылық қатынасының, оқу үдерісіне оң ынта-ықыласының қалыптасуын және таным әрекетіндегі жеке қабілеттері мен біліктерінің дамуын қамтамасыз етеді.

Стандартта белгіленген деңгей дәрежелер мен талаптар білім сапасын бағалау мен білімдену үдерісінің негізгі қырларын сараптауда мызғымас шек (эталон) сипатында қабылданады.

***Білім алушылардың оқу жүктемесі көлеміне қойылатын талаптар:***

1-сыныптағы оқу жылының жалпы мерзімі 33 оқу аптасын, 2-11 сыныптарда 34 оқу аптасын құрап отыр. Бұл өз кезегінде білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (факультатив, жеке және үйірме) сабақтарды, оқу жұмысын қоса есептегенде 1-сыныпта 24 сағаттан, 2-сыныпта 25 сағаттан, 3-сыныпта 29 сағаттан, 4-сыныпта 29 сағатты құрауы, инварианттық және вариативтік компоненттердің жүктемесін толығымен жүзеге асыра алады.

Білім беру салалары бойынша *стандарттағы білім мазмұны білім алушылардың* дайындық деңгейіне қойылатын талаптар мен пәндік нәтижелер берілетін білім мазмұнына сәйкес көрсетілген. Білім мазмұнының

инварианттық компоненті типтік оқу жоспарларында жалпы орта білім беретін ұйымдарда оқытылатын міндетті пәндер жиынтығы, ал вариативтік компоненті жұмыс оқу жоспарларында білім алушылардың қажеттілігі мен бейімділігін ескере отырып, жалпы орта білім беретін ұйымдар анықтайтын оқу пәндері мен курстардың жиынтығы ретінде жүзеге асырылатыны нақты көрсетілген.

Бастауыш білім беру баланың жеке тұлғасының адамгершілік қасиеттерінің, оның қоршаған ортаға эмоционалдық-құндылық қатынасының, оқу үдерісіне оң ынта-ықыласының қалыптасуын және таным әрекетіндегі жеке қабілеттері мен біліктерінің дамуын қамтамасыз етеді.

*Білім алушылардың оқу жүктемесі көлеміне қойылатын талаптар:*

1-сыныптағы оқу жылының жалпы мерзімі 33 оқу аптасын, 2-11 сыныптарда 34 оқу аптасын құрап отыр. Бұл өз кезегінде білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (факультатив, жеке және үйірме) сабақтарды, оқу жұмысын қоса есептегенде 1-сыныпта 24 сағаттан, 2-сыныпта 25 сағаттан, 3-сыныпта 29 сағаттан, 4-сыныпта 29 сағатты құрауы, инварианттық және вариативтік компоненттердің жүктемесін толығымен жүзеге асыра алады.

*Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:*

Білім алушылардың дайындық деңгейі үш аспект бойынша бағаланып, олардың тұлғалық нәтижелер, жүйелі-әрекеттік нәтижелер, пәндік нәтижелермен айқындалып, әрқайсысының атқаратын өзіндік функциясы дәлелденген.

Стандарт бойынша бастауыш білім мазмұнын айқындауда жаңа ұстанымдар басшылыққа алынып отыр. Алдымен жаңа стандарт әлеуметтік сұраныстан туындап отырғандықтан, ол **қоғамның, мемлекеттің және әрбір отбасының** талабын қанағаттандыру үшін осы үштік жүйесінің талаптарын біріктірген білім мазмұнын меңгерту мен жүзеге асыру шарттары оқушыларды **тұлғалық және жүйелі-әрекеттік, пәндік нәтижелерге** жеткізуді көздейді.

Мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандартының типтік оқу жоспары мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандартының құрамдас бөлігі ретінде:

- орта білім берудің барлық деңгейінде оқыту мерзімінің ұзақтығын;
- оқу пәндері бойынша апталық және жылдық оқу жүктемелерін;
- білім алушылардың оқу жүктемесінің міндетті және ең жоғарғы шекті көлемін белгілейді.

Стандартта белгіленген білімнің қалпына айқындайтын жаңа бағдарлама аясындағы бастауыш білім мазмұнын «Тіл және әдебиет» саласы негізінде іске асырылуды көздеп, аталған сала бойынша белгіленген деңгейге сәйкес «Әдебиеттік оқу» пәнінің бағдарламасында берілген мақсатты жүзеге асырумен қатар білім мазмұны оқулықта беріліп отыр.

«Әдебиеттік оқу» пәнін оқыту әдістемесі негізінен оқу дағдысын қалыптастыру мен қатар оқушылардың өздігінен оқуға терең қызығушылығын арттырып, оның тұлға дамуындағы рөлін түсінуге,



балалардың оқу шеңберін кеңейтуге бағытталады. Мұнда басты назар оқушылардың саналы, түсініп, мәнерлеп, шапшаң, дұрыс оқуына аударылады.

«Әдебиеттік оқу» пәні бағдарламадағы білім мазмұнын *білім алушылардың* дайындық деңгейіне қойылатын талаптар мен пәндік нәтижелер берілетін білім мазмұнына сәйкес құрастырылған. 2-4 сыныптарға арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінің бағдарламасына талдау жасайық.

«Әдебиеттік оқу» пәнінің **мақсаты** – дұрыс, мәнерлеп және шапшаң оқуды меңгерту, оқушыны шығарма авторының көзқарасын түсінуге жетелеу және мәтінді қабылдаушы оқырман ретінде тәрбиелеу, көркем-шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамыту, сөз өнеріне деген қызығушылығы мен эстетикалық талғамын қалыптастыру, сөйлеу әрекетінің барлық түрін жетілдіру, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық пен рухани-адамгершілік тәрбие беру.

«Әдебиеттік оқу» пәнінің **міндеттері:**

- оқу сапасын (дұрыс, түсініп, шапшаң, мәнерлеп) жетілдіру;
- ауыз әдебиетінің жанрларымен, отандық және әлемдік балалар әдебиетінің озық үлгілерімен таныстыру;
- ақын-жазушылардың балаларға арналған шығармаларының басты тақырыбын, басты кейіпкерлерін және негізгі мазмұнын айқындау;
- талданып отырған мәтіннің жанрлық сипатын анықтау;
- әдеби-теориялық білім негіздерін қалыптастыру;
- адамгершілік және эстетикалық құндылықтар жүйесі негіздерін қалыптастыру;
- оқылған шығарма сюжеті ізімен немесе еркін тақырыпта әртүрлі әдеби шығармашылық жұмыс түрлерін (өлең, әңгіме құрастыру, мәтінді сахналау, мәтін бойынша сурет салу, мақала жазу, шағын үзіндіге сценарий жазу т.б.) орындауға машықтандыру;
- әдеби функционалдық сауаттылыққа баулу және әдеби тілде еркін сөйлеуді меңгерту;
- тұлғалық оқырмандық мәдениетін қалыптастыруда ана тілінде ауызша және жазбаша дұрыс сөйлеу, өз ойын анық (тіл байлығын арттыра отырып), нақты баяндау білігі мен дағдысын қалыптастыру;
- кітап және анықтамалықтармен, библиографиялық әдебиеттер және сөздіктермен жұмыс істей білуге дағдыландыру.

2-4-сыныптарға арналған оқу бағдарламасы «Ауыз әдебиеті үлгілері», «Жазба балалар әдебиеті үлгілері», «Әдеби-теориялық білім», «Мәтінмен жұмыс», «Оқу дағдысы» мазмұн аясында топтастырылған.

Әрқайсысына қысқаша тоқталайық. *Ауыз әдебиеті үлгілерінде* оқушылардың ой-өрісін, тілін және қоршаған әлем туралы түсінік бере отырып, танымдық қызығушылығын арттырып, белсенділігін дамытатын; мақал-мәтелдер, аңыз-әңгімелер, эпостық жырлардың және т.б. ауыз әдебиет үлгілерінің пайда болу тарихымен таныстыратын; оқыту мен тәрбиелеуде кең қолданылатын құнды тілдік материалдар, сол сияқты халық ауыз әдебиеті

шығармалары арқылы оқушылардың сезіміне әсер ететін оқу материалдары қарастырылған.

*Жазба балалар әдебиеті* үлгілеріндегі шығармалар адамның рухани әлемі мен жоғары эстетикалық талғамын қалыптастыратын, әсемдік сезімін дамытатын, тұлғаның өзін-өзі жетілдірудегі ішкі қажеттілігін, әр оқушының шығармашылық мүмкіндігін жүзеге асыратын, қисынды ойлау қабілетін дамытатын оқу материалдары ұсынылған.

*Әдеби-теориялық білімнің* негізгі ерекшелігі – оқушыларды әдебиет теориясының қарапайым ұғымдарымен таныстыру, шығарманы түсініп, талдау қабілетін дамытып меңгерту көзделген.

*Мәтінмен жұмыс* – әр оқушыға сауатты оқу және жазумен қатар, дайын мәтінмен саналы түрде жұмыс істеуді, көркем шығарманы түсінуді, сол сияқты бастапқы әдеби талдау мен әдеби шығармашылық дағдысын меңгертуге басымдық берілген.

Мәтінмен жұмыс барысында оқушылар автордың идеясын түсінуге; оқиғаның баяндалу сипатын мен мәтіндегі негізгі ойды анықтауға; кейіпкердің портреті мен іс-әрекетін сипаттауға; кейіпкерге мінездеме беруге; мәтінді әңгімелеуге; мәтін атауы мен мазмұны арасындағы байланысты көрсетуге; мәтінге жоспар құруға; мәтінді бөлімдерге бөліп, әр бөлімге атау беруге; мәтіндегі оқиғаға, мәтін авторының көзқарасына өз пікірін білдіруге; мәтін мазмұнына өзгеріс енгізуге; мәтінді жалғастыру және аяқтауға; мәтінді эстетикалық тұрғыдан қабылдауға және т.б. үйрету көзделген.

**«Әдебиеттік оқу» пәні мазмұнын іріктеуді реттейтін дидактикалық негіздерінің** басты ұстанымдарына стандартта базалық деңгейге сәйкес тұлғалық, жүйелі-әрекеттік, пәндік нәтижелер алынады. Осы айтылғандардан басқа «Әдебиеттік оқу» пәні материалдарын сұрыптауда **монографиялық ұстаным** басшылыққа алынады. Бұл ұстанымның талабы Ы. Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердіұлы, С.Көбеев, С.Торайғыров, С.Дөнентаев, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, М.Әуезов және т.б. классик ақын-жазушылардың балаларға арналған шығармалары әр сыныпта қайталанып, күрделеніп отыруы ескерілген. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай олардың әртүрлі жанрда, әртүрлі тақырыпта жазған шығармаларын оқуға мүмкіндік туғызылу қажеттігі айтылған. 2–3-сыныптарда оқу материалдары **маусымдық-тақырыптық ұстаным** бойынша жүйеленген. 1-сыныпты бітірген оқушыда оқу дағдысын қалыптастырып, жетілдіре түсу үшін халық ауыз әдебиеті үлгілерінің осы жастағы балаларға арналған нұсқалары жеткілікті түрде қамтылуы тиіс. Оқулыққа материалдар таңдауда қазақ балалар фольклорының оқушыларды адамгершілік, ізгілік қасиеттерге тәрбиелейтін ең сенімді құрал екендігіне ерекше көңіл бөлінген.

Оқу материалдары арқылы 2-3 сынып оқушыларының туған ел табиғаты туралы (аспан – жер, аң – құс, өзен – көл, тау – тас, өсімдіктер дүниесі мен оларға адамдардың қарым-қатынасын байқататын) танымын арттыру, көркем және ғылыми-танымдық шығармаларды оқыту арқылы қоршаған ортаға,

табиғатқа сүйіспеншілік сезімінің ояту экологиялық мәдениетін тәрбиелеу көзделген.

«Әдебиеттік оқу» пәні 4-сыныпта оқушыны жоғарғы сыныптардағы «Әдебиеттің» жүйелі курсы менгеруге дайындауға, әдеби сауаттандыруға, сөз өнері құралдары арқылы мәдени дамытуға баса көңіл бөлінеді. Бұл материалдарды оқытуда 4-сыныпта **жанрлық-хронологиялық** ұстаным басшылыққа алынып, қазақ балалар әдебиеті тұтас бітімінің қысқа нұсқасы ұсынылған.

Сондай-ақ, бастауыш деңгейде оқытудың қолжетерлік, тұлғалық-бағдарлы, көрнекілік, шығармашылық, қарым-қатынастық тілдік, әдебиеттану, кіріктіру, жүйелі-нәтижелік ұстанымдары және т.б. дидактиканың жалпы ұстанымдарының талаптары сақталған.

Бағдарламада пәнаралық байланыс ұтымды көрсетілген. Сонымен қатар пән бойынша оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар берілген.

Бағдарламада мәтінмен жұмыс жеке беріліп, онда меңгертілетін біліктіліктер нақты көрсетілген.

1. Мәтіндегі негізгі ойды, оның басталуын, жалғасуын, шарықтау шегін, аяқталуын анықтау, мәтінді әңгімелеу, мәтін кейіпкерлерін атау;
2. Мәтін соңындағы сұрақтарға жауап беру және сұрақ қоя білу;
3. Мәтінге берілген суреттермен жұмыс жасау, мәтін мазмұны бойынша сурет салу;
4. Сөздік жұмысын жүргізуге қатысу, түсіндірілетін сөздермен жұмыс;
5. Жазбаша шығармашылық жұмыстар жүргізу: шығарма, хат, құттықтаулар жазу және т.б.

### **Пәндік нәтижелер**

#### **2-сыныптың соңында оқушылар:**

- мәтінді саналы оқуды;
- шығармаларды өздігінен дауыстап, іштей оқуды;
- мәтінді рөлдерге бөліп, мәнерлеп оқуды;
- мәтіндегі негізгі ойдың басталуын, жалғасуы мен аяқталуын табуды;
- көлемі 150-200 сөзден тұратын мәтін мазмұнын толық, қысқаша және жоспар бойынша таңдау мен әңгімелеуді;
- мәтіннің азат жолдарынан басталатын бөліктеріндегі ойды анықтау және оған атауы қоюды;
- мәтіннің мазмұнына қатысты тірек сөздерді табуды;
- тыңдаған мәтіндері бойынша сұрақтарға жауап беруді;
- ертегілерді түрлеріне қарай топтауды;
- халық ауыз әдебиетінің шағын жанрларын (жұмбақ, жаңылтпаш, қаламақ, сұрамақ, санамақ) ажыратуды;
- өлеңнің басты ерекшеліктерін (ұйқасқа құралады, шумақтан тұрады және т.б.);
- өлеңді мысалдан, әңгімеден ажыратуды;
- оқулықпен жұмыс атқаруды (мәтін, сұрақ–тапсырмалар берілген

- беттерді көрсету және т.б.);
- шығарманың авторы мен тақырыбын атауды *білуі қажет*.
- сурет бойынша диалог құруды;
- тыңдаған ән-күйлерінің мәтінмен байланысын анықтауды;
- ғылыми-танымдық мәтіндерден өзіне қажетті мәліметті табуды және оны берілген үлгіге (кестеге, сызбаға, т.б.) сай өңдеу мен жүйелеуді;
- сызба бойынша өлең құрастыруды;
- өзі байқаған және көрген іс-әрекеттер мен оқиғалар бойынша шығарма – суреттемелер жазуды;
- мәтін кейіпкерлеріне, туысқандары мен достарына хатпен құттықтау жазуды;
- халық ауыз әдебиет үлгілерін және 2-3 өтірік өлеңді, 10-15 мақал-мәтел мен жұмбақ, жаңылтпашты жатқа айтуды;
- 2-3 өлеңді жатқа айтуды;
- мазмұндама мен шығарма жазуды (25-30 сөзден тұратын);
- 2-сыныптың бірінші жарты жылдығында минутына сөздер мен тыныс белгілерін қоса есептегенде 40-45 сөз оқуды; екінші жарты жылдықта – 50-55 сөз оқуды *меңгеруі қажет*.

Дегенмен, бұл талаптар тек қана әдебиеттік оқу пәнінің мазмұнын меңгертуге арналғанын яғни пәндік нәтиженің көрсеткіші екенін байқауға болады. Зерттеу тақырыбымыз тұрғысынан қарастыратын болсақ, бұл талаптарды іске асыруда ақпараттық технологияларды пайдалану тиімді деп санаймыз.

Аталған бағдарламаға сәйкес дайындалған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер тәжірибелік қолданыста. Бүгінде мектеп тәжірибесіне балама оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің енгізілуі де бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылықпен жұмыс істеуіне өздерінің таңдауларын жасауына мүмкіндік туғызылуда. Балама оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер бүгінгі күні оған қойылып отырған талаптарға сәйкес жасалған. Сондай-ақ ақпараттық технологиялардың құралдарының бірі ретінде «Республикалық ақпараттандыру орталығы» дайындаған бастауыш сыныптарға арналған электрондық оқулықтардың да мұғалімдердің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға ықпалы зор.

Бастауыш білім беру баланың жеке тұлғасының адамгершілік қасиеттерінің, оның қоршаған ортаға эмоционалдық-құндылық қатынасының, оқу үдерісіне оң ынта-ықыласының қалыптасуын және таным әрекетіндегі жеке қабілеттері мен біліктерінің дамуын қамтамасыз етеді.

«Әдебиеттік оқу» пәні бойынша ұйымдастырылатын оқыту үдерісінде бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық технологияларды пайдалану жайы қарастырылды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың *анықтау* эксперименті жалпы орта мектептің бастауыш сыныптарының мұғалімдерімен эксперимент және бақылау топтарында жүргізілді. Эксперименттік жұмысқа қатысатын

мұғалімдер белгіленіп, оларға зерттеу мәселесі бойынша ғылыми-семинарлар өткізілді.

Бірқатар зерттеушілер мұғалімнің кәсіби-педагогикалық құзыреттілігін зерттей отырып, оның құрамына әдістемелік құзыреттілікті де жатқызады. Олар әдістемелік құзыреттіліктің барлық пән мұғалімдері үшін ортақ қасиеттері болып табылатын компоненттерін нақтылайды.

Білім беруді ақпараттандыруға байланысты бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігінің жаңа компоненттері анықталып, толықтырылуда. Бұл өз кезегінде бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін арттыруға бірден-бір себеп болады.

Білімді жан-жақты меңгеру, оны тәжірибеде қолдануды қажет етеді. Диссертациялық жұмысты орындау барысында біз зерттеуге алынып отырған мәселенің теориялық жағын қарастырып қана қоймай, оның мектеп тәжірибесінде жүзеге асыру мәселесіне де көңіл бөлдік. Осы мақсатпен мектепте педагогикалық эксперимент жұмыстарын жүргізу үшін зерттеу мәселесінің қазіргі жағдайын анықтауды мақсат етіп қойдық.

Эксперименттік жұмысты орындамас бұрын ең алдымен эксперименттік жұмыстың негізгі мақсаты айқындалып, эксперимент жүргізілетін тірек мектептері анықталды. Педагогикалық эксперимент Алматы қаласындағы №138 А.Б.Базарбаев атындағы гимназия, Қызылорда облысы, Шиелі ауданындағы №45 қазақ орта гимназиясы мен №46 қазақ орта мектебінде жоспарлы түрде бастауыш сынып мұғалімдерімен өткізілді.

Эксперименттік жұмыстарды жүргізудің негізгі мақсаты төмендегідей болды:

1. Дайындалған оқу-бағдарламасының бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін арттыруда тиімділігін анықтау.
2. Педагогикалық экспериментті жүргізу барысында шыққан нәтижелерді математикалық-статистикалық өңдеуден өткізу.

Әр мектептен экспериментке қатысатын бастауыш сынып мұғалімдері анықталып, олар қала және ауыл мектептерінен қатысқандықтан әр мектептен эксперименттік және бақылау топтары белгіленді.

Кесте - 3 Мұғалімдердің бақылау тобы мен эксперименттік топқа бөлінуі.

№138 А.Б.Базарбаев атындағы гимназия		№45 қазақ орта гимназиясы		№46 қазақ орта мектебінде	
Бақылау тобы	Эксперименттік топ	Бақылау тобы	Эксперименттік топ	Бақылау тобы	Эксперименттік топ
Қатысқан мұғалімдердің саны					
22	23	15	16	14	15

Анықтау эксперименті барысында жалпы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімдерінен ақпараттық-кәсіби құзыреттілігі қалыптасу деңгейін айқындау үшін сауалнама алынып, педагогикалық жұмыстар жүргізіліп, әр пән бойынша тапсырмалар беріліп, мұғалімдердің білімдік деңгейлері анықталды. Осы өлшем бойынша тірек мектептерінің мұғалімдері үш топқа бөлінді:

**біріншісі** – бастауыш сынып мұғалімдерінің оқыту үдерісіндегі іс-әрекетінде ақпараттық кәсіби құзыреттілігі жоғары деңгейде қалыптасқан (оқушылармен субъектілік қарым-қатыста болады, ақпараттық сауаттылығы жоғары, ақпараттық технологияларды тиімді пайдалана алады, компьютерлік бағдарламаларды меңгерген, ізденімпаз, шығармашыл тұлға;

**екіншісі** – бастауыш сынып мұғалімдерінің оқыту үдерісіндегі іс-әрекетінде ақпараттық кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуына қызығушылығы болғанымен, олар үнемі көмекті қажетсінеді (оқушылармен субъектілік қарым-қатыста болады, ақпараттық сауаттылығы орташа, ақпараттық технологияларды тиімді пайдалана алмайды, компьютерлік бағдарламаларды меңгермеген, ізденуге ынтасы нашар тұлға

**үшіншісі** – бастауыш сынып мұғалімдерінің оқыту үдерісіндегі іс-әрекетінде ақпараттық кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуына ынтасы төмен, білімді меңгеруге белсенді көзқарасы оның іс-әрекетінде айқын көрініс бермейді, оқушылармен субъектілік қарым-қатысқа түсе алмайды, ақпараттық сауаттылығы нашар, ақпараттық технологияларды пайдалана алмайды, компьютерлік бағдарламаларды меңгермеген, ізденуге ынтасы төмен тұлға.

Осыған орай *анықтау экспериментінде төмендегі міндеттері* белгіленді:

- бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігі теориялық және технологиялық білімі деңгейіне педагогикалық бақылау, сауалнама алу және әңгімелесу жүргізу, педагогикалық құжаттарына талдау жасау;
- бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігі тәжірибесінің қалыптасу деңгейіне бақылау жасау, әңгімелесу, ақпараттық технологиялар туралы білімдерін саралау;
- бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық ақпараттық-кәсіби құзыреттілігі тәжірибесінің қалыптасу деңгейіне дәрежесіне тест алу, талдау жасау;
- бастауыш сыныптарда республикалық ақпараттандыру орталығы дайындалып баспадан жарық көрген электрондық оқулықтарды оқыту үдерісінде пайдалану деңгейін айқындау;
- бастауыш сыныптарда әдебиеттік оқу пәні сабақтарында компьютерлік ойындарды пайдалану деңгейі айқындалды.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің (саны 105) жеке іс-тәжірибесін анықтауда жоғарыда көрсетілген міндеттерді шешу үшін жүргізілген сауалнаманың кейбір сұрақтарының қорытындысына сараптамалық талдау жасайтын болсақ:

«Құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік», «ақпараттық-кәсіби» ұғымдарына сипаттама беріңіз» деген сұрақтан төмендегідей нәтиже алдық:

Сұрақтың қорытындысы бойынша сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің басым бөлігі (75%) «құзыреттілік» ұғымының мағынасын толығымен ашып жауап берді.

*«Сабағыңызда ақпараттық технологияның қандай түрін пайдаланасыздар? Мысал келтіріңіз»* деген сұрақтан төмендегідей нәтиже шықты:

Сауалнама қорытындылары бойынша мұғалімдердің 54,1%-ы ақпараттық технологияны барынша пайдаланатынын, 20,8%-ы шамасы келгенше пайдаланатынын, ал мұғалімдердің 25%-ы сұраққа жауап жазбады.

*«Оқыту барысында қандай ақпараттық технологияларды пайдаланасыз?»* деген сұраққа мұғалімдердің 33,3%-ы ақпараттық технологияларды пайдаланатынын жазса, 66,6%-ы пайдалануға мүмкіндіктері және уақыттары жетпейтінін жазды.

*«On-line сабақтарын жүргізіп көрдіңіз бе? Мысал келтіріңіз»* деген сұраққа мұғалімдердің жауаптары болған жоқ. *«Өзіңіздің компьютерлік (ақпараттық) сауаттылығыңызға баға беріңіз (жоғары, орташа, төмен)?»* деген сұрақтың қорытындысы төмендегідей болды:

Бастауыш сынып мұғалімдерінің 33,3%-ы өздерінің компьютерлік сауаттылығын «жоғары» деп бағаласа, 42,8%-ы «орташа», ал 23,8%-ы «төмен» деп бағалаған. *Бастауыш сыныптарға арналған электрондық оқулықтарды білесіз бе? «Әдебиеттік оқу» пәнінде электрондық оқулықтарды пайдаланасыз ба?*

Бастауыш сынып мұғалімдерінің электрондық оқулықтардың шыққанын әлі білмейтіндері де бар болып шықты. Олардың саны % электрондық оқулықтардың бар екенін білемін, бірақ қолымызда жоқ қайдан алатынын да білмейтіндері %, электрондық оқулықтарды сабақтарында қолданылатын мұғалімдер % құрады. *«Әдебиеттік оқу» пәні бойынша қандай компьютерлік ойындарды сабағыңызда қолданасыз?*

Сабақта компьютерлік ойындарды қолданбайтындары %, қолдғысы келетіндері, бірақ оны табуда қиналатындары %, қолда бар ойындарын пайдаланатындарының пайыздық көрсеткіші % құрады.

*«Әдебиеттік оқу» пәні бойынша қандай мультфильмдерді сабағыңызда пайдаланасыз? Мысал ретінде аттарын жазыңыз.*

Әдебиеттік оқу пәні бойынша мультфильмдерді қолданатындар %, қолданғысы келетіндері бар, бірақ қолдарында жоқ екенін, бір екі ғана мультфильмді қолданатындары %, ауыл жағдайында көбіне мүмкіндік бола бермейтінін айтқандар, яғни қолданбайтындар % құрады.


Эксперимент жұмысымыздың анықтау кезеңінде жоғарыда аталған үш мектептің бастауыш сынып мұғалімдерінен күрделілігі бірдей тест сұрақтары алынды (Қосымшы-А). Алынған деректерге талдау жасағанымызда бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігінің яғни ЭЕМ кейбір бағдарламаларының білмейтіндігін, ақпараттық сауаттылығының төмен деңгейде екеніне көзіміз жетті. Нәтижесінде алынған деректер бастауыш

сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін арнайы қалыптастыру қажет екенін көрсетті.


Эксперименттің анықтау бөлімінде бастауыш сынып мұғалімдерінен алынған тест нәтижелерін біз төмендегідей сараптадық.

Кесте - 4 №138 А.Б.Базарбаев атындағы гимназиясының бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігінің бастапқы білім деңгейінің бағалануы.

Топтар	Бағалау критериілері		
	«өте жақсы»	«жақсы»	«қанағаттанарлық»
	Орындаған мұғалімдердің саны		
Эксперименттік топ	2	8	13
Бақылау тобы	4	6	12



Сурет -1 - Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігінің эксперименттік топ бойынша диаграммасы



Сурет -2 - Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігінің бақылау тобы бойынша диаграммасы


Келесі тірек мектебінің анықтау эксперименті бойынша нәтижені келесі кестеде және диаграммдан көруге болады.




Кесте - 5 - №45 қазақ орта гимназиясының гимназиясының бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігінің бастапқы білім деңгейінің бағалануы

Топтар	Бағалау критериілері		
	«өте жақсы»	«жақсы»	«қанағаттанарлық»
	Орындаған мұғалімдердің саны		
Эксперименттік сынып	1	6	9
Бақылау сыныбы	-	5	10

Зерттеуіміз бойынша алынған нәтижелер төмендегідей диаграммада көрсетілген



Сурет -2 - Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігінің



эксперименттік топ бойынша диаграммасы


Сурет -3 - Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігінің бақылау тобы бойынша диаграммасы

Келесі тірек мектебіміз бойынша жүргізілген тест нәтижесі төмендегі кестеде және диаграмма бойынша берілді


Кесте - 6 - №46 қазақ орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігінің бастапқы білім деңгейінің бағалануы

Топтар	Бағалау критериилері		
	«өте жақсы»	«жақсы»	«қанағаттанарлық»
	Орындаған мұғалімдердің саны		
Эксперименттік сынып	-	4	11
Бақылау сыныбы	-	6	8

Зерттеуіміз бойынша алынған бастапқы нәтижелері төмендегідей диаграммада көрсетілген.



Сурет -3 - Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігінің эксперименттік топ бойынша диаграммасы



Сурет - 4 - Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігінің бақылау тобы бойынша диаграммасы

Алынған тесттің нәтижесінде біз бастауыш сынып мұғалімдерінің ЭЕМ жеткілікті деңгейде меңгермегендігі анықталды. Бұл зерттеу жұмысымыздың өзектілігін айқындай түсіп, бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға арналған семинар жоспарын дайындауға мүмкіндік берді. Тірек мектептерінде ұйымдастыру үшін «Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігі» атты семинар жоспары жасалып, тәжірибелік эксперимент жүргізуге дайындалды.

Ұсынылған жоспардың мақсаты – әдебиеттік оқу пәнін оқытуда бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігі қалыптасқанын көрсететін

ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың пәнді оқуға деген қызығушылығы мен мүмкіндіктеріне сәйкес ұйымдастыру.

Әрине мұны жүзеге асыру мұғалімнен үлкен шеберлікті, шығармашылықты талап етеді. Осы мақсатта біз бастауыш сынып мұғалімдерінің құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, ақпараттық технологиялар туралы білімдерін жетілдіретіндей кеңестер беріліп, нақты тақырыптарды өткізудің әдістемесінде ақпараттық технологияларды пайдалану көрсетілу жоспарланды.

**Семинардың мақсаты:** бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігі қалыптастырудың формалары мен әдістерін, құралдары мен технологияларын жете меңгеріп, оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде ақпараттық технологиялар негізінде жаңашылдық, шеберлікті оқушының өздігінен білім алуға, дербестікке талпынтып, кәсіби ынталылыққа, талдау, қорытындылау, шешім қабылдаудағы біліктілігі, кез келген педагогикалық жағдаятта жол таба білу қабілеттілігі, кәсіби байқампаздығы, ұстамдылығы, ақыл-ойдың шығармашылығын қалыптастыру.

**Семинардың міндеттері:**

- оқыту үдерісін ақпараттық технологиялар негізінде шығармашылықпен ұйымдастырып, өзінің әсер ету амалдарына оқушылардың реакциясын алдынала білу;
- оқыту үдерісінде ақпараттық технологияларды қолданып ұйымдастыруда оқушылардың оқырмандық, ізденімпаздық, шығармашылық іс-әрекетке қызықтыратын ақпараттарды іздеу, таңдай білу, өңдеу;
- оқыту үдерісін ақпараттық технологияларды қолданып ұйымдастыруда ақпараттарды меңгертудегі қиындықтарды көре біліп, оларды шешудің жолдарын қарастыру;
- оқыту үдерісін ақпараттық технологияларды қолданып ұйымдастыруда оқушылардың шығармашылық тапсырмаларды орындау мүмкіншілігін, оларды бекітудің, меңгертудің болашағын көре біліп, оны қалыптастыру жолдарын таңдау;
- оқыту үдерісін ақпараттық технологияларды қолданып дайындалған тапсырмаларды оқушылардың орындауындағы белсенді іс-әрекетінің ұйымдастыра білу;
- мұғалім мен оқушының ізденімпаздық, шығармашылық ынтымақтастығын ақпараттық технологиялар арқылы орната білу, мұғалімнің кәсіби шығармашылық қызметін ұйымдастыру кезеңдерін талдату (кесте ).

**Мұғалім біліктілігі:**

- арнайы семинардың теориялық, әдістемелік негіздері;
- жалпы білім беретін орта мектептің бастауыш деңгейінің білім мазмұны тұжырымдамасы;
- жалпы білім беретін орта мектептің бастауыш деңгейінің оқу бағдарламалары (1-4 сыныптар);
- оқыту үдерісін шығармашылықпен ұйымдастыруы;
- оқытудың ақпараттық технологияларын толық меңгеруі;

- педагогикалық шығармашылықпен әрекет етуі;
- педагогикалық әсер ету құралдарын қолдану арқылы тапсырмаларды құруды жетік меңгеру.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің оқыту үдерісінде ақпараттық технологияларды пайдаланудың мынадай артықшылықтарын атап өтуге болады:

- әрбір адамның өздігінен білім алуының меншікті траекториясын қамтамасыз ететін білім берудің ашық жүйесін құрайды;
- ақпаратпен жұмыс істей алу білігін қалыптастырады және қатынас жасау қабілетін дамытады;
- таным процесін ұйымдастыруды оны жүйелі ойлау жағына жылжыту жолымен түбегейлі өзгертеді;
- оқыту үдерісінде оқушылардың танымдық іс-әрекетін қолайлы ұйымдастыруға мүмкіндік туғызады;
- жаңа таным құралдарын пайдалануға және ұйымдастыруға жағдай жасайды;
- білім беруді ақпараттық-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етеді. Аталған артықшылықтарды тірек мектептеріндегі бастауыш сынып мұғалімдерімен ұйымдастырылған семинарда басшылыққа алынды. Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда белгілі нәтижеге жету мақсатында оның артықшылықтарының маңызы зор болмақ. Сондықтан да ол толықтай талданып, мұғалімдердің ақпараттық технологияларды оқыту үдерісінде пайдалану мүмкіндіктері айқындалды.

Кесте 6 - «Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігі» атты семинар жоспары

№	Тақырып	Мазмұны	Жұмыс түрі	Сағат саны
11.	«Құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік», «ақпараттық-кәсіби» ұғымдарына сипаттама	«Құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік», «ақпараттық-кәсіби» ұғымдары туралы түсінік	Дәріс	2
		Әдебиеттік оқу пәнінде қолданылатын ақпараттық ресурстарға сипаттама	Практик алық жұмыс	2
		Әдебиеттік оқу пәнінде ақпараттық технологиялар қолдану әдістемесі		2
22.	Әдебиеттік оқу пәнінде ақпараттық	Әдебиеттік оқу пәнінде ақпараттық технологияларды пайдаланудың мақсаты, міндеттері, ерекшеліктері.		2

	технологияларды пайдаланудың түрлері және ерекшеліктері.	Ақпараттық сауаттылық, ақпараттық мәдениет ұғымдары туралы түсінік, мысалдармен пікір алмаса отырып талдату	Тәжірибелік жұмыс	2
		Ақпарат ресурстарына сипаттамалық талдату		2
3	Мультимедиа технологиясына сипаттама. Әдебиеттік оқу пәнінде электрондық оқулықтарды пайдаланудың әдістемесі	Мультимедиа технологиясы туралы түсінік. Электрондық оқулық туралы түсінік. Электрондық оқулық құрылымын талдау	Тәжірибелік жұмыс	2
		Әдебиеттік оқу пәні бойынша 2 сыныптың электрондық оқулығын талдату		2
		2 сыныпқа арнаған электрондық оқулық нұсқасында дайындаған дидактикалық тапсырмаларды орындату әдістемесі		2
4 4	Әдебиеттік оқу пәнінде интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін пайдалану жолдары	Интерактивті тақтаның мүмкіндіктері	Интерактивті тақтамен жұмыс	2
		Интерактивті тақтада сабақты бекіту мақсатында тапсырмалар дайындату		2
		Бір тақырып бойынша тұсаукесер дайындау. Тест тапсырмаларын дайындау		2
5	Электрондық ресурстарға сипаттама. Әдебиеттік оқу пәнінде мультфильмдерді пайдалану әдістемесі	Электрондық ресурстар туралы түсінік Алдар – Көсе ертегісі, Қарлығаш пен Дәуіт ертегісі	Мультфильмді қолданып сабақ өту	2
		Мультфильмді сабақта қолдану әдістемесі		2
	Қорытынды, қайталау	Ақпараттық-кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан мұғалім	Дебат	2
	<b>Барлығы</b>			<b>30</b>

«Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігі» атты семинардың жоспары әдебиеттік оқу пәні бойынша оқыту үдерісін ұйымдастыруда ақпараттық технологияларды пайдаланудың әдістемесін тәжірибемен байланыстыра үйрету мақсаты көзделеді.

Оқыту үдерісі негізгі ақпараттық технологиялардың барлық түрлерін қосу негізінде ақпараттық болып табылады: білімді тасымалдау және алу (ақпаратты), өңдеу (білімді жинау, жүйелеу), “нәтиже беру” (нақты педагогикалық міндеттерді шешу білімінің нәтижесі). Қазіргі кезде осындай көзқарастың ықпалымен қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолдану арқылы ақпараттық жүйелерді құру заңдары мен ережелері бойынша білім беру үдерісін (оқыту технологиясын) оқыту үдерісін ұйымдастыруға ұмтылыстар жасалуда.

Бұл бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігінің нәтижесі болып табылатын ақпараттық технологияларды пайдалану нәтижесінде ақпаратты іздеу, әртүрлі құжаттарды дайындау саласындағы іс-әрекетін анағұрлым жеңілдетіп, оқыту үдерісін жетілдіреді және жұмыс істей жүріп, кәсіби біліктілігін арттыруға, өздігінен білімін көтеруге мүмкіндік береді.

Сондықтан бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби даярлығына арналған семинарларда ақпараттық технологияларды пайдалануды көздей отырып, нақты жаңарту, оларға қосымша материалдарды енгізу болып табылады. Осыған сәйкес арнайы семинарларда компьютерлік оқыту бағдарламаларын, электронды оқулықтар, электронды тасымалдаушыларда әртүрлі оқу материалдар дайындап, оларды оқыту үдерісіне пайдаланудың мүмкіндіктері бар.

## **2.2. Мұғалімдердің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі**

Қазіргі заманғы қоғам талабына сәйкес ғылымның, техника мен өндірістің дамуы, әлеуметтік өмірде болып жатқан өзгерістер білім беру үдерісін жаңаша тұрғыдан қарастыруды, әрбір мұғалімнің кәсіби білімі мен құзыреттілік қабілеттілігін білім алу біліктілігі мен дағдысына жаңа талаптар қойып отыр. Осыған орай білім берудің барлық түріне нақты міндеттер қойылып, оны жүзеге асыруды қадағаланып отыр. Ақпараттық қоғамның сұранысына орай бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру оқыту үдерісінде ақпараттық технологияларды пайдаланудың жолдарын меңгерту басты мақсат болып табылады.

Зерттеу тақырыбымыз бойынша бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру оқыту үдеріснің барлық түрлерінде пайдаланылатын ақпараттық технологияларды меңгеру міндетін қояды.

Ақпараттық технология - қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және оны тасымалдау істерін қамтамасыз

етегін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны.

Ақпараттандыру – өндірісте ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалану, ақпаратты өңдеу, сақтау және тарату, әсіресе білім беру жүйесінде қолдану болып табылады. Білім беруді ақпараттандыру сыртқы (еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының сұраныстарына) және ішкі қажеттіліктермен (оқу-тәрбие үдерісі сапасының артуымен) сипатталады.

*Білім беруді ақпараттандырудың негізгі мақсаты* - Қазақстан Республикасында біртұтас білімдік ақпараттық ортаны құру болып табылады. Олай болса, білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалануға, Қазақстан Республикасындағы ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыруға мүмкіндік береді.

*Білім беруді ақпараттандырудың негізгі міндеттері:*

- ақпараттық технологияларды құралдармен қамтамасыз ету;
- білім беруді ақпараттандыру бойынша практикалық шараларды анықтап, жүзеге асыру;
- оқыту үдерісіне ақпараттық технологияны енгізуді қамтамасыз ету бойынша ғылыми-ізденушілік және оқу-әдістемелік жұмыстарын жүргізу;
- мектеп пәндері бойынша жасақталатын жалпыға міндетті білім стандарттарының және оқу-әдістемелік кешендерінің мазмұнын ақпараттық технологияны пайдалану мүмкіндіктерімен жетілдіру білім беруді басқаруда ақпараттық жүйені құру;
- білім беру ұйымдарының қызметкерлері үшін программалық-техникалық құралдарды қамтамасыз ету және мультимедиялық программаларды, электрондық оқулықтарды жасақтау;
- педагог кадрларды ақпараттық технологияны өз қызметтеріне еркін пайдалана білуге дайындау және жүйелі түрде біліктіліктерін көтеру.

*Білім беруді ақпараттандырудың қағидалары:*

- қоғамның әрбір мүшесі үшін алынатын білімдер мен мәліметтердің түсініктілігі ;
- жеке тұлғаның интеллектуальдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- білім мен тәрбиенің бірізділігі;
- жалпы компьютерлік сауаттылық;
- оқыту мен тәрбиелеудің жылдамдығы (интенсификация).

*Нәтижелер:*

- ақпараттық технологияларды қолдану арқылы білімнің сапасын көтеру;
- ақпараттық технологияларды енгізу арқылы білім беру мазмұнын жаңарту;
- ақпараттық технологияларды қолдану саласы бойынша оқушылардың мамандыққа баулу механизмін құру;
- біздің еліміздегі және шет елдердегі жинақталған ақпараттық ресурстарға жедел ену;

- мультимедиялық электрондық оқулықтарды, бақылау программаларын жасақтап, қамтамасыз ету;
- отандық білім беру жүйелерін біртұтас әлемдік ақпараттық білімдік кеңістікке ену арқылы сабақтастыру;
- білім берудің телекоммуникациялық желілерін құру;
- республиканың білім беру мекемелерін басқарудың біртұтас ақпараттық желісін құруға негіздеп, білім берудің басқару салаларының ақпараттық желісін құру.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үшін ақпараттық оқу ортасын құру құралдарына талдау жасайық.

*Ақпараттық оқу ортасын құру құралдарына* тоқталатын болсақ, ақпараттық технология құралдары оқыту құралы қызметін атқарады. Ақпараттық оқу құралдарынан оқушыларға мына типтегі материалдар ұсынылады:

- компьютерлік үйрету бағдарламалары
- электрондық оқу құралдары
- компьютерлік тестілеу жүйесі мен білімді бақылау
- электрондық анықтамалар мен энциклопедиялар
- аудио және бейнематериалдар
- Интернет желісіндегі ақпараттық материалдар
- электрондық оқулықтар және т.б.

Бастауыш сынып мұғалімдерін алдымен электрондық оқу құралдарымен таныстырылып, олардың қолданылу бағыттары бойынша жіктеуі түсіндіріледі. Өйткені, бастауыш сыныптарға арналған электрондық оқулықтарды оқыту үдерісінде пайдалану үшін мұғалім онымен жақсы таныс болуы тиіс.

Электронды оқулықтың негізгі мақсаты – мұғалімге шығармашылықпен және өздігінен ойланатын, оқу материалын меңгеруге қызығушылығы артқан оқушыны қалыптастыруға көмектесу. Ал, ана тілі пәні бойынша өткен тақырып аясында іздеген сұрақтарына жауапты осы модульдік педагогикалық технологиясымен құрастырылған электронды оқулықтан таба алады.

Электронды оқулықтың негізгі бөлігіне интерактивті тапсырмалар жатады. Олар оқушыларды пәнге байланысты білім-білік, дағдыларының дамуына негізделіп жасалынған. Сол сияқты оқулықтағы тест арқылы оқушы өз білімінің нәтижесін тестілеу сұрақтарын орындай отырып көре алады.

Осы электронды оқулық арқылы оқушы үйде отырып, мектепте алған білімін шыңдап, бекітеді. Электронды оқулықтағы түсіндіру, бейнеқатарды бірнеше рет қайталап көрудің, тыңдаудың нәтижесінде баланың ой-өрісі кеңейіп, есте сақтау қабілеті дамиды. Электронды оқулық баланың пәнге деген қызығушылығын арттырып, алдағы уақытта сапалы білім алуына қол жеткізеді.

Білім берудің кез-келген саласында "Электрондық оқулықтарды" пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, ойлау жүйесін



калыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуге жағдай жасайды.



Мысалы: 2 сыныпқа арналған электрондық оқулықты пайдалану әдістемесіне тоқталайық.

*Екінші сыныпқа арналған электрондық оқулық бес модульден тұрады. Олар: Интерактивтік тапсырма, Әдебиеттік оқуға арналған үйге тапсырма. Әдеби теориялық білімге бағытталған шығармашылық тапсырма. Функционалдық сауаттылық. Әр модуль келесі тапсырмалардан тұрады. Бірінші интерактивті тапсырма, екінші үйге тапсырма, үшінші шығармашылық жұмыс, төртінші тапсырма функционалдық сауаттылыққа арналған. Осы тапсырмалармен жұмыс істеу әдістемесі электрондық оқулықпен жұмыс істеп көрсетілді. Екінші сыныпқа арналған электрондық оқулықты сабақта пайдалану жолдары ұсынылды. Семинар барысында барлық модульмен жұмыс істеу меңгерілді. Мысалы ретінде бірінші модульді келтірейік.*

### **I модуль.**

#### **1. Интерактивті тапсырма**

1.Төрт түлік тақырыбы. Төрт түлік туралы түсінік.

#### **2. Өлеңге қарап, өлең құрастырып көріңіз**

Мысалы: Қыс туралы.

Қыс келді. Шатырға мұз қатып,

Мұз қатып, ызғары мұздатып.

Қырдағы шиырлап із салып,

Шаңғыны тебеміз зырлатып.

Үлгі:



3. **Сөз жұмбақты шешуге арналған тапсырмалар:** Өлеңді жалғастыруға арналған тапсырма. Мысалы:

Әлпештеген	құттықтаймын.
Ақ сүт берген	аялаған,
Сәлем жазып	апатайым.
Мейрамыңмен	бүгін саған,

4. **Суретті ребусты шешу.** Сурет атауларының басқы әріптерін төмендегі сызбаға ретімен қойып, жасырын сөзді оқыңыз.


1) 	2) 	3) 	4) 	5) 	6) 	7) 	8) 	9) 
бала	ата	таға	апа	лақ	ыдыс	сөмке	өшіргіш	зымыран
10) - 11) 	12) 	13) 	14) 	15) 	16) 	17) 	18) 	
ана	торт	ағаш	лашын	Ыбырай	сабын	өзен	зауза	

1	2	3	4	5	6			
7	8	9	10	11	12	13	14	15
16	17	18						


5. **Ертегі құрастырып көріңіз:**  
Сыр. Етік (суреті)



6. **Ребусты шешуге арналған тапсырма:** Айтыс сөзі шығатын ребус

		
	Айтыс сөзі	
		

**7. Әр күннің жанына керекті сөзді қойыңыз**



**8. Жоғалған сөзді табуға арналған тапсырма:**

Қай тай \_\_\_\_\_

Қай \_\_\_\_\_ тайлақтай (лақ)

**9. Берілген сөзден өтірік өлең құрастырып көріңіз:**

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_ 3. \_\_\_\_\_

4. \_\_\_\_\_

5. \_\_\_\_\_ 6. \_\_\_\_\_

Көртышқан мен жолбарыс Алып ұрды

Ақырында көртышқан,

Алты ай

бойы алысты, жолбарысты.

**10. Адам болам десеңіз не істеу керек? Сөздерді тауып, сәйкесінше қорапқа салыңыз:**

Еріншек жалқау талап өсек

білімді әдеп

ақыл өтірік терең ой ашу

**Диалог құрап, әр сөйлемді ретімен орналастырыңыз тапсырмасы:**



-Мен сегіз жастамын.  
 -Менің атым Анар.  
 -Сенің атың кім?  
 -Сен неше жастасың?  
 -Ал, сен неше жастасың?  
 -Ал, сенің атың кім?  
 -Мен де сегіз жастамын.  
 -Менің Данияр.  
 -Дос болайық.  
 -Кел, екеуіміз дос болайық!

Blank lines for writing answers to the dialogue.

Суретке қарап жауабын табыңыз. Төртінші жолдағы көп нүктенің орнында тұруға тиісті сөздерді табындар. Ол сөздер екінші жолдардағы соңғы сөздермен ұйқасуы керек.

**Шұқшитқан кеп әуелі  
 Сені әрбір әріпке.  
 Суреттері әдемі,  
 Бұл қай кітап?**

.....

дәптерім

Әліппе

сызғыш

қаламсап



**II Модуль. Үйге тапсырма**

Төрт түлік төлдерін және олар қалай дыбыстайтынын, көп нүктенің орнына қойып жаз. Төрт түлік суреті



Үлгі: Ешкі-лақ маңырайды.

Керекті сөздер: құлын, лақ, бота, қозы, бұзау, маңырайды, мөңіреді, кісінейді, боздайды.

**III Модуль. Шығармашылық жұмыс.**

Шығарма тақырыптары. «Аталарым – мақтанышым». «Анамның аялы алақаным». «Сүйікті ертегімдегі ұнатқан кейіпкерім». «Өнерлі мені он саусағым».

**IV Модуль. Функционалдық сауаттылық** Ол келесі тапсырмаларды

камтиды: Тыңдау. Оқу. Сөйлеу. Жазу.

Тыңдауға мәтін ұсынылған. «Алма қыста өсе ме?» Мәтінді жаз.

Оқу: Мәтінді оқып, өзіңнің оқу техниканды тексер. ( 65-70 сөз)

Сөйлеу: Мәтінді мазмұндап айтып бер. Диалог құрып сөйлес, қиялдап өзіңнің не істегің келетінін айтып әңгімелес.

Жазу: Мәтін бойынша ұққаныңды әңгімелеп жаз. Суретін сал.

#### **V. Тест тапсырмалары**

1) Алғашқы қазақ жасағын құрған кім?

- а) Бұхар жырау
- ә) Қабанбай батыр
- б) Төле би
- в) Абылай хан

2) Ақылгөй ақын, жырау кім?

- а) Ы. Алтынсарин
- ә) Ж. Жақаев
- б) Абай
- в) Бұхар жырау

3) «Кел, балалар, оқылық!» өлеңінің авторы кім?

- а) Абай
- ә) Ж. Жақаев
- б) Ы. Алтынсарин
- в) Ө. Тұрманжанов

Оқыту үдерісінің дидактикалық мақсатына жетуі үшін ақпараттық технологиялары пайдалану оқытушыға оқу ортасын жобалауға жаңа мүмкіндіктер береді. Ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, мұғалім оқушының жеке тұлғалығын дамыту, шығармашылық ізденіске баулу, бірлескен өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру, оқу бағдарламаларының ең үздік нұсқаларын таңдауға қосымша мүмкіндіктер алады.

Қазіргі уақытта оқытудың ақпарат жүйелерінің қажеттілігі ешқандай да күмән туғызбайды. Мұндағы негізгі мәселе қазіргі компьютерлік технологиялардың тиімді пайдалануы мен материалды оқыту әдістемесі болып отыр.

Бастауыш сыныптарда ақпараттық технологияларды қолдана отырып, пәнді меңгеру кезінде жоғары сапалы иллюстративті материалдардың болуының маңызы зор. Білім жүйесінде ақпараттық технологиялар білім алудың нәтижесін арттырады және мультимедиалық жабдықты қолдану оқушының барлық қабылдау қабілетін дамытады.

Бүгінгі тәжірибеде мультимедиалық проекторды, интерактивті тақтаны, компьютерді, интернет желісіне шығу мүмкіндіктерін пайдаланып сабақ өткізетін мұғалім сапалы білім беруге мүмкіндігі жоғары, өйткені тақырып мақсатына сәйкес таңдалған ақпараттарды аталған құралдарды қолданып ұйымдастырса, оқушылардың қызығушылығын арттырып, танымдық берсенділігінің қалыптасуына ықпалы зор.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің электронды оқулықтарды пайдалану үшін

оның құрамын білуі тиіс деп есептейміз. Электрондық оқулықтың құрамына: титул, мазмұн, контент, утилиталар, көмекші және құжаттама енгізіледі.

- Титулда электрондық оқулықтың шығу мәліметтері орналасқан. Шығу мәліметтеріне қойылатын талаптар осы стандарттың сәйкес тарауында келтірілген.

- Тақырыпнамада электрондық оқулықтың құрылымы мен барлық семантикалық оқу бірліктерінің атаулары көрсетіледі.

- Контентте электрондық оқулықтың мақсаттары мен есептеріне қатысты, және білімді қорытынды бақылау өткізуге қажет барлық оқу материалы берілген, қорытынды тестілеуді жүргізу үшін арналған.

- Көмекшіде электрондық оқулықтың жұмысын басқару бойынша ақпарат және электронды оқулықтың іске қосылуынан бастап қолжетімді.

*Электрондық оқу басылымының оқыту элементтеріне қойылатын талаптар. Оқыту элементтеріне: «Теория», «Мысалдар», «Тапсырмалар», «Сұрақтар», «Тестілер», «Тезаурус», «Анықтамалық», «Графика», «Аудио» және «Видео» жатады.*

- Оқыту элементі «Теория» оқылатын сабақтың теориялық материалдарының гипермәтінді сипаттауына қолжетпек жасауына мүмкіндік беріледі.

- Оқыту элементі «Мысалдар» жанрының сипаттамасы мен олардың түсініктеріне қолжетімді жасауына мүмкіндік берілген.

- Оқыту элементі «Тапсырмалар» ағымды сабақ бойынша жаттығуларға және есептерге, сонымен қатар оларды орындау мен шығаруға байланысты көмекке қолжетімді.

- Оқыту элементі «Сұрақтар» ағымды сабақ бойынша тест жүргізуге дейін жауаптары интерактивті берілетін және тексерілетін сұрақтарға қолжетпек жасауына мүмкіндік беру керек.

- Оқыту элементі «Тестілер» оқытудың ағымды бірлігі бойынша білім бақылауды өздігінен жүзеге асыру үшін арналған тестілеу құралына қолжетпек жасауына мүмкіндік берілген:

- Оқыту элементі «Тезаурус» электронды оқулықта кездесетін және олардың анықтамаларына гипермәтіндік сілтемелері терминдер және қысқартулар сөздігіне қолжетімді болуына мүмкіндік берілген.

- Оқыту элементі «Анықтамалық» ағымды сабақ бойынша анықтамалыққа қолжетпек жасауына мүмкіндік беру керек.

- Оқыту элементтері «Графика», «Аудио» және «Видео» қосымша дидактикалық материалдарға қолжетпек жасауына мүмкіндік беру керек.

- Оқыту элементі «Графика» схемаларға, сызуларға, суреттерге, фотосуреттерге және бейнелерге, соның ішінде анимацияларға қолжетпек жасауына мүмкіндік беру керек.

- Оқыту элементі «Аудио», «Дыбыстау» оқылатын сабаққа қатысты негізгі ұғымдарды, фактілерді, тұжырымдарды және ережелерді дыбыстауға қолжетпек жасауына мүмкіндік беру керек.

- Оқыту элементі «Видео», «Бейнетаспа» оқылатын сабаққа қатысты объектілердің, үдерістер фрагменттерінің және құбылыстардың қасиеттері мен қатынастарын және сабақты оқып үйрену үшін қажет атақты ғалымдардың, саясаткерлердің және басқа тұлғалардың сұхбатын көрсететін фильмдерге қолжетпек жасауына мүмкіндік беру керек.

XXI ғасыр қоғамы жаһандану, ақпараттандыру, демократияландыру үдерістерімен сипатталады. Сондықтан да бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда мультимедиалық технологияларды қолданудың мәні тереңдеп нығайып, ақпараттандыру тұрғысынан қоғамның дамуы әлеуметтік байланысы күшейтіп, дамытуда.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда мультимедиалық технологияларды қолдану оқыту үдерісінің, педагогикалық ұжымның және қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырудағы педагогикалық ерекшеліктері кеңірек талданады.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда компьютерлік технологияларды қолданудың *негізгі сипаттары*: оқытуды жекелеу мен дифференциациялау мүмкіндіктері, сондай-ақ шығармашылық-танымдық белсенділікті дамыту мүмкіндіктері. Қазіргі деңгейде компьютерлік технологияларды және оның мүмкіндіктерін дамыту оқыту үдерісін ақпараттық қолдаудың тәсілі ретінде ғана емес, сонымен қатар бастауыш сынып мұғалімінің маңызды құралы ретінде де қарастырылады. Компьютерлік технологияларды ғылыми-педагогикалық қолдану көптеген психологиялық-педагогикалық мәселелерді шешудің негізі болып табылады, ал оларды шешу мұғалімінің педагогикалық кәсіби әрекетінде жүзеге асыру қажет.

*Мультимедиалық технологиялар - бейнелік және аудиоэффектілік, әр түрлі мультибағдарламалық мүмкіндіктерді интерактивті бағдарламалық жабдықтың басқаруымен орындалатын электрондық құжаттарды дайындау тәсілдері.*

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда мультимедиалық-компьютерлік технологияларды бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда оқыту үдерісінде қолдану әдістемесіне тоқталайық. Бұл әдістеме оқушыларға оқу пәнін қызығып оқуға, ақпараттар көздерін табуға ықпал етеді, жаңа білімдерді алуда дербестік пен жауапкершілікті тәрбиелейді, интеллектуалдық іс-әрекеттер мәнін дамытады.

#### ***Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдістемесі***

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда білім беруді ақпараттандыру талабын орындау барысында мұғалімдердің ақпараттық сауаттылығы мен мәдениетін қалыптастыру қажет. Ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін дамыту бағытында әдістемелік құралды құрастыру бағытында келесі міндеттерді анықтау негізге алынуы тиіс:

- кез келген педагогтік интерактивті білімі мен білігін қалыптастыру;

- интерактивті жабдықтармен жұмыс жасау технологиясын меңгерту;
- интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін оқу үрдісін сапалы түрде өткізу әдістеріне қолданудың біліктілігін қалыптастыру;
- Он-лайн режимінде жұмыс жасауды ұйымдастыру икемділіктерін қалыптастыру;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдану бойынша біліктілік құзырлығын көтеру.

*Әдістемелік құралдың мазмұны* интерактивтік тақтаның мүмкіндіктерімен танысу арқылы шығармашылық жұмыстарын интерактивті ортада түрлі мазмұндық деңгейде флипчарттар құру мен он-лайн режимінде жұмыс жасауға баулу бағыттарын қалыптастыруға бағытталған.

*Компьютерлік анимация* деп дисплей экранында қозғалатын кескіндерді жасау өнерін айтады. Суретші қозғалатын объектінің бастапқы және соңғы калпын бейнелейтін суреттерді ғана салады, ал осы екі суреттің арасындағы барлық қозғалысты компьютер осы объектіні қозғалтуға қажетті алдын-ала белгіленген математикалық есептеулерді орындай отырып өзі суреттеп шығады. Белгілі бір жиілікпен бірінен кейін бірі пайда болатын осындай суреттердің жиынтығы экранда қозғалатын суреттерді бейнелеуге мүмкіндік береді.



*Мультимедиа* деп – компьютер экранындағы жоғары сапалы кескінді дыбыстық сүйемелдеумен біріктіруді айтады. Мультимедиа құралдары оқу-ағарту саласында, электронды ақпарат құралдарында және т.б. мақсатта қолданылады. Мультимедиа мүмкіндіктерін толық пайдалану үшін компьютерге арнайы программаларды орнатып қана қоймай, арнайы құрылғыларды қосу қажет.



*Интерактивті тақтамен* жұмыс жасау үшін қандай да бір арнайы жазба құралдары: бутафорскілі ластик және маркерлерге батареялар қажет емес. Сонымен бірге, тақтаға қолмен жазуға да болады: ол үшін сияның түсін таңдау қажет. Айта кетерлік бір жайт, тақта тікелей желіске қосылмайды және студенттерге ешқандай қауіп туғызбайды. Интерактивті тақта кәдімгі маркерлік тақта сияқты. Оның да лотоктары бар, арнайы контейнерлер орналасқан, ластиктер мен маркерлердің түстеріне жауап беретін. Әрбір контейнерлерде оптикалық сенсорлар бар, қандай құралдардан сіз лотка алғаныңызды анықтайтын. Егер барлық маркерлер мен ластиктер орнында болса, тақтаға қолыңызды тигізгенде тышқанмен жұмыс жасағандай көрінеді, мысалы, қолыңызға маркер алсаңыз тақтаға жаза аласыз.

Интерактивті тақтада компьютерде жасайтын жұмыстарды да жасай аласыз: мәтінді теріп және сақтай аласыз, фильмдер мен слайдтар көрсете аласыз, интернеттен қажетті ақпараттар іздестіре аласыз. Интерактивті тақта



бастауыш сынып мұғалімінің оқушыларға ақпаратты тиімді жеткізуіне көмектеседі. Әрине, барлық қажетті бағдарламалармен компьютерде отырып жұмыс жасауға болады, сондай-ақ, экранның көлемі жұмыс жасауда барлық оқушылардың қатысуына мүмкіншілік бермейді., Бірақ, сіз сол материалдарды интерактивтік тақта арқылы көрсете отырып, оқушылардың зейінін аудара аласыз. Мысалы:

Мұғалім интерактивтік тақтада нысандар арасындағы көзге көрінбес сілтемелер жасай отырып, оқу материалын көрсетеді. Объектілерді басу арқылы оқу материалын кеңірек көлемде ашатын келесі беттер ашыла береді, осылайша барлық оқытылатын нысандар тақтада көрсетілгенше жалғасады. Оқушылар оқу материалының өзара байланысын берік игереді. Бұл білімді тексеруде интерактивті тақтада визуализациялаудың тағы бір мүмкіндігі. Сонымен интерактивті тақтаны пайдалану мұғалім үшін де оқушы үшін де артықшылыққа ие. Оқытушы қажетті материалдарды гиперсілтемелермен байланыстырылған бір файл ішінде сақтай алады. Аудио және бейне файлдарды тақтаның көмегімен қажетті болғанда іске қосып, еркін бақылауға болады. Файлға енгізілген толықтырулар мен түзетулерді сақтап, қайталау үшін келесі сабақтарда да пайдалануға болады.

Зерттеу тақырыбымыз бойынша 2 сыныпқа арналған ана тілі пәні бойынша дайындалған оқу-танымдық тапсырмаларды электрондық оқулықтың құрылымына сәйкес дайындап, мұғалімдермен өткізілген семинарда оны пайдаланудың әдістемесі таныстырылып, тәжірибеде пайдалануға ұсынылды.

Мысалы: **Танымдық тапсырма:** Ахмет Байтұрсыновтың Мен қалай оқуға бардым? мәтіні бойынша *екі мақалды қатыстыра отырып мәтін құрастыруға ұсынылды.*

Екінші осы тақырып бойынша **логикалық жаттығу** түрінде ұсынылды.

- Білім не үшін қажет?
- Себебі тор көз қой Азамат
- Өнер, білім жайлы мақал айт.

Бойлаған сайын тереңге

Шығасың биік белеңге.

Келесі тапсырма А.Байтұрсынов «Мен қалай оқуға бардым?» мәтіні бойынша *ізденушілік тапсырма түрінде берілді.*

**Әріптерді ретімен орналасуы бойынша оқы.**

**1. А**

**2. Ә**

**3. Б**

4. В	17. М	30. Х
5. Г	18. Н	31. Һ
6. Ғ	19. Ң	32. Ц
7. Д	20. О	33. Ч
8. Е	21. Ө	34. Ш
9. Ё	22. П	35. Щ
10. Ж	23. Р	36. Ъ
11. З	24. С	37. Ы
12. И	25. Т	38. І
13. Й	26. У	39. Ь
14. К	27. Ұ	40. Э
15. Қ	28. Ү	41. Ю
16. Л	29. Ф	42. Я

Келесі тапсырма мұғалімдердің бір тақырып аясында ұсынылған тапсырмаларды орындату әдістемесін бақылау үшін берілді. Әр сан қазақ алфавитінің реттік нөмерін білдіреді. Төмендегі сандарды әріптермен алмастыр.

1 24 37 16	25 1 24 25 1 18	34 37 6 1 7 37 ,
<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
21 18 8 23	10 1 24 25 1 18	34 37 6 1 7 37
<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>

- Қандай сөз шықты?
- Шығарма жанрын ата.
- Мағынасын түсіндір.
- Қандай тақырыпқа байланысты айтылған мақал?

**Кілтi:** Асыл тастан шығады,  
Өнер жастан шығады.

Келесі дидактикалық тапсырма І. Жансүгіров «Күн шыққанда» тақырыбы бойынша ұсынылды.

**«Танымдық тапсырма:** І. Жансүгіровтың «Күн шыққанда» тақырыбына суретке қарап мақал ойлап тап.

Келесі тапсырма Несіпбек Айтовтың «Мектеп», «Оқулық» тақырыптары бойынша дайындалды. Интерактивті тақтада *Логикалық жаттығу* орындауға ұсынылды.

Емес ол кітап та, дәптер де,  
Жүреді бірақ та сөмкеде.  
Көрсетіп ондағы бағаны,  
Қуантып қоясың аңанды.

- Күнделік не үшін қажет?
- Өзің күнделігіңді қалай ұстайсың?

- Күнделікті не үшін ұқыпты ұстау керек?

Несіпбек Айтөвтың «Мектеп», «Оқулық» өлеңдері бойынша келесі **логикалық жаттығу** төмендегіше дайындалды. Ребусты дұрыс шешсең, төмендегі жұмбақтың шешімін дұрыс табасың.

Көп әңгімем, өлеңім,  
Күнде ақыл беремін.  
Жақсы көрсе мені кім?  
Соған тиер көмегім.

- Кітап не үшін керек деп ойлайсың?

Балаларды үш топқа бөліп алған соң, топ аттарын анықтап алу мақсатында оларға төменгі «Кім жылдам?» ойынын жүргіземіз.

1-топқа берілген тапсырма:

- Бұл сөздің түбірі «Алматы» деген сөзде, жұрнағы «тұғыр» деген сөз, ал жалғауы «таулар» деген сөзде кездеседі демек бұл қандай сөз?

2-топқа берілген тапсырма:

- Бұл сөздің түбірі «білім» деген сөзде жұрнағы үнгір деген сөзде ал жалғауы «көшелер» деген сөзде кездеседі, демек бұл қандай сөз?

3-топқа берілген тапсырмалар:

- Бұл сөздің түбірі «жүйткіді» деген сөзде жұрнағы үскірік деген сөзде, ал жалғауы «жәндіктер» деген сөзде кездеседі, демек бұл қандай сөз?

Жауаптары: 1-Алғырлар; 2-Білгірлер; 3-Жүйріктер. Демек, үш топтың аты осылай анықталды.

1- топтың аты: «Алғырлар»;

2- топтың аты: «Білгірлер»;

3- топтың аты: «Жүйріктер»;



Бастауыш сыныпта топтық оқытуда мынадай қағидаларды басшылыққа алған жөн:

1. балаға сенім білдіру;

2. сыйластық, ынтымақтастық ұғымдарын қалыптастыру;

3. тапсырмаларды орындау барысында бір -бірімен жарысу емес, топтық мақсатта бірігіп әрекет ету керектігін басты назарда ұстату.

Топтық атын дұрыс әрі тез шешкеннен соң, үш топқа үш түрлі мақал-мәтел құрастыруға бағытталған тапсырма беріледі. Бұл тапсырма Сикырлы үйдегі әріптер әдісі бойынша жүргізіледі. Берілген әріптердің көмегі арқылы балалар көрсетілген бағыт бойынша екі әріпті тастай отырып, оқып шықса, төмендегідей мақал-мәтел құрастырылады.



→	Ж	М	У	Е
	Д	Р	Ү	Й
	І	Ң	Т	
	Б	Ә	І	А
	Л	Қ	Й	Б
	А	Д	І	И
	Ы	М	Н	Ң
	З	А	Е	О
	Н	Л	Ө	Ә
	І	Ж	Э	Б
	Е	І	Ж	Л
	Ө	Ә	І	Ж
	Э	Б	Е	И
	А	Р	З	Й

→	О	Р	Д	Т
	Ә	Ы	А	Ң
	Р	Н	Ү	І
	О	П	В	Т
	Ш	Е	Т	І
	Ә	А	З	К
	Н	Б	Т	Д
	И	Е	А	Ұ
	И	Ы	Р	Й
	С	Л	Ш	Т
	У	А	Ы	Р
	Н	Қ		

→	Е	Н	Т	Р
	Б	К	Д	Ы
	Ә	І	Н	М
	Ң	Ы	О	А
	А	Б	Л	Т
	Ә	О	Ы	Ш
	Ң	Н	І	И
	Е	Р	Т	Ң
	З	С	Б	Ұ
	И	Е	Л	Г
	К	Н	Ц	Ш
	Ұ	А	Ы	П
	Ч	Ғ	Ұ	О
	А	Д	Ж	Р
	Ы	Ө	А	Л
	Х	Д	А	О

Жауабы: 1. «Алғырлар» тобы – Жері байдың – елі бай;

«Білгірлер» тобы – Отан - оттан да ыстық;

«Жүйріктер» тобы - Ердің атын еңбек шығарады.

Оқушыларға құрастырған мақал-мателдердің қандай мағына беретіндігі туралы «эссе» жазу тапсырмасы беріледі. Мақал- мателдің мағынасы бойынша өз ойлары мен түсініктерін «эссе» түріне жеткізу. Эссе «Менің ойымша....» деп басталады.

**«Жалғасы қалай?» - «Құстар айтысы»** (үнді ертегісі).

Бір құсбегінің орман ішіне құрып қойған торына қарға, торғай, көгершіндер келіп түсіпті. Олар тордан босанудың жолын іздеп, бір бірімен ақылдаса бастайды:

- Біз жемге қызығамыз деп торға түсіп қалдық. Енді құтылудың жолын ойластырайық. Бәріміз бірігіп ақылдасайық. Сонда құтылып кетуіміз мүмкін.

Олар әрі ойланып, бері ойланып, мынадай келісімге келеді:

Мұғалім ертегінің кіріспе бөлімін оқып болған соң, оқушыларға мынадай сұрақ қояды:

- Ертегінің ары қарай жалғасы қалай болады? Құстар ақылдасып қандай келісімге келеді?

Осы сұрақтар төңірегінде оқушылар ізденеді де, ертегінің жалғасын ары қарай өздері құрастыруға тырысады.

Алматы қаласындағы М.Базарбаев атындағы № 138 өнер гимназиясының 3 «а» сынып оқушысы Ержігіт Жәңгірхан ертегісінің жалғасын былайша құралады: «Барлық құстар тордан қалай құтыламыз деп көп ойланады.

Содан соң қарға:

- Мен араларындағы ең үлкендеріңмін, сондықтан мен бірінші құтылайын депті. Оған басқа қарғалар келіспейді, сөйтіп олардың арасында ұрыс басталады. Бір кезде көгершін айтады:

- Біз торды тұмсығымызбен қиып үзіп көрейік дейді.

Содан бәрі аман-есен құтылып кетіпті».

Балалардың ертегінің жалғасын құрап, айтқандары қате болса да, олардың ынтасын төмендетіп алсам үшін мұғалім ертегінің ары қарай жалғасын, яғни негізгі бөлімін оқып береді.

- Бәріміз қанатымызды бірдей қағып ұшып көрейік, мүмкін торды көтеріп кетерміз, - деп шешті.

Қанатын бірдей қағып ұшқан деп, шынында да, торды көтеріп әкетті. Аспанда тор ішінде құстар ұшып барады. Жерде оларды қуып құсбегі жүгіріп келеді. Жүгіріп келе жатқан ол «Торға әр түрлі құстар түсті ғой. Демек, қазір олар бір бірімен айтысады» деп ойлайды.

Расыменде солай болып шықты. Торды ынтымақтастықпен көтеріп келе жатқан құстар, аздан соң бір-бірімен айтыса бастады. Ақырында....

- Балалар, сендердің құрастырғандарың ертегіміздің жалғасындағы мағынамен бірдей болмаса да, аздап жақындады, жарайсындар! Олар болса, ертегіміз ары қарай қалай жалғасады екен, айтындаршы? Құстар неге айтыса бастады? Олардың бұл әрекеті дұрыспа? Ақырында не болды?

«Ақырында бір біріне қатты ашуланған құстар төмен қарай домалап құлай бастады. Құстар қайтадан ұшайын деп тырысқанмен, қайта ұша алмады.

Домалап құлаған күй олар таудың етегіндегі бір ағашқа ілініп қалады. Сол кезде құсбегі келіп ағаштың басындағы ілініп тұрған торды ұстап алады. Оылай құстар қайтадан ұсталып қалады».

Мұғалім ертегінің жалғасын, яғни қорытынды бөлімін оқушыларға оқып береді:

Ақырында берекесі кеткен құстар енжарланып, қанаттарын ақырын қақты. Тор жерге салбырап түсе бастады. Құс аулаушыда жүгіріп жетті. Ол тордың салбыраған жерінен шап беріп ұстап, құстармен қоса тартып алды. Олардың бәріне үйлеріне апарды да, торға қамап қояды.

*Тапсырма*

*1-ші жол*

***Қорқақбайдың құлағына***

*2-ші жол*

*3-ші жол*

*4-ші жол*

*5-ші жол*

Осы бағдаржолға сүйеніп, Алматы қаласындағы М.Базарбаев атындағы №138 өнер гимназиясының 3 «а» сынып оқушылары мынадай жаңылпашты құрастырды:

Қорқақбайдың құлағына,

Құлағы ма, бұрағы ма?

Қорқып қарап құлағына

Қарап-қарап бұрады да,

Сырға тақты құлағына.

Алғашқы «Лимерик» әдісі арқылы құрастырылатын мұндай жаңылпаштарды балалар топ болып, мұғалімнің басшылығымен орындайды.

Бағдаржолмен бірнеше рет жұмыс жасағаннан кейін балалар жаңылтпашты өздері өз бетімен орындай бастайды.

Мәтіндегі сөздердің кейбірінің мағынасы түсініксіз. Оқулықтағы түсіндірме сөздікті пайдаланып, олардың мағынасын анықта.

Мағынасын анықтайтын сөздер:

1. Ипподром
2. Балуан
3. Арена
4. Икем
5. Батыл
6. Айқас

Қай әріптен басталатын сөздер іздейтініңді көрсет.

И әрпінен басталатын сөзді іздеймін—

Б әрпінен басталатын сөзді іздеймін

А әрпінен басталатын сөзді іздеймін

Дұрыс жауап:

И әрпіне ипподром, икем сөздерін іздеймін

Б әрпіне балуан, сөздерін іздеймін

А әрпіне айқас, арена сөздерін іздеймін

Дұрыс табылған әрбір сөз үшін- 1 балл

Балдың жоғарғы саны- 6 балл

### Тапсырма

Берілген тірке сөздерден мәтін құра. Мәтіннің қай түрін екенін айт.

Ағаш, қайың, сұлу, діңі, аппақ, жұқа, қабық, қапталған, бұтақ, нәсіл, шырын, тамады.

	Мәтін	Дұрыс жауап	Сипаттау
түрі белгілері			
Қандай сөздер заттың сынын білдіреді?		Түс(аппақ), дәм(нәрлі), сапасы(сұлу, жұқа)	
Қандай сұраққа жауап береді?		Қандай? Қай?	
Тірек сөздер		Сын есім	

### Таспырма

Мәтінді түсініп оқы. Егер мәтін іс-әрекеттің дамуы мен аяқталуы туралы баяндалса, оны мәтіннің қай түріне жатқызуға болатындығы туралы тұжырым жаса.

### Ақтиін

Біз әкем екеуміз бақ ішінде қыдырып жүргенбіз. Қанат ағаш басынан ұлпа жүнді тиін секіріп түсті. Бізден қорыққан жоқ. Адамдарға әбден үйреніп

алған. Мен оның алдына қолымдағы қарағай жаңғағын тастай салдым. Ақ тиін жаңғақты қақшып алды. Содан соң олжасын жақын маңдағы ағаш түбіне көме бастады. Ақ тиін қысқы азығын осылай жинайлы екен.

### Бақылау парағы

Мәтінде не туралы айтылған?

Мәтін тақырыбы қандай?

1. Оқиғаның басында не туралы айтылған? Оқиға қалай өрбіді? Оқиға немен аяқталды?
2. Мәтінге қандай сұрақтар қоюға болады?
3. Мәтінде қандай тірек сөздер қолданылады?

Қорытынды: Мәтін түрі \_\_\_\_\_

Мәтін түрлері сипаттама	«Мәтін түрлеріне сипаттамаға» дұрыс жауап		
	Әңгімелеу	Сипаттау	Пайымдау
Қандай мазмұн береді?	Оқиғаның алмасуы туралы айту	Заттың белгілерін атау	Бір нәрсеге/оқиға ,факт,зат, құбылыстарға түсініктеме беру
Қандай сұрақтарға жауап береді?	Кім?Не істеді?Қайда?Қалай? Қашан?	Қандай?Қай?	Неліктен?Бұл неліктен бұлай? Неге олай?
Тірек сөздер	Етістіктер,ең басында,сосын,одан кейін,және т.б	Сын есімдер	Біріншіден, екіншіден, сондықтан,себебі, өйткені

1. Кестедегі әр бағаны дұрыс толтырғаны үшін (егер оқушылар тірек сөздерге әңгімелеу мәтіндегі етістіктер мен сипаттау мәтініндегі сын есімдерді қоспаса, ол қатеге есептелмейді) -1 балл

Жоғары балл - 9 балл

2. Бақылау қағазындағы әрбір дұрыс жауап үшін - 3 балл (1,2 сұрақтардың жауабы дұрыс жауапқа сөзбе-сөз сай келмеуі мүмкін; 3 сұраққа жауапта «нәтиже» болмауы мүмкін)

Дұрыс қортынды жасалған — 1 балл

Жоғарғы балл — 10 балл

*Тапсырма*

Сыныптастарыңның алдында әрдайым шындықты айту қажеттігіне олардың көзін жеткізетіндей 2-3минуттық сөз сөйлеуге дайындал. Өз сөзінде оқыған шығармаларыңнан мысал келтір.

Сыныптастарыңның алында сөйле. Сөйлем болған соң, қойылған сұрақтарға жауап бер.

*Тапсырма*

Мәтінді түсініп оқы.

Құрметті әже!

Сізді 8 наурыз халықаралық әйелдер күні мерекесімен құттықтаймын.Сізге зор денсаулық,ұзақ өмір тілеймін.Әрқашан бізбен бірге болып,көңілді жүріңіз.

Игі тілекпен немереңіз Нұржан

Сен ашық хатқа өз құттықтауыңды жаз.

Құттықтау мәтінін талқылауға нұсқау.

Талқылау сұрақтары:

1.Құттықтау мәтіні қандай болу керек?

2.Ашық хатты безендірудің қандай элементтері оны әрлендіре түседі?

3.Ашық хатты дайындауды топ мүшелері өзара қалай бөліседі?

Төмендегі үлгіде талқыла:

-әуелі топ мүшелері бір - бір сұраққа өз сөйлемдерін айтады;

-содан соң әрбір сөйлемнің артықшылығы мен кемшіліктері талқыланады;

-ең соңында,өз шешімін жазады;

-содан кейін келесі сұраққа көшеді.

**Мәтін**

Құттықтау хатты әдетте ашық хатқа жазады және оны еке өзіне немесе почта арқылы жібереді. Құттықтау хат үш бөлімнен тұрады :1) Қаратпа сөз, 2) негізгі бөлім, 3) қолы. Қаратпа сөз «Құрметті», Қадірлі» деп басталады. Хаттың екінші бөлімінде құттықтау (мысалы,Туған күніңмен құттықтаймын», немесе Жаңа жылмен құттықтаймын» т.б.) және жақсы тілектері жазылады. Хатты сыпайылықты білдіретін «Игі тілекпен Сара», Құрметпен Айдын» деген тәрізді сөздерден соң қол қоюмен аяқтайды.

*Тапсырма*

Назар аударыңыз!

Ізделетін ақпаратты қойып мәтін тапсырмасын

толықтыру қажет.Ол оқушылар үшін өзекті,

әлі көп таратылмаған ақпарат болуы тиіс.

Саған және сенің досыңа ...туралы ақпарат табуды тапсырды.Мұндай ақпарат мектеп кітапханасында болмағандықтан,мұғалім сендерге бұрын барып көрмеген аудандық кітапхананың оқу залына баруды ұсынды.Досың оқу залына барды,бірақ тапсырманы орындамады.Ол кітапхананы табудың өзіне көп уақыт кеткенін,сондықтан оқуға керек кітапты каталоктан тауып қана үлгергенін айтты.



Сенің досың жақын арада кітапханаға тағы да бара алмағандықтан, соған қажетті ақпаратты алу үшін кітапханаға өзің баруға тура келеді. Оқу залына екі қайтара бармау үшін досыңнан сұрап алуға қажетті үш сұрақты жаз.

Сұрақтар:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

Дұрыс жауап

1. Кітапханаға қалай баруға болады? Кітапхана қай жерде орналасқан?
2. Кітапхана қай уақытта жұмыс істейді?
3. Каталогтан қандай кітап таптың?

*Сұрақтар басқаша болуы да мүмкін.*

Әрбір сұраққа 1 балл.

Жоғары балл 3 балл.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда осы деңгейде оқытылатын пәндердің білім мазмұнын меңгерту үшін әдебиеттік оқу, дүниетану, математика, қазақ тілі және т.б сабақтарында пайдаланған тұсаукесерлер (презентациялар), дидактикалық және әдістемелік материалдар, электрондық оқулықтар пайдалану әдістемесі үйретілді. Тірек мектептерінде бастауыш деңгейде оқытылатын пәндерден сабақтарды проекциялық аппаратураларды, теледидарды, интерактивті тақтаны пайдалана отырып ұйымдастыру мүмкіндігі туғызылды.

Зерттеу тақырыбымыз тұрғысынан қазіргі бастауыш білім беру саласында ақпараттық технологияларды оқыту үдерісінде пайдалануда белсенділік танытуы әрбір мұғалімнің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесін жетік меңгергенін көрсетіп, сапалы білім беруге ықпалын тигізгені байқалды.

### **2.3. Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген қалыптастырушы эксперимент нәтижелері**

Бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін кәсіби дайындық тұрғысынан арттыру жөнінде біз жоғарыда дайындаған «Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігі» атты семинардың бағдарламасы бойынша тірек мектептері мұғалімдерімен эксперимент жұмысы жүргізілді.

Бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалану олардың білімді меңгерудегі ізденімпаздығын білімге қызығушылығын арттырып, технология құралдарын (компьютерлер, телекоммуникация, мультимедиа технологиялары, электронды оқулықтар, бейнетаспалар, интерактивті тақта) пайдалану арқылы оқыту үдерісін шығармашылықпен ұйымдастыру қажет, сонда ғана әрбір мұғалімнің ақпараттық технологияларды пайдаланудағы кәсіби өсуіне мүмкіндік туғызылады.

Қалыптастыру экспериментінде «Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігі» атты семинардың бағдарламасы бойынша ұйымдастырылатын оқыту үдерісінде ақпараттық технологияларды пайдалануға баса назар аударылды. Тәжірибелік-эксперимент тірек мектептерінде жүргізілді.

Қалыптастыру экспериментінің бірінші кезеңі бұл зерттеудің өзектілігін ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды қолдану қажеттілігін, сондай-ақ оқытудың тиісті әдістемесін жасау қажеттігін алға шығарады.

Қалыптастыру экспериментін жүргізу үшін алдымызда бірнеше міндеттер шешуді көзделді:

- бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы электрондық оқу құралдарын, интерактивті тақтаның барлық мүмкіндіктерін қолдану саласындағы кәсіптік дайындығының деңгейін анықтау;
- бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалану үшін ұйымдастырылған «Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігі» атты семинар ретінде оқытуға ұсынылған әдістеменің тиімділігін тексеру;
- бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде кәсіптік қолдануға электрондық оқу құралының қызметінің тиімділігін арттыруды негіздеуде мұғалімінің портфолиосын тексеру.

Осы міндеттерді шешу үшін бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалануға олардың алдына төмендегідей *талаптар* қойылды:

- бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдаланудың мәнін түсініп, олардың түрлерін саралай білу;
- бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалануды жүзеге асыруға сабақта және оқушылардың үй жұмысында орындайтын тапсырмаларды іріктеу;
- бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда ақпараттық технологиялардың түрлерін сабақтың мақсатына қарай саралау;
- студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалануда әртүрлі тапсырмаларды ізденіспен шешуге жағдай жасай білу;
- бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдаланып өзінің портфолиосын құрғызу;

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалануға арналған тәжірибелік жұмысты жүргізуге арналған материалдар дайындалып, белгіленген тірек мектептерінде экспериментке қойылатын семинар тақырыптарының мазмұны талқыланып, тәжірибелік жұмысты жүргізетін оқытушылар, эксперимент және бақылау топтары белгіленді.

Қалыптастыру экспериментін жүргізу үшін бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалану бойынша жасалған арнайы жұмыс нәтижелері, қорытындылары бастауыш сыныптардың әдістемелік бірлестіктерінің отырысында талқыланды. Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалану жұмыстары төмендегіше ұйымдастырылды:

- тәжірибелік жұмыстар жүргізілетін бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық қызметінің нәтижесі бақылауға алынды;
- тәжірибелік жұмыстың мақсаты, міндеттері, мазмұны айқындалып, бағдарламасы талқыланды;
- тәжірибелік жұмыстың бағдарламасына сай бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда оқыту үдерісінде ақпараттық технологияларды пайдаланып ұйымдастыру жөнінде әдістемелік нұсқаулар дайындалды;
- бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда негізінде оқушылардың үй жұмыстарын орындауда ақпараттық технологияларды пайдаланудың формалары, әдіс-тәсілдері таңдалып, тәжірибеге енгізілді.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда ойына қозғау салудан басталғаны жөн. Бұл өтілетін тақырыпқа байланысты әңгіме жүргізіп, проблемалық сұрақтар қойып, оны мұғалімдердің оқыту үдерісінде оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейіндерін оқу тапсырмаларына аударатындай болуы тиіс.

Семинардың барысы тек қана оның басталуынан ғана емес, сонымен бірге тақырыпқа, мақсатқа, дидактикалық міндеттерге және мұғалімнің сабаққа деген әзірлігі дәрежесіне, олардың ақпараттық-кәсіби құзыреттілігіне, педагогикалық үдеріс арқылы ой өрісінің дамуына байланысты болады. «Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігі» атты семинар жұмыстарынан эксперименттік материалдарды ұсынуды жөн көрдік.

*«Құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік», «ақпараттық-кәсіби» ұғымдарына сипаттама* тақырыбы бойынша «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік», «ақпараттық-кәсіби» ұғымдары туралы берілген түсініктерді мұғалімдердің қаншалықты меңгергенін бақылау үшін мысалдармен дәлелдеуі ұсынылды.

Құзыреттілік – құзыреттілік ұғымы білім, біліктілік, дағдының жай жиынтығы емес, оқу нәтижелерімен қатар студенттердің шығармашылық іс-әрекеттері мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді. Құзыреттілік студенттің алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай

да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешу үшін қолдана алу қабілеттілігін сипаттайды. Студенттердің құзыреттілігі оқу үдерісінің негізгі сапа көрсеткіші, оның жетістігі қойылған педагогикалық мақсатқа жету болып табылады.

Кәсіби құзыреттілік – «кәсіби құзыреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқаруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі.

Ақпараттық технология – ғылыми және инженерлік білімдердің жүйесі, сондай-ақ білім беру аясындағы пәндік салада ақпараттарды жасау, жинау, беру, сақтау мен өңдеу үшін қолданылатын әдістер мен тәсілдер жүйесі.

Бастауыш сынып жағдайында мұғалімдер оқу пәндері бойынша берілетін білім мазмұнын меңгертуде яғни оқыту үдерісінде теория мен практиканы байланыстыра шығармашылықпен ұйымдастыру оқушылардың белсенді іс-әрекетке түсуіне ықпал ету қажеттілігімен сипаттап айта білді. Мұғалімдердің оқыту үдерісінде ақпараттық технологияларды пайдалану деңгейі әртүрлі екеніне тоқталды. Үнемі толық жағдай бола бермейтінін қинала айтқан мұғалімдер де болды.

*Бастауыш сыныптарда қолданылатын ақпараттық ресурстарға сипаттама* тақырыбы бойынша мұғалімдер семинарда талданған: ақпарат көздері, ғаламтор желісі, электрондық оқулықтар, интерактивті тақта, компьютерлік бағдарлама және т.б. өз ойларын ортаға салды. Инетрактивті тақтаның барлық мүмкіндіктерін әлі де болса, пайдалана алмай келетіндерін ашық айтты. Өткізген семинар аясында мұғалімдер электрондық оқулықтарды сабақтарда пайдалану мүмкіндігіне ие болды.

*Бастауыш сыныптарда ақпараттық технологияларды қолдану әдістемесі* тақырыбы бойынша мұғалімдер өздерінің пайдаланып жүрген ақпараттық технологияларына талдау жасады. Ақпараттық технологияларға оқытылатын пәндер бойынша өздерінің дайындаған тұсаукесер, сыныптағы интерактивті тақтамен орындалатын тапсырмаларынан мысал келтіре білді.

*Әдебиеттік оқу пәнінде ақпараттық технологияларды пайдаланудың түрлері және ерекшеліктері* тақырыбы бойынша мұғалімдер бүгінде әртүрлі нұсқада жарық көрген ертегілер, анимациялық тапсырмалар мәтін желісі бойынша дайындалған материалдарын оқыту үдерісінде пайдалану әдістемесіне тоқталды. Мысалы: Алдар Көсе туралы ертегілерді 2-сыныпта ауыз әдебиеті үлгілері бөлімінде сабақта пайдалану әдістемесін келтірді.

Ақпараттық технология - ақпаратта жинау, сақтау, өңдеу және тарату тәсілдері мен құралдары динамикалық түрде өзгеріске ұшырап, солар арқылы қоғамның инфрақұрылымы қалыптастыруға бағытталады.

*Әдебиеттік оқу пәнінде ақпараттық технологияларды пайдаланудың мақсаты, міндеттері, ерекшеліктері* тақырыбы бойынша мұғалімдер өз ойларын пәннің мақсатмен байланыстыра баяндады. Оқырмандыққа тәрбиелеудің негізі әдебиеттік оқу пәнінде іске асырылатындықтан мақсаттан туындайтын міндеттерді де өте жақсы талқылады.

*Ақпараттық сауаттылық, ақпараттық мәдениет ұғымдары туралы түсініктерін мысалдармен пікір алмаса отырып талдау* тақырыбын мұғалімдер өз тәжірибелерімен байланыстыра білді. Ақпарат ресурстарына сипаттамалық талдау топ бойынша жүргізілді. Бұдан семинар тақырыбының өзектілігі анық байқалды.

*Мультимедиа технологиясына сипаттама. Әдебиеттік оқу пәнінде электрондық оқулықтарды пайдаланудың әдістемесі* тақырыбында мұғалімдерге мультимедиа технологиясы туралы түсінік берілді.

*Мультимедиалық технология* – әртүрлі типті мәліметтерді дайындау, өңдеу, біріктіру, ұсыну әрекеттерін ақпараттық және бағдарламалық жабдықтарды пайдалану арқылы жүзеге асыратын құралдар, әдістер мен тәсілдер жиынтығы.

*Мультимедиалық құралдар* – бейнелік және аудиоэффектілік, әртүрлі мультибағдарламалық мүмкіндіктерді интерактивті бағдарламалық жабдықтың басқаруымен орындалатын электрондық құжаттарды дайындау тәсілдері. Мультимедиа ақпараттық жаңалықтардың қайнар көзі ретіндегі ғылыми білім мен инновациялық шешімдердің рөлінің жоғарылауына ықпал етеді, технологиялық өсу мен жаңа интеллектуалдық технологиялардың құрылу мүмкіндіктерін қарастырады.

*Электрондық оқулық* туралы түсінік тақырыбында электрондық оқулық құрылымы да талданды. Әдебиеттік оқу пәні бойынша 2 сыныптың электрондық оқулығын талдатылды.

*Электрондық оқулық дегеніміз* – бұл автоматтандырылған, ақпараттандырылған оқыту жүйесі. Сонымен қатар ашық даму үстіндегі әдістемелік жүйе. Электрондық оқулықтың негізінде пәннің жұмыс бағдарламасы және күнтізбелік тақырыптық жоспарға сүйеніп құрастырылған модуль жатады. Білім жүйелі, әрі тиімді қабылдауға көмегін тигізетін дизайнға баса көңіл бөлінеді. Электрондық оқулықтар ара қашықтықтан оқыту формасына негізделіп жасақталады және оны жүзеге асыру үшін қолданылады.

Электрондық оқулыққа қойылатын талаптар:

1. Жан-жақтылығы.
2. Ізгіліктілік. Онда кез келген орындаушы өзіне қажетті білімді ала алады.
3. Бейімділігі. Ұсынылып отырған оқу материалы барлық орындаушылар үшін біркәнді болуы керек. Бірақ оқу материалы әр түрлі формада берілуі мүмкін.
4. Модульдік. Кез келген электрондық оқулықты дәстүрлі оқулықтар негізінде құрылымын жасақтау.
5. Экономикалық тиімділігі. Аталған оқулыққа сұраныс көп болуы қажет және сәйкес түсетін пайданы да қарастыру қажет.
6. Тұтынушыға бағдарлау.

Аталған құрам арқылы электрондық оқулықтың құрылымы құрастырылады.

Электрондық оқулықтың негізгі мақсаты – мұғалімге шығармашылықпен және өздігінен ойланатын, қоршаған ортаға құрметпен қарайтын оқушыны қалыптастыруға көмектесу. Ал, оқушы қоршаған орта туралы іздеген

сұрақтарына жауапты осы модульдік педагогикалық технологиясымен құрастырылған электрондық оқулықтан таба алады.

*Әдебиеттік оқу пәнінде интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін пайдалану жолдары* атты тақырыпта интерактивті тақтаның мүмкіндіктері талданды. Интерактивті тақтада сабақты бекіту мақсатында тапсырмалар дайындалды. Бір тақырып бойынша тұсаукесер дайындап, оны пайдалану әдістемесі талданды. Әдебиеттік оқу пәнінен бір тақырыпқа тест тапсырмаларын дайындады.

*Интерактивті тақта* – бұл компьютердің қосымша құрылғыларының бірі және де дәріс берушіге немесе баяндамашыға екі түрлі құралдарды біріктіретін: ақпараттың кескіні мен қарапайым маркер тақтасын біріктіретін құрал. Электрондық оқулықтың негізгі бөлігіне интерактивті тапсырмалар жатады. Олар оқушыларды пәнге байланысты білім-білік, дағдыларының дамуына негізделіп жасалынған. Сол сияқты оқулықтағы тест арқылы оқушы өз білімінің нәтижесін тестілеу сұрақтарын орындай отырып көре алады. Мұғалімнің басты міндеті электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану білу мен ондағы тапсырмаларды оқушылардың орындауын қадағалау болды. Әдебиеттік оқу пәнінде мультфильмдерді пайдалану әдістемесін біздер ұсынған мультфильмдер Алдар – Көсе ертегісі, Қарлығаш пен Дәуіт және т.б. ертегілерді қолдану әдістемесімен байланыстыра білді.

*Қорытынды, қайталау. Ақпараттық-кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан мұғалім тұлғасы* туралы әрбір мұғалім қаншалықты деңгейде ақпараттық-кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан мұғалім тұрғысынан талдады.

Эксперимент барысында 2-сынып «Әдебиеттік оқу» пәні бойынша дайындалған дидактикалық тапсырмалар жүйесі электрондық оқу құралының құрылым бойынша дайындалып, тәжірибеде қолдануға ұсынылды.

*Сондай-ақ бастауыш сыныптарда оқытылатын дүниетану пәні бойынша жаңа сабақты түсіндіргенде “Қоршаған орта” атты электрондық оқулықты пайдаланып өткізу ұсынылды.* Мұғалімдерге электрондық оқулықты пайдалану әдістемесі семинарда таныстырылды. *Мысалы: “Мен және менің отбасым” модулі бойынша бала, ата, қыз, әке, ана, әже суреттері орналасқан. Осы модульге сәйкес тапсырма: қай жерде ата анасы, қай жерде балалары екенін анықтап, қоршаудың ішіне орналастыр.* Осы модуль бойынша әже, қыз, ана, бала суреттері орналасқан. *Тапсырма: ең жасынан бастап, үлкеніне қарай қатар құр. Қоршаудың ішіне жанұя мүшелерін ретімен жаз.*

“Мен қайда тұрамын” модулі бойынша камаз, автобус, жедел жәрдем машиналарының суреттері берілген. *Тапсырма: қай суретке қай көліктің аты сәйкес келеді. Арнаулы жолаққа орналастыр. Арнайы көлік, жүк көлігі, жолаушылар көлігі.* Осы модуль бойынша парашют, қайық, жылқы, поезд, ұшақ суреттері берілген. *Тапсырма: осы көліктердің жылдамдығына қарай қатар құра. Жылдамдығы ең баяу көліктен баста.*

“Жаратылыстану” модулі бойынша гүл, алма суреттері бейнеленген. *Тапсырма: гүлдің түсі қандай? Ақ, сары, қызыл (Түстерді суретке сәйкес*

таңда). Алма суреті қандай? Көк, қызыл, сары (Түстерді суретке сәйкес таңда).

“Біз қалай бақылаймыз” модулі бойынша қол сағат, көкек сағат, қабырға сағаттары бейнеленген. Тапсырма: тышқанның көмегімен қол сағатты көрсет. Осы модуль бойынша стақанда компот, стақанда сүт, шыныда шай суреттері берілген. Тапсырма: тышқаның көмегімен шай құйылған шыныны анықта.

“Өлі және тірі табиғат” модулі бойынша, балық, тышқан, машина, күнбағыс суреттері. Тапсырма: суреттерді анықтап қара, олар табиғи денелер. Қай сурет артық? Тышқанның көмегімен алып таста. Осы модуль бойынша жылқы, тау, тас суреттері берілген. Тапсырма: а) тірі табиғат, б) жасанды заттар, в) өлі табиғат, г) табиғат құбылыстары.

Емен, қайың, үйеңкі ағаштарының суреттері берілген. Тапсырма: жапырақтарға жазылған әріптерден ағаштардың бұтақтарына осы әріптерді орналастырып, ағаштың атын тауып жаз.

Тест тапсырмалары:

1. Ауа райы қандай? а) кітаптан оқу, б) үлкендерден сұрау, в) бақылау, г) тәжірибе жасау.
2. Бақылау тәсілінің сызбасында көз қандай қызмет атқарады? а) көру мүшесі, б) есту мүшесі, в) сипап-сезу, г) барлық сезім мүшесі.
3. Қоршаған ортада адамның сезім мүшесінің нысана белгіні дәл табуына қайсысы көмек береді? а) көру мүшесі, б) есту мүшесі, в) сипап-сезу, г) дәм сезу.

Зерттеу жұмысының нәтижесін бақылау үшін тірек мектептерінің бастауыш сынып мұғалімдерінің портфолио жасауына және оның мұғалімнің жеке ерекшеліктеріне тиесілі екені ескерілді. Ең маңыздысы, мұғалім өзінің жұмысын талдай білуі керек, педагогикалық кәсіби іс-әрекетін де жүйелеп, өзіне өзі баға беріп, білім беруде сапалы нәтиже алуға талпыну қажеттігі ескертілді.


Портфолио – ұйымның (фирманың) немесе маманның (модель, фотограф, дизайнер, сәулетші және т.б.) ұсынылатын қызметтері туралы ұғым беретін жұмыстардың, суреттердің жиынтығы. Бұл термин түрлі салада кездеседі:

- мұғалімнің ақпараттық-кәсіби құзыреттілік бейнесін көрсететіндей деңгейде жасалып, өзінің педагогтік іс-әрекетін көрсететін фотопортрет болуы қадағаланды.

Зерттеу жұмысымыз нәтижесінде бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігі қалыптасқандығының көрсеткіші болып табылатын яғни өзіндік шығармашылық жұмысының портфолиосын құруға тапсырма беріліп, өзіндік жұмысын бағалаудың жаңа түрі қолданылды. Мысал ретінде бір мұғалімнің дайындаған портфолиосын келтіріп отырмыз.



Мұғалімнің өз білімін көтеру тақырыбы: Оқытудың жаңа ақпараттық және инновациялық технологияларын қолдана отырып, оқушыларды шығармашылыққа баулу. Бастауыш сынып мұғалімі Мәжібай Айдынның қолданылатын оқыту үдерісінде ақпараттық технологиялары, компьютерлік технологиялар.






**Іздену бағыты:** Оқушылардың білім алу барысында оқу іс-әрекетінде тапсырмаларды орындауда ақпараттарды саралап қолдануды меңгерте отырып, субъектілік қатынасқа түсе білетін, олардың рухани өсуін басшылыққа ықпал етіп, заман талабына сай қоғамда өз орнын таба білетін, бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастыру.

Мұғалім - адамның ардақты аты, Білімдік бар биікке шығар саты деген айдарда Мәжібай Айдынның шығармашылық іс-әрекетінің нәтижесінде ғылыми баспа беттерінде жариялаған мақаласын келтіріп отырмыз.

Эксперименттің қалыптастыру кезеңінде жоғарыда көрсетілген семинар бағдарламасы бойынша үш мектепте эксперименттік топтарға арнайы 30 сағаттық семинар ұйымдастырылды. Семинар бағдарламасы жоспар бойынша ұйымдастырылды. Әр мұғалімнің қолына семинар бағдарламасы таратылды. Семинар соңында мұғалімдерден қорытынды тест алынды. Алғашқы тест сұрақтарына қарағанда қорытынды тест сұрақтары күрделі болды. Нәтижесін төменгі кестеден көруге болады.

Кесте – 7 №45 қазақ орта гимназиясының гимназиясының бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігінің білім деңгейінің қалыптасуы

Топтар	Бағалау критериилері		
	«өте жақсы»	«жақсы»	«қанағаттанарлық»
	Орындаған мұғалімдердің саны		
Эксперименттік топ	9	11	3




Сурет – 7 №45 қазақ орта гимназиясының гимназиясының бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігінің білім деңгейінің қалыптасуының диаграммасы

Кесте – 8 №45 қазақ орта гимназиясының бақылау тобы мен эксперименттік топ бойынша алынған білім деңгейінің бағалануының қалыптасуы

Топтар	Бағалау критериілері		
	«өте жақсы»	«жақсы»	«қанағаттанарлық»
	Орындаған мұғалімдердің саны		
Эксперименттік сынып	8	5	3

Зерттеуіміз бойынша алынған нәтижелер төмендегідей диаграммада көрсетілген.




Сурет – 8 №45 қазақ орта гимназиясының гимназиясының бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігінің білім деңгейінің қалыптасуының диаграммасы

Кесте – 9 №46 қазақ орта мектебінің бақылау тобы мен эксперименттік топ бойынша алынған білім деңгейінің бағалануының қалыптасуы


Топтар	Бағалау критериілері		
	«өте жақсы»	«жақсы»	«қанағаттанарлық»
	Орындаған мұғалімдердің саны		
Эксперименттік сынып	10	4	1

Зерттеуіміз бойынша алынған нәтижелер төмендегідей диаграммада көрсетілген.




Сурет – 9 №45 қазақ орта гимназиясының гимназиясының бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігінің білім деңгейінің қалыптасуының диаграммасы

Эксперименттің алғашқы кезеңі мен қорытынды кезеңіде алынған нәтижелердің салыстырмалы түрде диаграммаға салып көрсек, айтарлықтай өзгерісті көруге болады.




Сурет – 10 №138 А.Б.Базарбаев атындағы гимназиясы бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігінің білім деңгейінің қалыптасуының диаграммасы

Келесі эксперименттік тірек мектебі №45 қазақ орта гимназиясының эксперименттік тобы бойынша салыстырмалы диаграммасы төмендегі серутте берілді.



Сурет – 11 №45 қазақ орта гимназиясы бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігінің білім деңгейінің қалыптасуының диаграммасы

№46 қазақ орта мектебі бойынша эксперименттік топтың көрсеткішін төменде келтіреміз



Сурет – 11 №46 қазақ орта мектебі бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігінің білім деңгейінің қалыптасуының диаграммасы

Эксперименттің қорытынды кезеңінде шыққан нәтижелер мен эксперименттің алғашқы нәтижелермен салыстырғанда көптеген өзгерістерді байқадық. Алынған мәліметтердің шынайылығын зерттеу үшін біз оларды математикалық әдістер арқылы сипаттауды жөн көрдік.

Соңғы жылдары математикалық әдістердің алынған ақпаратты, мәліметтерді өндеудің әдіснамалық негізі ретіндегі маңызы артып отыр. Себебі, кез-келген ғылым саласында математикалық әдістерді қолданудың нәтижесінде сол ғылымның қандай дәрежеде дамығанын көруге болады. Сонымен қатар математикалық әдістерді басқа ғылым салаларында да қолданады. Қазіргі күні математика «дәл ғылымдар» шеңберінен шығып, педагогика, психология, сондай-ақ басқа да гуманитарлық ғылым салаларына енуде.

Қазіргі уақытта психология мен педагогика ғылымдары өз дамуының, педагогикалық-психологиялық құбылыстардың сапалық жағы мен сыртқы сипаттамаларын ғана оқып-үйрену мен зерттеу жеткіліксіз болып табылатын деңгейіне қол жеткізді деп айтуға болады. Педагогикалық құбылыстар бағынатын үдерістер мен заңдылықтардың мән-мағынасына тереңірек үңіле түсу үшін сапалық талдауды сандық-есептік талдаумен толықтыра түсу қажет болады. Өйткені, талдаудың соңғы түрі педагогикалық заңдылықтардың механизмін түсінуге, оларды тиімді басқаруға және нақты болжамдар жасауға мүмкіндік туғызады.

Математикалық әрекеттерді орындау барысында бізге қандай да бір маңызды ақпараттарды жинақтауға, оларды белгілі бір топтарға бөлуге және ретке келтіруге, сондай-ақ осы ақпараттарды басқа мәліметтермен байланыстыруға және осының негізінде дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік

туғызатын қорытындылар жасауға тура келеді. Бұл іс-әрекеттердің барлығының да ғылыми-зерттеу жұмысының негізіне алынатын әрекеттерден айырмашылығы жоқ деуге болады. Өйткені, бұл іс-әрекеттердің қай-қайсысын алсақ та, олар қандай да бір тәжірибе барысында жинақталатын мәліметтерді өңдеуге, олардың арасындағы айырмашылықтың сипатын анықтау мақсатымен өзара салыстыруға және алынған нәтижелерден шығатын қорытындыларға негізделетін белгілі бір фактілерді алдын ала тағайындау мүмкіндік туғызады. Міне, математикалық әдістердің ғылымдағы, әсіресе гуманитарлық ғылымдардағы негізгі мақсаты осы болып табылады.

Қазіргі ғылыми әдебиеттерде «математикалық әдістер» терминінің орнына оның синонимі болып табылатын «статистикалық әдістер» термині жиі қолданылатыны белгілі болып отыр. Жалпы «статистика» термині латынның «status» деген сөзінен шыққан. Ол «күй», «хал-жай» деген мағынаны білдіреді. Статистика жеке ғылым саласы ретінде құбылыстың сан жағынан қалыптасу және өзгеру заңдылығын оның сапалық мәнімен байланыстыра зерттейді. Кейбір әдебиеттерде статистикаға мәліметтерді жинақтау туралы ғылым деп анықтама берілетіні белгілі. Ал, шетелдік ғалым Мак-Коннелдің пікірінше, статистика – ең алдымен ойлау әдісі, ал оны қолдану үшін азғантай ғана ақыл-ойдың болуы керек және математика негіздерін білу қажет деген екен.

Математикалық статистика – ғылыми және практикалық қорытындылар жасау мақсатында статистикалық мәліметтерді жүйеге келтірудің, өңдеудің және пайдаланудың математикалық әдістерін зерттейтін математиканың саласы. Эксперимент нәтижелерін математикалық тұрғыда сипаттаудың әдістемелерін негізінен үш топқа бөлінетіні бізге мәлім. Олар:

1. Сипаттамалы әдістер (орташа мәндерді бағалау әдістері, ауытқуды бағалау әдістері);
2. Индукциялық әдістер;
3. Корреляциялық әдістер.

Диссертациямыздың эксперимент нәтижелерін осы статистикалық әдістердің ішіндегі сипаттамалы әдістер бойынша сипаттайық.

#### *I. Орташа мәндерді бағалау әдістері.*

1. Арифметикалық ортаны табу. Топтастырылмаған статистикалық қатар үшін арифметикалық ортаны табу төмендегідей формула бойынша есептеп шығарылады:

$$\overline{M} \text{ – арифметикалық орта} \quad \overline{M} = \frac{\sum_{i=1}^n x_i}{n}$$

Кесте – 12 №138 А.Б.Базарбаев атындағы гимназиясы бойынша эксперименттік топтың пайыздық көрсеткішін төменде келтіреміз.

Экспериментке  
дейін

$$\overline{M} = \frac{4 + 3 + 4 + 3 + 3 + 5 + \dots + 3}{23} = \frac{81}{23} = 3,5$$

Эксперименттен  
кейін

$$\overline{M} = \frac{5 + 4 + 5 + 4 + 4 + 5 + \dots + 4}{23} = \frac{98}{23} = 4,3$$

№138 А.Б.Базарбаев атындағы гимназиясы бойынша алынған эксперименттік топ бойынша экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі шыққан нәтижелерінің арифметикалық орталары әртүрлі сандық көрсеткіш берді. Мәселен, эксперименттік топта экспериментке дейін 3,5-ке тең болса, эксперименттен кейін шыққан нәтижелерінің арифметикалық ортасы – 4,3-ке тең болды. Яғни эксперименттен кейінгі шыққан нәтижесінің арифметикалық ортасы 0,8-ге артып отыр. Бұл зерттеу жұмысымыздың алынып отырған міндеттеріне сай жүргізілген экспериментіміздің оң нәтижелі болғандығын көрсетеді.

Кесте - 13 №45 қазақ орта гимназиясы бойынша эксперименттік топтың пайыздық көрсеткішін төменде келтіреміз.

Экспериментке  
дейін

$$\overline{M} = \frac{3 + 4 + 3 + 3 + 5 + 3 + \dots + 3}{16} = \frac{56}{16} = 3,5$$

Эксперименттен  
кейін

$$\overline{M} = \frac{4 + 5 + 4 + 3 + 5 + 4 + \dots + 3}{16} = \frac{69}{16} = 4,3$$

№45 қазақ орта гимназиясы бойынша алынған эксперименттік топ бойынша экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі шыққан нәтижелерінің арифметикалық орталары әртүрлі сандық көрсеткіш берді. Мәселен, эксперименттік топта экспериментке дейін 3,5-ке тең болса, эксперименттен кейін шыққан нәтижелерінің арифметикалық ортасы – 4,3-ке тең болды. Яғни эксперименттен кейінгі шыққан нәтижесінің арифметикалық ортасы 0,8-ге артып отыр. Бұл зерттеу жұмысымыздың алынып отырған міндеттеріне сай жүргізілген экспериментіміздің оң нәтижелі болғандығына тағы да көз жеткізіп отыр.

Кесте – 14 №46 қазақ орта бойынша эксперименттік топтың пайыздық көрсеткішін төменде келтіреміз.

Экспериментке  
дейін

$$\overline{M} = \frac{3 + 3 + 4 + 3 + 3 + 4 + \dots + 4}{15} = \frac{49}{15} = 3,3$$

Эксперименттен  
кейін

$$\overline{M} = \frac{5 + 4 + 5 + 5 + 4 + 5 + \dots + 5}{15} = \frac{69}{15} = 4,6$$

№46 қазақ орта мектебі бойынша алынған эксперименттік топ бойынша экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі шыққан нәтижелерінің арифметикалық орталары әртүрлі сандық көрсеткіш берді.

Мысалы, эксперименттік топта экспериментке дейін 3,3-ке тең болса, эксперименттен кейін шыққан нәтижелерінің арифметикалық ортасы – 4,6-ға тең болды. Яғни эксперименттен кейінгі шыққан нәтижесінің арифметикалық ортасы 1,3-ке артып отыр. Бұл зерттеу жұмысымыздың алынып отырған міндеттеріне сай жүргізілген экспериментіміздің оң нәтижелі болғандығына тағы да көз жеткіздік.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру деңгейлерінің көрсеткіштері мектептің тәжірибесіне енгізілу тұрғыдан нақтыланды.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың нәтижесінде барлық пәндер бойынша білім мазмұнының көкейкесті өрісін ғана емес, оның іргелес өрісінде игеруге, бір пәннен алған білімін басқа пәндерде ғана пайдаланып қоймай, оны көшіре алу, білім мазмұны толық (барлық ұғым түсініктерді) игеру, өздігінен білім алу дәрежесіне жетіп, дүниені танып-білуге деген қызығушылық қарқынды оянып, танымдық белсенділігі артып, даралық-психологиялық детерминанттары дамып, оқу-танымдық, ойлау, қарым-қатынас іс-әрекеттері қалыптасып, орындаушы деңгейінен “ойдан шығарушы ”ізденуші”, “шығармашылыққа бейім тұлға” деңгейіне көтерілді. Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру нәтижесінде оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға бағытталған тәжірибелік-эксперименттің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес сараланып алынған тапсырмалар жүйесі мен оны іске асыратын ақпараттық технологиялары сараланды. Тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижесінде ұсынылып отырған әдістеменің тиімділігі біздің жұмысымыздың бекіту экспериментінде дұрыстығын дәлелдеді.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижесінде біздің ұсынған әдістемеміз көрсеткендей бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру олардың теориялық білімдерін нақтылау, шығармашылық ойлауға көшу, рефлексия құру, бақылау жүргізу машықтары

қалыптасып, өздігінен іздену, салыстыру, ақпараттық технологияларды меңгергенін көрсетті. Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру оқыту үдерісін ұйымдастыруда кәсіби әрекетте педагогикалық үдерісте ақпараттық технологияларды пайдалану белсенділіктерінің басым болуына ықпал ететіне баса көңіл бөлінді. Эксперименттік топтарда жүргізілген жұмыстарымыздың бақылау тобына карағанда нәтижесі жоғары екенін дәлелдеп, жоғарыда есептеп көрсеттік. Педагогикалық эксперименттік жұмыстардың нәтижелері зерттеу болжамының дұрыстығын дәлелдеп берді және ұсынылып отырған әдістеменің тиімділігін көрсетті.

Жүргізілген тәжірибелік-экперимент – жасалған ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеді, яғни бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру нәтижесінде олардың электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаның, барлық электрондық ресурстарды, электрондық кітапхананы, электрондық энциклопедияны, интернет көздерінен қажетті ақпарат көздерін саралап, сабақтың тақырыбына, мақсатына сәйкес пайдалануды меңгерді. Қорыта келе, бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық үдерісті ұйымдастыруда барлық пәндерді оқытуда яғни жаңа материалды меңгертуде өзін өзі жетілдіруі мен өзін өзі іске асыруда, өзін өзі ұйымдастыруы нәтижесінде ақпараттық технологияларды пайдалану мүмкіндіктерін ескере отырып, олардың ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру қажет,- деп санаймыз.



## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңында: “Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң талпынысы мен алғырлығын, негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған”, - деп атап көрсетілген. Бастауыш деңгей – мектепте білім берудің алғашқы сатысы, яғни бастауыш білім беру арқылы жалпы орта білім берудің келесі сатысына дайындау мақсаты жүзеге асырылады.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің өзектілігі әлеуметтік-экономикалық өмірдегі өзгерістермен, ақпараттық іс-әрекет сипатының кеңеюімен және ақпараттық білім беру нәтижесінде мұғалімдерінің ақпараттық технологияларды оқыту үдерісінде пайдалану қоғамның ұсынатын талаптарының артуымен негізделетіні анықталды.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері психологиялық және педагогикалық ғылыми еңбектерге жасалған талдау «кәсіби құзыреттілік», «ақпараттық-кәсіби құзыреттілік» ұғымдарына сипаттама берілуімен айқындалды. Ақпараттық қоғамда бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды жетік меңгеруіне қойылып отырған талаптар орта мектепте білім сапасын арттыруға негіз болады. Бастауыш сыныптарда оқыту үдерісінде кәсіби тұрғыда ақпараттық технологияларды пайдалану оқытудың тиімділігі мен динамикалық өсуін қамтамасыз етеді.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ерекшеліктері: ақпараттық технологиялар жайлы білімінің болуы; оқыту үдерісінде ақпараттық технологияларды пайдаланудың жолдарын білуі; оқыту үдерісінде ақпараттық технологияларды пайдаланудағы кәсіби құзыреттілігі; оқушылардың өзіндік жұмыстарында портфолиосын құрғызуымен анықталды. Бұл мұғалім мен оқушы арасындағы субъекті мен субъектілік қарым-қатынасқа негізделген педагогикалық үдеріс ретінде көрінеді. Зерттеу мәселесіне тұлғалық, құзыреттілік, жүйелілік, іс-әрекеттік, мәдениеттанымдық, акмеологиялық тұғырларын негізге ала отырып, білім беру нәтижелері ретінде бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастырудың ерекшеліктері анықталды.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық үлгісі элементтер жүйесінің құрылымын, мақсатын, мазмұнын, принциптерін, әдіс-тәсілдерін, оқыту үдерісінің формаларын, педагогикалық технологияларды пайдалану жолдары көрсетіліп, мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік компоненттеріне сәйкес

өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері айқындалды. Оқыту үдерісінде ақпараттық технологияларды пайдалану жүйесі ұсынылды.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың қазіргі жағдайына талдау жасалып, нәтижесі шығарылды. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігі» атты арнайы семинар бағдарламасы әзірленіп, эксперимент жүргізетін мұғалімдермен әдістемелік-семинарлар ұйымдастырылды. Шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдер тәжірибелері ортаға салынып, тәжірибе алмасуға мүмкіндік туғызылды.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мақсатын жүзеге асыру үшін ақпараттық технологияларды пайдалану әдістемесі ұсынылды. Ана тілі пәні бойынша 2-сыныптың электрондық оқулығын оқыту үдерісінде пайдалану іске асырылып, мұғалімдер ақпараттық құралдарды пайдалануға дайындығы жетілдірілді. 2-сыныптың ана тілі пәні бойынша танымдық, шығармашылық тапсырмалар жүйесі дайындалып, электрондық оқулық нұсқасында әзірленді; Мұғалімдердің өзіндік жұмысының нәтижесі ретінде мұғалім портфолиосы ұсынылды.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде алынған теориялық қағидалар мен ұсынылған әдістемелерді тиімді пайдалану, бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру туралы ғылыми болжамның дұрыстығына көз жеткізілді. Ғылыми зерттеу жұмысымыздың мақсаты мен болжамына сәйкес белгіленген міндеттер орындалып, белгілі нәтижеге көз жеткізілді. Теориялық қағидалар мен тәжірибелік-педагогикалық жұмыстардың нәтижесінде төмендегідей **ұсыныстар** жасалынды.

1. Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында білім жетілдіру курсының бағдарламасын жетілдіріп, ақпараттық технологиялардың барлық түрін меңгертуге бағыттап оны пайдаланудың әдістемесін үйренуге мүмкіндік туғызу;
2. Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға арналған семинар бағдарламасын мұғалімдер білімін жетілдіру институттарының жұмыс жоспарына енгізуге ұсыну;
3. Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдаланудағы жұмыстың нәтижелерін оқыту үдерісінде электрондық ресурстарды барлық пәндерден пайдалану арнайы зерттеуді қажет етеді.

Зерттеу проблемасы күрделі болғандықтан, оның барлық бағыттарын толығымен қарастырып шығу мүмкін емес, өйткені қоғам талабынан туындап отырған сұранысты қанағаттандыру білім саласының басты идеологиясы болып табылады. Ал оның барлығын бір ғана зерттеу проблемасының аясына сыйғызу мүмкін емес. Сондықтан зерттеу барысында алынған нәтижелер оны шешудің бір ғана жолы деп есептеп, бұл бағыттағы ізденістер бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру оқыту үдерісін шығармашылықпен ұйымдастыру.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы – Астана, 2010 жыл.
2. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандыру 2002-2004 жылдарға арналған тұжырымдамасы. – 2001 жыл.
3. Платон. Собрание сочинений. В 3 т. Т.1. – М.: Мысль, 1981.
4. Құнанбаев А. Қара сөздер. - Алматы: Өнер, 2006. – 118 б.
5. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Қазақ ҚСР ҒА баспасы, 1955 – 92 б.
6. Байтұрсынов А. Шығармалары. — Алматы: Жазушы, 1988. — 267 б.
7. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. -160 б.
8. Ушинский К. Д О народности в общественном воспитании. Собр.соч. Т.2. М.: Просвещение, 1965. – 492 с.
9. А.Байтұрсынов / Әліп-би (араб жазуынан көшір. ред. басқ Ұ.Асыллов) – Алматы, 1998. - 46 б.
10. Дьюи Д. Психология и педагогика мышления: / пер с англ. Н.М Никольской. – М.: Изд – во Лабиринт, 1999. – 192 с.
11. Уоллер У. Образования и школа: критическая оценка. – Калифорния: изд. Дональд Дж., 2006. – 120 с.
12. Мид М. Культура и мир детства. Избранные произведения. – М.: Наука, 1998. – С. 308-321.
13. Юнг К. Психологические типы. – М.: СПб., 1995. – С. 608-624.
14. Равен Дж. Педагогическое тестирование: проблемы, заблуждения, перспективы // Школьные технологии. – 1999. – С. 178-206.
15. Әл-Фараби. Таідамалы трактаттар. Арыс баспасы. 2000 – 87-89.
16. Махмұт Қашқари. «Түрік тілінің сөздігі» (Диуани лұғат-ат-түрік): көптомдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: ХАНТ баспасы, 1997, 1-том, 30 бет.
17. Нысанбаев Ә.Н. Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық: Психология ғылымындағы іс-әрекет теориясы. – Алматы: Таймас, 2005. – Т.2. – 480 б.
18. Есім Ғ. Философия //Кітапта Сана болмысы (Саясат пен мәдениет туралы ойлар). – Алматы: Ғалым. – 1996. – Б. 114-120.
19. Спенсер Г. Научные основания нравственности. Индукции этики. Этика индивидуальной жизни. – М.: Издательство: ЛКИ, 2008. – 248 с.

20. Вебер М. Исследования по методологии наук. – М.: ИНИОН, 1980. – 178 с.
21. Нұрышева Г.Ж. Философия: оқу құралы. – Алматы: Зият Пресс, 2006. – 204 б.
22. Зеер Э.Ф. Профессионально –образовательное пространство личности. – Екатеринбург: Рос. Гос. Проф. –пед.ун-т, 2002. - 126 с.
23. Роберт И.В. Новые информационные технологии в обучении: дидактическая проблема, перспектива использования //Информатика и образование.1991, №4, 18-25 б.
24. Хомский, Н. Аспекты теории синтаксиса / Н. Хомский – М.: Научный мир, 1972. – 180 с.
25. Хуторской А.В. Ключевые компетенции: технология конструирования // Народное образования. – 2003. – № 5.
26. Платонов К.К. Структура и развитие личности. - М.: Наука, 1972. - 216 с.
27. Кузьмина, Н. В. Акмеологическая теория повышения качества подготовки специалистов образования / Н. В. Кузьмина, - М.: Наука, 2001.- 210 с.
28. Маркова, А. К. Психология профессионализма / А. К. Маркова, — М., Высшая школа, 1996. - 170 с.
29. Қазмағамбетов А.Ғ., Кеңесбаев С.М. Білімді ақпараттандыру және оның болашақ мұғалімдерді дайындаудағы әсері //Тезисы докл. Межд. конф. «Развитие информационных технологий в высшей школе».- Алматы, 2003.
30. Баймолдаев Т.М. Педагогический менеджмент и современное управление школой / Т.М.Баймолдаев. - Алматы: Ғылым, 2001. - 136 с.
31. Нургалиева Г.К. Состояние и перспективы информатизации образования на основе информационно-коммуникационных технологий // Тезисы докл. IV Межд. форума «Информатизация образования Казахстана и стран СНГ». -Алматы, 2006.
32. Кулибаева Д.Н. Управление школами международного типа в условиях информатизации общества // Тезисы докл. IV Межд. форума «Информатизация образования Казахстана и стран СНГ». -Алматы, 2006.
33. Әлмұхамбетов Б.А. История становления и тенденции развития системы повышения квалификации педагогических кадров в Казахстане: автореф...д.п.н. - Алматы, 2002.
34. Бидайбеков Е.Ы. Развитие методической системы обучения информатике специалистов совмещенных с информатикой профилей в университетах Республики Казахстан: дисс. ... докт. пед. наук.: 13.00.02. – М., 1998.

35. Балықбаев Т.О. Теоретико-методологические основы информационной модели формирования студенческого контингента вузов: дисс. ... док. пед. наук: -13.00.01. – Алматы, 2003. – 298 б.
36. Қаламқалиев М.Қ. Мектеп оқушыларын еңбекке баулудағы техникалық шығармашылықты дамытудың педагогикалық негіздері: п.ғ.д...автореф. - Алматы, 1998.
37. Мухамбетжанова С.Т. Устойчивое развитие образования в условиях информатизации системы повышения квалификации работников образования // Тезисы докл.межд. научно-пр.конф.стран Центральной Азии и Казахстана-Алматы, 2007.
38. Сағымбаева А.Е. Информатиканы оқыту барысында оқушылардың білімін бақылау әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... дисс. :.13.00.02. –Алматы, 2004.
39. Нұржанова Ж.Ж. Валеологиялық білім беруді ақпараттандыру процесінде ересек жасоспірімдердің денсаулық сақтауға құндылық бағдарын қалыптастыру: п.ғ.к...дисс. - Атырау, 2002.
40. Медешова А.Б. Мұғалім - оқу үрдісін ақпараттық технология жабдықтары арқылы ұйымдастырушы // Бастауыш мектеп. - 2005. - №4.
41. Ермеков Н.Т. К проблеме обучения информатике в 12-летней школе // Сб. Научн.ст. IV Межд.форума «Информатизация образования Казахстана и стран СНГ» - Алматы, 2006.
42. Данаев Н.Т., Балақаева Г.Т. 2-6 сыныпқа арналған тестілеу бағдарламалары // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ математика және механика ғылыми зерттеу институты - Алматы, 2003.
43. Бекмағамбетова Р.К. Философские основы подготовки учителя начальных классов // Поиск. - 2002. №3. - С.222-224.
44. Ыбыраимжанов Қ.Т. Ахмет Байтұрсыновтың бастауыш мектеп жайлы педагогикалық мұралары.: пед. ғылымдарының канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дис. автореф. / Алматы, 2001. - 22 б.
45. Жанбубекова М.З. Жаһандану жағдайында болашақ бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың педагогикалық негіздері- Алматы, 2010.– 287 б.
46. Қосанов Б.М. Қазақ бастауыш мектебінде математиканы оқыту жөніндегі ғылыми-әдістемелік ой-пікірдің және дамуы (XX №. 30-жылдарына дейін): Пед.ғыл.канд. ...дисс. - Алматы, 1997. - 152 б.
47. Майғаранова Ш. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері: / С.Қалиев, Г.Нысанбаева, А.А.Бейсенбаева. - Электрон. текстовые дан. - Алматы : Білім, 2001. - 223б.
48. Мұханбетжанова Ә.М. Қазіргі білім беру жүйесінде педагогты кәсіби дамыту / А.Ө.Мұханбетжанова // Қазақстан жоғары мектебі. - 2012. - №1. - Б. 126-130.
49. Төлеубекова Р.К. Халықтық педагогика негізінде салауатты өмір сүруге тәрбиелеу / Қ.Қ.Абдилдаева // Білім әлемінде. - 2010. - №4. - С. 28-30б.

50. Аренова А.Х. Методика развития познавательных навыков в учебной деятельности школьников. – Алматы, 2003. – 128 б.
51. Барсай Б. Формирование готовности будущих учителей начальных классов к использованию современных информационных технологий обучения математике. дисс. ... канд. пед. наук: - Алматы, 2000.
52. Нағымжанова Қ.М. Бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ...дисс:13.00.01. – Алматы, 2002. – 26 б.